

# ҰЛАҒАТ

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Республикалық ғылыми-психологиялық және  
педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет  
1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.*

ҚАҢТАР

1

ЯНВАРЬ

АҚПАН

2011

ФЕВРАЛЬ

*Республиканское научно-психологическое и  
педагогическое издание товарищества с  
ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один  
раз в два месяца с июля 1994 года.*

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА, Мұзафар  
ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДІМАНОВ, Шәмша  
БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ, Ерғали  
ДАЙРАБАЕВ, Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Серғазы ҚАЛИЕВ,  
Жұмағали НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҮСҚАБАЕВ,  
Жәмила НАМАЗБАЕВА, Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА.

# МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

## *Ғылым ғаламында*

Әділет ҚАБЫЛОВ.	Мұхтар Мағауин прозасындағы ирония.....	3
Алтын ИБРАЕВА,	Межкультурная коммуникация в	
Аида БЕЙСЕНБАЕВА.	поликультурном образовании.....	14
Марат БЕКБОСЫНОВ.	Шернияз Жарылғасұлының	
	шығармашылық өмірі.....	25

## *Педагог тайымы*

Сағатгүл ТЛЕУОВА.	Оқушылардың дарындылығы мен	
	шығармашылық қабілеттерін анықтау	
	және оны дамыту жолдары.....	37
Күләш ЖЕТПІСБАЙҚЫЗЫ.	Дарынды жеке тұлғаның	
	шығармашылығын дамытудағы	
	жеделдетіп оқыту	
	бағдарламасының рөлі.....	46
Жаңагүл ТҮСЖАНОВА.	Тіл дамыту жұмысының тиімділігі.....	51
Рыскелді БАЙМАХАНОВА.	12 жылдық білім беру барысында	
	информатика пәнін оқыту арқылы	
	оқушылардың іздену әрекеттерін	
	жетілдіру.....	56
Жанат ҮМБЕТОВА.	Дәстүрлі технологияның	
	ерекшеліктері.....	63

## *Өмірмен өзектес өнер*

Майнұр БАЛТАБЕКҚЫЗЫ.	Сырнай ойнауға үйретуде жиі	
	кездесетін кемшіліктер және	
	оларды түзету мәселесі.....	66

## *Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе*

Шолпан САЛАМАТОВА.	Тірек-қимыл жүйесі.....	74
Мира ДОСЖАНОВА.	Желілі жануарлар.....	79
Назигүл НҮРЛАНОВА.	Сын есім шырайларын қайталау.....	84

## *Ұлттық ұлағат*

Зәуреш САҒЫНДЫҚОВА.	Бесік жырларының тәрбиелік мәні.....	89
---------------------	--------------------------------------	----

## *Мұғалімге көмек*

Алтын ҰСТАҒАЛИЕВА,	Қазақ тілі сабақтарында жаңа	
Ұлбосын МЕЛДЕБЕКОВА.	технологияларды тиімді пайдалану.....	95
Бақытханым ТАТАХАНОВА.	Қазақ әдебиетін оқытуда жаңа	
	технологияларды қолдану әдістемесі.....	103
Раушан ТУРАБАЕВА.	Шетел музыка әдебиеті пәнінен	
	тест сауалдары.....	113
Динара АЙМАҒАМБЕТОВА.	Жеке тұлғаға бағытталған тиімді	
	оқыту технологиялары.....	119

## *Балабақша бағында*

Лиза БЕКБАЕВА.	Тәуелсіздік - тұғырың!.....	126
----------------	-----------------------------	-----

## *В орбите дефектологии*

Каниза ДАУЛЕТОВА.	Нарушение чтения у младших	
	школьников с задержкой психического	
	развитие и методы коррекции.....	133

Әділет ҚАБЫЛОВ,  
филология ғылымдарының кандидаты.

## МҰХТАР МАҒАУИН ПРОЗАСЫНДАҒЫ ИРОНИЯ

Шығарманың жалпы мазмұнынан да, оның жекелеген компоненттерінен де, әсіресе, тілдік-стильдік даралығынан көрініп отыратын өнімді стильдік-көркемдік тәсілдердің бірі – ирония. XX ғасыр әдебиетінде ирония көркем бейнелеудің негізгі тәсілдерінің бірі болып отыр. Әдетте, ирония ой-пайым мен болмыстың арақатынасын өзектендіруге қабілетті болып келеді. Ирониктің ашып көрсететін немесе кекесін нысанасына алатын кез келген ұғым-түсініктері иронияның талқысына түсіп отырады. Өмір құбылыстары туралы кез келген ирониялық ой-таным концепция түрінде иронияның талдап-түсіндіруіне жатады. «Ирониялық шығарманы ирониялық емес шығармадан ажыратқысы келетін адам үшін, ең алдымен, ондағы концептуальдық ыңғай-амалдың болу-болмауы қызықтыруы керек. Қолданылатын амалдың формальды жағына емес, мазмұндық-концептуальдық жағына назар аудару - шығармада иронияның бар екенінің анық белгісі болып табылады» деп жазады Е.Третьякова [1].

Ойлаудың біркелкі емес кеңістігіне еркін еніп, адамдық болмысты күтпеген жағынан, басқа қырынан бейнелейтін иронияның бірегей, тосын әрі ойнақы

табиғаты ирониялық образдың көркемдік құндылығын тудырады. Иронияшыл жазушы - өзіндік тосын «көргіштік» қасиетімен, өмірді тану машығымен, бейнелеу мәнерімен ерекшеленетін талант. Иронияға концептуальдық таным, тіл шұрайлылығы мен тапқырлық тән болады. Концептуальдық таным көркем шығармадағы негізгі жетекші айқындаушы ойды жеткізудегі ирониялық колориттің басымдығы болса, ирониялық көркемдік модусты стильдік тіл шұрайлығы іске асырады. Ал өмір құбылыстары мен адам характерін ирониялық тұрғыда бейнелеуде суреткердің «көргіштік» қасиеті мен сол байқағандарын өткірлікпен суреттеп шығатын тапқырлық қажет.

Мұхтар Мағауиннің «Тұлымханның бақыты», «Коммунистік реализм» әңгімелерінде ирония шығарманың тұтас идеялық-көркемдік болмысының өзегін құраса, көптеген шығармаларында ирониялық баяндау әр түрлі аспектіде көрініп отырады. Жазушының «Жаңылысу», «Түнгі қонақтар», «Өткінші», «Күтпеген кездесу», «Тарпаң», «Архив хикаясы», т.б. әңгімелерінде ирония көркемдік пафос түрінде көрінеді.

«Тұлымханның бақыты» - отбасындағы келеңсіздікті, жұбайлар арасындағы моральға жат қылықты, отағасының түйсіксіздігін мысқылмен түйрейтін ирониялық әңгіме. Былай қарағанда, Тұлымхан - басқаға үлгі ететіндей, жайлы адам, ісіне мығым, өз жұмысын білетін жағымды кейіпкер: «Республикалық сауда мекемесінің қатардағы қызметкері Тұлымхан бақытты адам еді. Өзіне риза, өзгеге риза; заманға риза, осы заманда туғызған тағдырға риза». [2,150]. Оның әйелі Шәрипа да өзіне лайық, отбасын бағалайтын «қамқор

эйел, абзал ана». Оқырман ілкіде осындай отбасындағы идилиялық ахуалға сеніп қалғандай болады. Алайда, Шәрипаның жасырын жүрістері бірте-бірте әйгілене бастайды. Алғашында оны автор Тұлымхан мен Шәрипаның қызы Нәйланы суреттеу арқылы ишаралап өтеді. «Сенен аумайды, - дейді Шәрипа. Көзіне қарап қана айтатын болар. Тостаған көз. Басқа ешбір жері тартпаған. Керісінше, Тұлымхан тәмпіш танау болса, Нәйла қоңқақ мұрын...» [2,152]. Бірінші рет Тұлымханның іссапары мерзімінен бұрын бітіп, үйге тосыннан келгенде бөтен күжбандай қара бәтіңкені көреді. Бұл жолы әккі әйел айласын асырып сытылып шығады. Тағы бір жолы серуеннен ерте келгенде үйде басқа еркектің сырт киімін шешіп жатқанының үстінен түседі. Бұл жолы да Шәрипа сылтау таба қояды: бұлардың комбинаты үй салып жатыр екен. Жақында бөліске түседі. Бұл кісі (бастықтың орынбасары) Шәрипаның арызы бойынша үйлерін көруге келіпті...

Осындай отбасылық тұрмысты ирониямен бейнелеу арқылы нәті жуас Тұлымхандай иісалмас жандардың аңқау тірлігін әжуалайды. Шәрипаны отбасының игілігі үшін басқа жанмен көңілдес болып жүруі оның ойына да кіріп шықпайды. Өзінің отбасылық тірлігін дұрыс жолға қоя алмай жүрген мұндай жандардың ездiк, босбелбеу болмысын кекесiнмен кестелеп, азамат деген адамдарымыз осындай болса, қоғамның болашағы қандай болмақ деген сұраққа оқырманды жетелейдi. Тұлымханның «бақытының» сыры да осында жатыр: нақты ақиқат бар да, әркімнің өз көзімен көріп, көңілімен сенетін «өзіндік» шындық бар, әркімнің бақыт туралы түсінігі де сол өз түйгенімен өлшенетін болар.

«Тарпаң» әңгімесінде оқуға түсе алмай келген ауылдағы атақты сұлу Бәтiштiң ешкiмге мойын бұрмай жүрiп, ақыры екi әйел жiберiп, екi рет сотталып келген Жартыбайға тұрмысқа шығуының хикаясы баяндалады. Шығарманың идеялық өзегiнде өз қатарластарынан ешкiмдi менсiнбеген сұлуға деген ащы мысқыл жатыр. Әңгіме «таңдаған тазға жолығады» деген мақалдардың көркем тәпсiрленуi десек те, оның көркем уәждемелерi жеткiлiктi әрi автордың нәзiк те сезiмтал ирониясы шығарманың өне бойында өзiнiң ойнақылығымен оқырманын ойландырып отырады.

Авторлық пафос бұл шығармаларында адам бойындағы күнәлар мен кемшiлiктердi сөгуге емес, оларға жанашырлықпен, кейде мүсiркей қарауға бағдар жасайды. Жасықтық пен ездiктiң, өзiмшiлдiк пен өркөкiректiктiң тұтқынында жаншылып, адамдық, тұлғалық қасиетiнен айырылып бара жатқан азаматтың жағдайына мүсiркей қарайды. Осындай түрлi адамдық эмоциялардың жинақталуы баяндаудың ирониялық мәнерiн түзедi.

Жақсы достық қарым-қатынасты басқаша ұғынып, сүйедi деп сенiп жүрген жiгiттiң әйелi бар екенiн, оның босанғанын естiп, қапалыққа ұшырайтын Бибi («Жаңылысу»), шамасын бiлмей арақ iшкеннiң кесiрiнен жолдан адасып, түнде қонақтан шыққан үйiне таңда қайта оралатын Тоқмет («Түнгi қонақтар»), асып бара жатқан дарыны болмаса да, жағдайдың желеуiмен астанада ақын болып аты шығып, ауылына «танымал» болып қабылданатын жас ақын Уақас Жалбағаев («Өткiншi») образдарын сомдауда автор иронияның нәзiк иiрiмдерiн пайдаланып, өмiр құбылыстарын

оқырманға ойнақылықпен ұсынады.

Жазушы ирониясында, көбінесе, юмор жеделдесе жүреді. Автордың баяндауындағы ойнақы леп, тұрмыс көріністерін жіті бақылап, жеңіл әзілмен әдіптеп беруі шығарма астарындағы кекесін-мысқылмен астасып жатады. «Күтпеген кездесу», «Әже», «Жындыбас», «Болезнь Боткина», «Алтын тіс», «Тәртіпті азамат» әңгімелерінде өмірдегі кейбір жайларды ара-тұра ирониямен баяндай отырып, оқырманына осындай мін-мүлтіктерді риясыз мысқылмен жеткізеді. Бұл әңгімелердің сюжеттері тұрмыстық ситуацияларды ирониялықпен пайымдауға құрылады. Адамдардың қайсыбір идеялары мен қасиеттерінің жағымсыздығын, жөнсіздігін ашып береді. Автор адамдар қарым-қатынасындағы түрлі келеңсіздікті, түсініспеушілікті, болымсыз іс үшін алтын уақытты сарп ететін пендешілікті күлкі етеді. Бұл шығармалар өзінің сыншылдық қуатымен ерекшеленеді.

Жазушының кейінгі жылдары жазған «Доңыз жылғы балалық» цикліндегі «Пүркоралдың көк аты», «Ең әділ сайлау», «Гимн» әңгімелерінде кеңестік саясаттың солақайлығын өткір сынап, асыра сілтеумен даңғаза ұраншылдық, тырнақ астынан кір іздеген әсіре сақтық көріністерін ирониямен әшкерелейді. Бұл шығармалардағы оқиғалар бала көзімен беріліп, өмір көріністері бала санасы арқылы пайымдалады. Заман шындығы сол кезеңнің саясаты аясында қабылданып, ал ақиқат тұрғысынан ирониялық парадокске айналады. Мысалы, «Ең әділ сайлау» әңгімесінде кеңестік сайлаудың ауылға әбігер әкелген даңғазалығын, уәкіл Карлдің ұрда-жық әпербақандығын сыншылдықпен

суреттейді. Кемпірі өліп, сайлауға келе алмаған Жүніс қойшының қайғысын елемейтін уәкілдің безбүйректігі, сайлау науқанын қалай да жүз процент қамтамасыз ету жолындағы жұртты қорқытып әңгіртаяқ ойнатуы сенімді көрсетіледі.

Әңгімедегі ирония парадоксік амалмен де жүзеге асып отырады. Мұнда екі түрлі парадокстік қайшылықты атап көрсетуге болады. Біріншіден, кеңес сайлауының әділдігі, сайлау еркіндігі мен жасырын дауыс беру тәртібі және соған керісінше жасалатын амал-әрекеттер – әркімге-ақ таныс жайттар. Екіншіден, капиталистік елдердегі сайлау мен кеңестік сайлауды қарама-қарсы қою мен бұл пікірдің де іс жүзінде керісінше шығып жатуы да мысқыл-кекесінмен әйгіленіп отырады.

Жүніс қойшының сасып жүріп, абайсыздан сайлау бюллетенін жыртып алып, сол үшін ұсталып кетуі, тергеу бітер-бітпестен кенеттен қайтыс болуы әңгімедегі коллизияны дамытып, трагедиялық халге апарды. Жазушының ирониялық назары кеңестік саясаттағы сөз бен істің қабыспай жатуын, саяси ұстаным мен реалды өмірдің арасындағы терең қайшылықты ашып береді. Кеңес көсемдері туралы мифтің жалғандығын да «мақтамен бауыздайтын» иронияның көмегімен жарыққы шығарады.

«Архив хикаясы» әңгімесі - жазушының шағын прозадағы ерекше табысы. Әңгімеде шын таланттың өз мүмкіндігін халық игілігіне арнаудың орнына өзімшілдікке салынып, пайдасыз бәсекелестіктің құлына айналуы тәпсірленеді. Сәмет ақсақал мен Сембектің тірліктері нағыз ғалымнан гөрі халық қазынасына қара құлып салып отырған қарақшыға



келіңкірейді. Есіл дарынды дұрыс орнына жұмсамай, өзі де пайдаға жаратпай, өзгеге де қимай, қырық жыл бойы жинаған қазынасын ақыры өзінен әл кеткенде жыртып, суға ағызып, көзін құртатын Сәметтің «сырқаты» Сембекке де жұққан. Ғылымға берілгендікті, жаңалық ашуға талпыныс пен көп білу, артық дерек жинауға құштарлықты түсінуге болар. Алайда, ең қорқыныштысы - халық тарихына қатысты құнды деректерді өзі жарияламаса да, басқаның жариялауына жол бермеуі, рухани қазынаны ел архивінен тапқанымен өз «архивінде» тұншықтыруы. Ғылымды алға апаратын деген талантты адамдардың тірлігі осындай болса, ғылым қалай көгереді деген сауал жатады оқырманның көңілінде. Зая кеткен еңбек, пайда әкелмеген талант, босқа өткен ғұмыр шығарманың оқиғасы арқылы ашылып, оқыған жанды ашындырады.

Автордың баяндау мәнерінде Сәмет ақсақал мен Сембектің образдары реалистік қуатымен ерекшеленеді. Бұл персонаждар - қазақ әдебиетінде бұрын болмаған бейнелер. Шығарманың концептуальдық негізінде ащы мысқыл, адам тіршілігінің мағынасыздығына налыған өткір ирония жатыр. Авторлық концепция «Тоқсан мың жылқы айдап, бір бүтін шапан кимеген Қарабайдан қанша айырмаң бар? Қарабайды кешіруге болады. Өз малы. Ал сенің шкафқа тығып отырған дүниелерің кімнің малы? Сыртқа, жарық әлемге шығармай, ұстап отыруға қақың бар ма? Қазақ атаңның қазынасы. Ал сен - алтын қақпаға қара құлып салған қылмыскерсің. Өйткені, ғылым - филателия емес» [2,180] деген сөздерде жатыр. Автор ғылым адамын Сембектердің кебінен сақтандырып отыр.

Жазушының «Коммунистік реализм» әңгімесінің ирониялық тынысы заман шындығын жекелеген кейіпкерлер тағдырымен сабақтастыра қарастыруымен ерекшеленеді. Жарас кейіпкердің коммунистік идеяларға деген имандай сенімі сол қоғамнан сүйеу таппағаны былай тұрсын, тағдырын тәлкекке салғаны, ақыры жындыханадан шығып, бар өмірін адыра қылғаны «тағдыр тәлкегінің» («ирония судьбы») сипаттарын еске салады.

Бірге оқитын төрт жігіт - Бекет, Сәрсен, Баубек және Мадияр - пікірлес, өз ойын ашық айтып, түрлі тақырыптарды өзара талқылап отыратын саналы жастар. Бұлардың үстіне бір курс жоғары оқитын Жарас келеді. Енді бұлардың көрген күні қараң болуға айналады, Жарас өзінің саяси көзқарасын таңып, ақыл айтудан шаршамайды, баршаға таныс коммунистік идеологияны насихаттауға жанын сала кіріседі. Онымен де тоқтамай болашақ әдебиеттің идеологиялық тірегі - «коммунистік реализмнің» тұжырымдамасын жасауға кіріседі. Ол еңбегі «соцреализмді теріске шығарған» болып табылып, «май жеймін деп таяқ жеп», «социалистік қоғам мүшелерінің қауіпсіздігі үшін» оқшауландырылады.

Әңгімеде кеңестік саясаттың солақайлығы мен адам санасын улаған сорақылығы ешқандай боямасыз, қарапайым студенттер арасындағы күнделікті өмір суреттерімен кестеленеді. Озық ойлы, білімі мен түйсігі жоғары төрт студент бар да, оларға қарсы келетін (бәлкім тыңшы), санасы коммунистік идеологиямен уланған Жарас бар. «Қырық кісі - бір жақ, қыңыр кісі - бір жақ». Ирониялық колорит кейіпкер сөздерінен көрініп

отырады. Олар көбінесе коммунистік жалаң ұрандарды, кеңес елінің көсемдерін, кеңестік «жетістіктерді» жарнамалау, насихаттау, түсіндіру жолымен кекесінге айналып жатады. Мұндай толғамдар кейде өзінің мәнсіздігімен, қисынсыздығымен абсурдқа ұшыраса да, Жарас секілді біржақты ойлайтын кейіпкердің табандылығы арқасында «дәйектеліп» отырады. Мысалы мына диалогке назар аударалық.

« - Капитал әлемі қайыршылықтың шегіне әлі жетіп болған жоқ. Көрешегі алда, - деді Жарас.

- Сонда... қайтпас күрескер Никита Сергеевич «Американы қуып жетіп, басып озайық!» деп ұран тастағанда қалай болды? Қай жағынан басып озамыз? - дедім мен ескі жынымды ұстай алмай.

- Біз барлық жағынан озық емеспіз бе! - деді Сәрсен.  
- Сутегі бомбасын бұрын сынадық. Космосқа алдымен ұштық. Халықтың тұрмысы, өзің де айтып тұрсың, бізде тағы жоғары. Сонда неменеден қуып жетіп, басып озамыз?» [3,294].

«Коммунистік реализмде» кейіпкер сөздері арқылы кеңестік шындықты мадақтайтындай көрінетін, шын мәнінде керісінше ұғынылатын, астарына кекесін-мысқыл бүккен ирониялық оралымдар мол кездеседі: «...Әлде сен шошқаға да қарсымысың? Онда оқуға қалай түстің, емтихан, зачеттерды қалай тапсырып жүрсің, «Бес түлік малымыз бар - бірі шошқа» деген өлеңді білмей? Совет ақыны шығарған, совет колхозшылары айтқан. Оны қоя-ақ қой. Партия мен үкіметіміздің басшысы Никита Сергеевич Хрущев жолдас Алматыға келгенде не деп еді, интернационализм турасында? «Шошқаның майы мен жылқының етін араластырып,

«Дружба народов» деген колбаса жасаса... оны орыста, қазақ та сүйсініп жер еді!» Сен не, партиялық нұсқауды теріске шығармақпысың? Да здравствует «Дружба народов» колбасасы!» [3,296]; «Коммунизм! Бұрын алыс ертегі, көрінбес сағым болса, енді арбамен жетер жерде тұр. Айналасы жиырма жылдан соң - 1980 жылы босағадан аттаймыз. Не ішем, не кием демейсің. Жаппай теңдік. Бәрі ақылды. Бәрі - бір тілде сөйлейтін бір ұлыс өкілі. Капитал әлемі қирап, аштан өліп жатқан кезде жер шарының алтыдан бір бөлігінде - Совет Одағында осындай пейіш орнамақ...» [3,297].

Шығарманың ирониялық қуаты күшті. Ирония Жарас секілді коммунистік идеяларға жыға берілген студенттің ой-пайым, арман-мүддесіне қатысты қарқын алып отырады да, кейіпкердің сол идеяны өзінше дамытпақ болып «асыра сілтеген» әрекетінен туындайтын мәнсіздіктің құрбаны болуына ұласады.

Жазушының «Өмір жыры», «Жыланды жаз» хикаяттарында да оқиғаларды баяндау, характерді ашу арнасында өтімділігімен көрінетін ирония иірімдері, мысқыл-кекесіндік рефлексия ұшырасып отырады. Бұл шығармаларда ирония сюжеттік-композициялық деңгейде немесе персонаждар жүйесі тұрғысынан басымдық алмағанмен, авторлық баяндау мен тілдік фактураның бір саласы ретінде көрінеді.

«Қара қыз» хикаятының мазмұндық-идеялық өзегінде бас кейіпкер Бексейіттің өмірлік таңдауы (Айгүл мен Гүлжиһан) мен соған орай қалыптасқан тағдырына деген концептуальдық ирония жатыр. Бексейіт алғашқы жары Айгүлдің босанып, балалы болғанына бәлендей көңіл аудармауы, осы сәби

Сейітжанды жұмысына кесел келтіреді деп ұнатпай қарауы, Гүлжиһанмен арақатынасының хикаясы секілді оқиғалық желілердің баяндалуында, арада көп жылдар өткен соң қағаздарының арасынан табылған Айгүлдің хаты, эпилог орнына берілген Тілеужан ағаның хаты арқылы көрінетін Бексейіт тағдырына қатысты жайларда астарлы кекесін аңғарылады.

Хикаяттың басындағы Бексейіт пен Гүлжиһанның арасындағы диалогтегі Бексейіт сөздеріндегі: «Сенің әйелің жиырмада болса, менің күйеуім одан үш есе үлкен - тура алпыста еді деуді ұмытпа. Бұл да артықшылық» [4,46]; «Кісі танығыштығыңда қапы жоқ сенің. Күйеуіңмен айырылысуыңа себеп болған әлгі он сегіз жасар Эрик деген бала да тамаша жігіт еді-ау...» [4,47] деген репликалардағы ирония Гүлжиһанға бағытталғанмен, сөйлеушінің өзіне де қатысты сайқымазақтық қырымен де ерекшеленеді. Жазушы күлкісінің мұндай қыры туралы көрнекті ғалым Б.Майтанов былай деп жазады: «Кейіпкерлерінің өзіне-өзі немесе өзгеге қатысты кейде ызалы, кейде бейтарап әжуалай тіл қатуы М.Мағауиннің 1970 жылдарғы әңгіме, повесть, романдарында кездесетін. Бұл көркемдік-эстетикалық бағыт жазушының кейінгі туындыларында сайқымазақ-пародия тәрізді стильдік сипатқа жақын бедер тапты» [5].

Мұхтар Мағауин прозасындағы ирония тұрмыстық коллизияларды жеңіл юмормен қамтып, жанашырлық мысқыл, сыншылдық мәнермен талдап көрсететін сипатымен танылады. Автор нені жазса да тәуелсіз сана тұрғысынан адамшылдық пен мейірімділікті, әділет пен адалдықты жоғары қояды. Осы қасиеттерді

орнықтыруда аяққа тұсау болған ірілі-ұсақты жәйттердің қай-қайсысы да суреткер назарынан қалыс қалмай, сыншылдық нысанына алынса, бұл орайда ирония да өзіндік өрнегімен көрініп отырады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Е.Третьякова. Ирония в структуре художественного текста // Русский язык. №19 (73), 15.10.2001.
2. М.Мағауин. Екі томд.таңд.шығ. I том. А., «Жазушы», 1990.
3. М.Мағауин. Шығармалар жинағы. Әңгімелер. А. «Жазушы», 2007.
4. М.Мағауин. Екі томд.таңд.шығ. II том. А., «Жазушы», 1990.
5. Б.Майтанов. Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар // Қазақ әдебиеті. 29.10.2004.



**Алтын ИБРАЕВА,**  
к.п.н., профессор,  
**Аида БЕЙСЕНБАЕВА,**  
д.п.н., профессор.

## **МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ В ПОЛИКУЛЬТУРНОМ ОБРАЗОВАНИИ**

Современный этап развития мирового сообщества характеризуется расширением связей между государствами, усилением процессов глобализации, интернационализации, межкультурным диалогом,

научно-технической революцией в сфере информационных технологий и средств коммуникации. От моноцентризма и замкнутости человечество движется к культурному плюрализму и поиску гармоничного баланса между культурами.

Поиск модели педагогического воспитания в человеке культуросоздающего начала были одним из актуальнейших вопросов не одного столетия. Проблемы воспитания культурного человека отражены в концепциях тюркских мыслителей Аль-Фараби, Юсуфа Баласагуна, Ибн Сина, Махмуда Кашгари, Ахмеда Яссауи. Идея этих великих ученых отражалась в необходимости прививать терпимость, добродетель, смирение, каждому человеку полагая, что путь к истине и есть путь к богу.

В частности многие произведения Аль-Фараби («Трактат о взглядах жителей добродетельного города», «Книга о достижении счастья», «Указание путей счастья», «Гражданская политика», «Книга о войне и мирной жизни», «Книга изучения общества», «О добродетельных нравах»)[1] посвящены учению о теории общественного устройства, где в добродетельных городах господствует добро и справедливость, осуждаются зло и лицемерие. Добродетельным городам Фараби противопоставляет невежественные города, правители и жители которых не имеют представления об истинном счастье и не стремятся к нему, а уделяют внимание только телесному здоровью, наслаждениям и богатству.

Воспитание высококультурной личности, как цель воспитания, рассматривалась в трудах таких

выдающиеся педагогов и мыслителей как: Я.А. Коменский, В.А.Сухомлинский, М.М.Бахтин и В.С. Библер.

В своей программе «Пампедия» Я.А. Коменский, основываясь на концепции об общности людей, их потребностей и устремлений, рассматривает пампедию, как программу универсального воспитания всего человеческого рода, формирования у детей умения жить в мире с другими, выполнять взаимные обязанности, уважать и любить людей. В его лучших произведениях «Мудрость старых чехов», «Правила поведения, собранные для юношества в 1653 году», «Об изгнании из школы косности» ученый обосновывает важность гуманистического начала воспитания.

В этом отношении великий педагог В.А. Сухомлинский отмечает, что педагог должен стремиться «переложить в юные сердца нравственные ценности, созданные человечеством на протяжении многих веков» [2.33]

Положения М.М. Бахтина [3] и В.С. Библера [4] о человеке, как уникальном мире культуры, вносят свой вклад в роли педагогики в культурных процессах. Слово (мысль, познание) у Бахтина получает в диалоге бесконечное множество новых смыслов. Постигание собственного «я» идет через общение с другими. Концепция развития личности посредством постижения культур в исторических средах, диалог по вопросам их воспроизводства и взаимодействия приводит к осознанию культуры с ее многообразными проявлениями во времени и пространстве и определению человека в современном мире.



На основании культурно-исторической теории развития поведения и психики Л.С. Выготского, источники и детерминанты психического развития лежат в исторически развивающейся культуре. По мнению ученого, всякая функция в культурном развитии ребенка, появляется в двух планах: сначала в социальном, потом психологическом, сначала между людьми - как интерпсихическая категория, потом внутри ребенка, как интрапсихическая категория. Переход извне внутрь процесса развития психики, изменяет его структуру и функции. За всеми высшими функциями, их отношениями стоят реальные отношения людей общества[5].

Особую роль в воспитании личности такого качества как уважения к культуре отводят в своих трудах родоначальники отечественной педагогики Чокан Валиханов, Ибрай Алтынсарин и Абай Кунанбаев.

Чокан Валиханов в своих трудах [6] («Записки о киргизах», «Следы шаманства у киргизов (казахов)», «О мусульманстве в степи Киргизское родословие», «О кочевках киргиз», «Предания и легенды большой Киргиз-Кайсацкой орды» и др.) прославлял такие качества казахского народа как терпимость и мудрость, которые коренились не только в обычаях, но и в специфике воспитания.

Абай Кунанбаев был продолжателем дела Валиханова. Его творчество оказало большое влияние на развитие образования в Казахстане. Абай Кунанбаев отмечал, что истинному человеку и истинному народу чуждо злоба и алчность, и призывал воспитывать в подрастающем поколении дружеское отношение не

только внутри рода, но между родами и соседствующими народами.

Среди мыслителей и педагогов начало XX века основывавшихся на принципах гуманизма можно назвать А. Байтурсынова, М. Дулатулы, М. Сералыулы, М. Жумабаева, Ш. Кудайбердыулы, М. Кашимова, Н. Наушабаева, Машһур-Жусуп Копеева. После Октябрьской революции идеи воспитания в личности культуросоздающего начала явно прослеживались в произведениях Ж. Жабаева, Н. Байганина, М. Алимбаева, Н. Бекежанова, О. Шипина, К. Азербаета, а также в трудах С. Сейфуллина, Б. Изтолина, И. Жансугурова, М. Ауэзова, С. Муканова, Б. Майлина, К. Аманжолова, О. Сулейменова.

В своих работах ученые на первый план ставили важность воспитания в человеке гуманистических качеств основанных на культурных традициях своего народа.

Характерный для современного этапа развития цивилизации культурный диалог стимулируется политикой ряда международных организаций - ЮНЕСКО, ООН, Совет Европы, ОМЕР и др., которые разрабатывают соответствующие образовательные стратегии. Так, период с 2001 по 2010 годы провозглашен ООН Международным десятилетием культуры мира и ненасилия в интересах детей планеты.

В докладе Международной комиссии по образованию ЮНЕСКО в 1997 году было провозглашено, что воспитание и обучение должны содействовать тому, чтобы, с одной стороны, человек осознал свои корни и тем самым мог определить место, которое он занимает

в современном мире, а с другой -привить ему уважение к другим культурам. В документе подчеркнута двуединая задача: освоение подрастающим поколением культурных сокровищ собственного народа и воспитание уважительного отношения к культурным ценностям иных национальностей.

Образовательная политика Республики Казахстан учитывает глобальные тенденции и потребности современного общества. Более того, Республика Казахстан является многодиаспоральной страной, что ставит перед образованием задачу учета национальных различий населения. В этом отношении главная цель заключается в подготовке молодежи путем воспитания и обучения к будущей полноценной, безопасной, толерантной жизни в реальном многомерном и поликультурном пространстве.

В 1996 году в нашей стране была принята Концепция этнокультурного образования, которая определила его как «образование, направленное на сохранение этнокультурной идентичности личности путем приобщения к родному языку и культуре с одновременным освоением ценностей мировой культуры»[7].

В основе этнокультурного образования лежит осознание личностью своей культурной принадлежности. Лишь зная хорошо собственную культуру, человек может понять культуру других. С другой стороны, знакомство с другими культурами дает человеку возможность глубже понять собственную.

По мнению Schmidt U., основной задачей такого образования является развитие способности к

межкультурной коммуникации [8.137]. В настоящее время к традиционным определениям межкультурной коммуникации можно отнести:

- область, изучающая *взаимодействие индивидов* с различными образцами исторически производного поведения; межкультурная коммуникация — взаимодействие сторон с разным опытом; межкультурная коммуникация — это такой вид коммуникации, в котором отправитель и получатель принадлежат разным культурам» [9];

- совокупность специфических процессов взаимодействия людей принадлежащих разным культурам и языкам» [10]; процесс общения (вербального и невербального) между коммуникантами, являющимися носителями разных культур и языков [11].

При этом отмечается, что речь о межкультурной коммуникации, со всеми ее возможными сдвигами и ошибками, можно вести лишь тогда, когда партнеры по общению не только принадлежат к разным лингвоэтнокультурам, но и осознают факт чужеродности друг друга [11];

- общение людей, представляющих разные культуры» [12.14]; межкультурная коммуникация — это адекватное взаимопонимание двух представителей разных культур в коммуникативном акте [13.26].

- совокупность разнообразных форм отношений и общения между индивидами и группами, принадлежащими к разным культурам [14];

- непосредственный или опосредованный обмен информацией между представителями разных

лингвоструктур» [15].

Исследование сущности межкультурной коммуникации и различных подходов к данному понятию, позволило нам разработать следующие выводы:

- межкультурная коммуникация, как и всякая коммуникация, имеет как минимум *двусторонний характер*;

- межкультурная коммуникация, в большинстве случаев, имеет место не между культурами, а между индивидами и проявляется в форме межличностной коммуникации и осуществляется в различных формах;

- особенность межкультурной коммуникации видится в том, что культура в данном виде коммуникации, равна индивидам, вступающим в коммуникацию и которые носят различные культурные ценности;

- сфера исследования межкультурной коммуникации видится в изучении культуры другого народа для понимания его менталитета и использования этого знания в межкультурной коммуникации;

- трудность межкультурной коммуникации заключается в преодолении культурного барьера в процессе коммуникации;

- межкультурная коммуникация - это процесс, при этом каждая сторона имеет свою установку;

- цель межкультурной коммуникации, таким образом, устанавливается как - достижение успешности коммуникации, то есть полное осознание и понимание обоими сторонами коммуникации намерений своего партнера.

Исходя из вышеизложенного, очевидно, что далеко не каждую межкультурную коммуникацию можно квалифицировать, как коммуникацию между представителями разных культур, основанную на поликультурной основе. Исключением является, позитивистский подход к коммуникации. Данный подход, как линейный/механистический, покрывает большое количество тем, но при этом, не во всем может вскрыть *суть межкультурной коммуникации*, через четкие принципы.

Также существует точка зрения Халяпиной Л. П. о существовании поликультурной коммуникации, которая представляет собой «качественно другой уровень межкультурной коммуникации. Если межкультурная коммуникация - это взаимодействие между родной культурой и культурой носителя изучаемого языка, то поликультурная коммуникация - это взаимодействие родной культуры с любой другой культурой, которое осуществляется посредством языка глобальной коммуникации - английского, либо посредством других языков» [16.18].

Не устранив ценности этого подхода, теория межкультурной коммуникации может быть дополнена системным подходом (холизмом теории общих систем). И.Э.Клюканов одним из первых системно концептуализирует межкультурную коммуникацию.

В системном подходе коммуникация понимается как *целостный интерактивный процесс* между культурами. Задача такого подхода - не изолированное использование принципов межкультурной коммуникации (ценностей культур, власти и т.п.), а связанное видение *роли*

культурных переменных в процессах межкультурных взаимодействий. Такой подход обладает большей эпистемологической ценностью, экспланаторностью и *гуманистической ориентированностью*, легко трансформируются в прикладные отрасли[17].

В этом отношении нельзя не отметить подход к межкультурной коммуникации Б. С. Ерасов, который выдвигает два направления к данному феномену: инструментальный и понимающий. Первый нацелен на достижение *практического результата* (успешной адаптации индивидов в инородной среде и создание методики обучения эффективному межкультурному общению в конкретном контексте).

Второй дает возможность рассматривать изменения в культуре и личности, которые происходят в результате встречи с «иным», перспективы развития человеческой способности к межкультурной коммуникации, формирования личности - посредника между культурами. Основой этого подхода является идея необходимости сохранения *самобытности и в то же время взаимодействия культур*. Видение динамики межкультурной коммуникации с этих позиций предусматривает непрерывное развитие и совершенствование *качества общения, формирование позитивного отношения к различиям с целью роста взаимопонимания культур в разных сферах и на разных уровнях*[18, с. 443-444].

По нашему мнению, именно с этих позиций межкультурная коммуникация должна быть внедрена в учебный процесс.

## ИСПОЛЬЗОВАННЫЕ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Аль-Фараби. Философские трактаты. Алматы, 1970.
2. Сухомлинский В. А. Сердце отдаю детям. М. Педагогика, 1979.
3. Волошинов В.Н. (М.М.Бахтин). Марксизм и философия языка: Основные проблемы социологического метода в науке о языке. М.: Лабиринт, 1993.
4. Библер В.С. Школа диалога культур // Советская педагогика. 1988. № 11. С. 57-63.
5. Выготский Л.С. Педагогическая психология. - М., 1991.
6. Бегалин С. Чокан Валиханов. - М.: Наука, 1976.
7. Распоряжение Президента Республики Казахстан от 15 июля 1996 года №3058 «О Концепции этнокультурного образования в Республике Казахстан» - Алматы: Юрист, 2009.
8. Schmidt U., Interkulturelle Kommunikation und interkulturelles Lernen. In: Jahrbuch «Padagogik: Dritte Welt». Kulturelle Identitgt und Universalitgt. Frankfurt a.M.1987.
9. Samovar L. & Porter R. Interkultural communication: A reader. (7<sup>th</sup> ed.). Belmont: Wadsworth, 1994.
10. Халеева И.Н. Подготовка переводчика как «вторичной языковой личности» (аудитивный аспект), Тетради переводчика, Вып. 24, Москва, 1999.
11. Халеева И.И. Основы теории обучения пониманию иноязычной речи (подготовка переводчика) - М., 1989.
12. Тарасов Е. Ф. Язык и культура: Металогические



проблемы // Язык — Культура — Этнос. М., 1994.

13. Верещагин Е. Ж., Костомаров В.Г. Лингвистическая теория слова. М., 1990.

14. Садохин А.П. Введение в теорию межкультурной коммуникации. -М.: Высш. шк., 2005. - 310 с.

15. Абилова Б.А., Сахаин К. Проблемы межкультурной коммуникации -Алматы: 2007

16. Халяпина Л.П. Методическая система формирования поликультурной языковой личности посредством Интернет коммуникаций в процессе обучения иностранным языкам: автореф. Дисс.д-ра пед.наук.-СпБ., 2006.

17. Klyukanov I.E.A system approach to multicultural education, The Edge: the e-journal of intercultural relations, Vol. 1(2).1998.

18. Ерасов Б. С. Социальная культурология. - М.: Аспект Пресс, 1997.

---

**Марат БЕКБОСЫНОВ,**  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
«Абайтану» ғылыми-зерттеу  
орталығының аға ғылыми  
қызметкері, ф.ғ.к.

## **ШЕРНИЯЗ ЖАРЫЛҒАСҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРІ**

Шернияз Жарылғасұлы қазіргі Ақтөбе облысы, Қызылқоға ауданы, Сөрелі көлінің (Миялыдан 14 шақырым жер) жанындағы Жыраққұдық деген жерде

1807 жылы дүниеге келген. Кіші жүздің Кете руының Байқошқар, оның ішінде Айдардан тарайды. Ақынның әкесі Жарылғас – «шағын дәулетті» (Х.Сүйіншәлиев) ғана адам емес, би болған, молда болған, ауқатты шаңырақ иесі. Шернияз – арабша оқыған, хат таныған, сауатты ақын. Өлеңдерін ел ішіндегі дәстүр бойынша көбіне табан аузында суырып салып айтқандықтан, олар бізге ауызша таралып, айтушылар мен жинаушылар еңбектері арқылы жетті. Әкесі Жарылғас би, молда болса, өзі де молда, жұртқа шарифат жолын үйреткен тәрбиеші болған. Өзінің осындай әулеттен шыққанына ақынның мына өлеңі айғақ:

Руымды сұрасаң,  
Жеті рудың ағасы,  
Ақкетенің баласы.  
Жаз жайлауым сұрасаң,  
Тайсойған, Бүйрек арасы.  
Қыс қыстауым сұрасаң,  
Жем, Сағыздың саласы.  
Өзімнің атым – Шернияз,  
Жарылғас бидің баласы.

Бұл қысқа өлеңді Қазақ ССР ҒА Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған 1957 жылғы Батыс Қазақстан экспедициясы кезінде Балтабай Адамбаев жазып алып, институттың қолжазба қорына өткізген (142-бума, 7-дәптер, 11-12 б). Сөз өнеріне құмартып өскен ақынның:

Қызыл тіл сөз сөйлесем безерілген,  
Заманым жылдан-жылға шегерілген.  
Әр жерде алқа көрсем тұра алмаймын,  
Осындай қызыл тілге шеберімнен.

Өзім де сөз айтуға шебер-ақпын,

Сөйлеуге ернім епті емерілген, –

деп кейіннен өзі айтқандай, жасынан елге ақынның кішкене ділмәр шері атағы кең жайылған. Әдебиет тарихында Шернияз есімін өшпестей етіп қалдырған оның атақты «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» өлеңі бір төбе болса, ақынның өзге «Исатай мен Науша батыр туралы» оқиғалы жыры, толғау, термелеріндегі сыншылдық, турашылдыққа, сөзқағыс түріндегі импровизаторлық айтыстары мен арнауларындағы кекесіндеуге (иронияға, сарказмге) құрылған туындылары бір төбе.

Қажым Жұмалиев: «Институт мұрағатында Нұржігітұлының «Шернияз тарихы» және Жәмет жыраудың «Ақкете Шернияз өлеңі» атты қолжазбалары, тағы бірнеше ұсақ өлеңдері бар. Әсіресе құнды дерек деп Нұржігітұлының қолжазбасын атауға болады. Мұнда Шернияздың өмірімен байланысты оның әр жағдайда айтқан ұтымды қысқа-қысқа бір ауыз, екі ауыз өлеңдерімен қатар бұрынғы жинақтарда болмаған «Шернияздың Қазы би мен Әлен төреге айтқан сөзі», «Өмір туралы айтқаны» дейтін бірнеше жаңа өлеңдері бар. Бұл өлеңдері – Шернияздың көзқарасын айқындау үшін бағалы деректер» деп айтқанындай, ақынның шығармашылық өмірбаянына қатысты бұл материалдардың көпшілігі қазіргі күнде Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы М.Кәрібаев жинаған 879/3 шифрлы бумада сақталған. Шернияздың өткір тілді импровизатар ақын болып қалыптасқанын оның «Иапырмай манағы молда сен бе едің?», «Біз сізді іздеп келдік Баянас

деп», «Байсақал биге айтқаны» сияқты арнау, сықақты сөзқағыстары айғақтайды. Сөйтіп кесір мінез, кеселді қылықтарға қаны қас ақын 1836 жылы Ішкі Ордадағы Исатай мен Махамбеттің әділетсіз билікке қарсы көтерілген дабылын естіп, Бөкей Ордасына өтеді. Бұл жайлы Қажым Жұмалиев Жәмет жыраудан Нұртуған ақын арқылы жеткен: «Аққете Шернияз Исатайдың дабылына құмартып, сонымен таныс болуға әдейі іздеп барыпты» деген дерегін келтіреді. Ұлт азаттық күресінің басынан аяғына дейін Исатайдың жауынгер серігі, көтеріліс кезіндегі Махамбет, Сегіз серілермен бірге оның жалынды ұраншы, үгітшісі болған Шернияз Исатай қазасынан соң Махамбетпен бірге қайтадан қол жасақтау мақсатымен Хиуаға барады. Ол жақта істері сәтсіздікке ұшырап, еліне оралған ақын Әлімұлы, Байұлы, Жетіру елдерінде бой тасалап жүрген. Алайда Кіші жүздің сұлтан правителі Баймағамбет қуғынынан құтыла алмасын сезген Шернияз, Мәшһүр-Жүсіп, Қ.Жұмалиев, Х.Сүйіншәлиевтердің жазуы бойынша, Баймағамбетке өзі келсе, Сәбит Мұқанов Шашубай Қошқарбайұлы мәліметіне, І.Жансүгіров Қ.Мұхамедханов жазып алған Омарбек ақынның дерегіне сүйеніп, оны сұлтан айдатып алғандығы айтылады. Таң атар алагеуімде дүзге шыққан сұлтан алдына киімінен айырылып жалаңаш келтірілген ақын басындағы жалғыз тымағын біресе басына, біресе күздің суық ызғары өткен аяғының астына салып тұрып:

Ассалаумағалейкум, алдияр хан,  
Өлім десе қорқады шыбындай жан,  
Өлімнен қашып келіп қорғалаған,

Қуып жүр құйқылжыған құрғыр заман.  
Күміс сапты найзамын қияғыңа,  
Құдайдың түні суық, кәрі қатты.  
Жалаңаяқ, жалаңбас келіп тұрмын,  
Көзіңнің қырын салшы сияғыма! –

деп басталатын әйгілі өлеңін осы жерде айтады.

Бақ пен байлыққа бөккен Баймағамбет өз даңқын асыруды ойлап, Шерниязды үкімет жазасынан құтқарған қайырымды билеуші болып көрінуге барынша тырысқан. Сөйтіп, Шерниязға пана беріп, қасына алған. Патшаға жағынып Махамбет сынды ел арыстарының артына шам алып түскен сұлтан правитель бірнеше рет батырды қолға түсірмек болып, ел ішіне нөкерлерін жібереді. Шернияз соларға еріп жүріп, Махамбетке түрлі жолмен белгі, хабар беріп, тұтқынға түсуден аман алып қалып отырған. Шернияз бен Махамбеттің майдан даласындағы жауынгер достығымен бірге, көтеріліс басылғаннан соңғы ақындардың өзара әдеби байланыстарының да болғандығын айғақтайтын материал бар. Ол Махамбет шығармаларының 1925 жылы Халел Досмұхамедұлы, 1939 жылы Қажым Жұмалиев және 1974 жылы Берқайыр Аманшин құрастырып бастырған жинақтарға енген «Махамбеттің Шерниязға айтқан жұмбағы» атты жұмбақ айтыс мәніндегі Шернияздың Махамбетпен соңғы кездесуінде батырдың Шернияз үйінен аттанарда оған Шернияздың айтқан:

Көлдеуде көкала үйрек көзге ілікті,  
Молдалар шарифаттан сөз біліпті.  
Жолдасы ер Исатай, ер Махамбет,  
Сөз бар ма бізге айтқан ескілікті? –

деген сұрауына орай Махамбеттің Шернияздың ақындық алғырлығын сынап берген жұмбақ өлеңі бар. Ол жұмбақ өлеңінде Махамбет:

Арғымақ алты айшылық жер сойқаған,  
Өтерін бұл жалғанның кім байқаған?!  
Тас түлек темірді үзіп тепсінгенде,  
Ұшқанда бидайық құс көл шайқаған.  
Күн тұман, ай қараңғы, жортар құлжа,  
Шернияз, ақын болсаң мұны болжа.  
Ертеңнен күннің көзін мұнар шалған,  
Қос бүркіт бір тұйғынды олжа қылған.  
Он бүркіт, отыз аққу көлде жатқан,  
Лашын қанат қақпай дамылдатқан.  
Телегей теңіз тасып шайқалғанда,  
Жемсау құс тұғырында дәмін татқан.  
Болғанда тапа-тал түс күні басқан,  
Болғанда үш ай тоқсан көктеп жатқан,  
Болғанда үш ай шілде мұзы қатқан.  
Отыз қаз, он екі үйрек шыр айналып,  
Бір кезде көгі шығып, шешек атқан.  
Баласы Жарылғастың, ер Шернияз,  
Ақылмен осы сөзді ойлап тапсаң? –

дейді. Махамбет өмірі мен шығармашылығын зерттеуші, «Исатай» атты драманың авторы Берік Қорқытовтың «Атырау» басылымының 1990 жылғы 11 қазандағы санында жарияланған «Махамбет пен Тұрлан» атты шежірелі тарихи мақаласында Махамбет жұмбағының шешуін Шернияздың әкесі Жарылғас би былай шешкен екен деп жазған: «Арғымақ алты айшылық жер сойқаған» дегені – «Жәңгір ханмен жауласқанда атағымыз алты айшылық жерге жеткен

еді» дегені. «Ұшқанда бидайық құс көл шайқаған» дегені – «Исатай тірі жүргенде Жәңгір ханның дүниесін шайқап едік» дегені. «Ертеңнен күннің көзін мұнар шалған» дегені – «Исатайдан айырылып, жалғыз қалып, көкірегімді қайғы-шер басты» дегені. «Қос бүркіт біртұйғынды олжа қылған» дегені – «Арғы бетте Жәңгір, бергі бетте Баймағамбет екеулеп, қаңғып жүргенім сол» дегені. «Он бүркіт, отыз аққу көлде жатқан» дегені – «Жәңгірдің он биі, отыз старшыны» дегені. «Лашын қанат қақпай дамылдатқан» дегені – «Ханның сыртынан бағып тұрған патша өкіметінің ұлығы» дегені. «Телегей теңіз тасып шайқалғанда» дегені – «Орынбордан әскер келіп соғысқанда бүкіл ел шайқалды» дегені. «Жемсау құс тұғырында дәмін татқан» дегені – «Елді қанаған құныққан патша» дегені. «Баласы Жарылғастың, ер Шернияз, Ақылмен осы сөзді ойлап тапсаң» дегені – «Мұны әкең Жарылғас болмаса, сен таба алмайсың» дегені деп шешеді».

Бұдан соңғы Шернияз өмірі ел мүддесі, жұрт мақсаты болып, соған сай ел тарихын, Исатай ерлігін жырға қосып, Баймағамбеттен соңғы билеушілерді, адам бойындағы отарлық езгі әкелген кесірлі пиғыл, ниетті сын семсеріне алған. Ақынның ел тарихы, кіші Жүздің Сиық атасының шежіресіне арналған туындылары «Шернияз ақынның сөзі», «Шернияздың Шәріп Сығаев правительге айтқаны», «Шернияз» деп аталатын Құмар Жүсіпов, 1957 жылғы Батыс Қазақстан экспедициясы, М.Кәрібаев жинаған материалдар негізінде Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорындағы 336, 411, 879/3 шифрлы бумаларда сақтаулы. Олардың көпшілігі жинақтар,

зерттеулер мен оқулықтарда жарияланған. Ақынның «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» өлеңіндегі Исатайдың бейнелеген сөздерінен өзге Шернияздың «Исатай мен Науша батыр туралы» деген «Ақкете Шернияз өлеңі» атты Нұртуған ақын арқылы, кейін Нұртуғанның жиені Жәмет жырау арқылы алынған қолжазбадағы уақиғалы өлеңде (Қ.Жұмалиев «қысқаша поэма» деп атаған) Исатай бейнесін суреттеуге арналған. Онда Исатайдың өр мінезі, ер тұлғасы, ата тегі мен ағайын-туысы жайлы да мәліметтер бар. Осы жырда Шернияз Исатай мен Науша батырдың жауға қарсы күресі, соғыстың шешуші кезеңінде өткен бір кеңесте қос батырдың өзара араздасуының кесірінен қолдың екіге бөлінуі, жауға Исатайдың аз қолмен шабуы, Исатай өлімі, Исатай сүйегін Науша батырдың жау қолынан алып шығуы суреттеледі. Жырда Исатай образы сомдалатын кей шумақтардың үзінділері мынадай:

Ақсұр атқа оқ тиіп,  
Ақтобық атқа мінген соң,  
Итерді қолды ұршықтай.  
Түтін деген шаң шықты-ай.  
Талтүсте түсіп ұрысқа,  
Исатай батыр қырсықты-ай...

Сол уақытта арыстаным,  
Отыздан асқан жасында,  
Қайдақы бөркі басында,  
Ақ балдақ белдік белінде.  
Арғы атасы Ағатай,  
Бергі атасын сұрасаң,  
Есдәулет пенен Жағатай.



Өзінің атын сұрасаң,  
Батыр туған Исатай.  
Інісінің атын сұрасаң,  
Ырысалды, Қалдыбай.

Осы үзінділерден көріп отырғанымыздай, Шернияз – Исатайдың ел бостандығы жолындағы ерлік келбетін, азаматтық тұлғасын еш уақ аузынан тастамай өткен ақын.

Өмірінің жасы ортадан асқан шағындағы Шернияз өлеңдері – уытты сын-сықақ шығармалар. Мәселен, бірде өзіне сенген жас айтыскер ақын Қашаған Күржіманұлы Шерниязға кезігіп, асқақтай сөйлеп былай депті:

Менің атым - Қашаған,  
Денемді артық жасаған.  
Шынтуайтқа келгенде,  
Үш сиықты баса алам.

Сонда Шернияз:

Қашаған болсаң қияла,  
Бар күшінді аяма.  
Ұзын құйрық, жүйрік ат,  
Қашқанменен қоя ма? –

деп, Қашағанның аптығын бір ауыз сөзбен басқан екен.

Тағы бірде Шернияз сараң байдың жүдеу дастарханына:

Қонса қоныс бермейді сай дегенің,  
Мінсе мініс бермейді тай дегенің  
Үйіне қонақ қондырмас бай дегенің,  
Ішсе тамақ болмайды шай дегенің.  
Тыңдап отыр сөзімді бай дегенім,  
Құрып қап па осы үйде май дегенің? –

деп бата берген екен.

Шынайы өлең ақ жүректен туады. Ал ол қасиет тумысында, табиғатында, жаратылысында болмаса, өлеңге ой саламын, фәлсафа айтамын деу – арамтер. Шернияздың табиғатынан бар бұл қасиет оның жасы ұлғайып, ойы тереңге тартқан шағындағы өлеңдерінде айқын көрінеді. Шәйіп Нұржігітұлының қолжазбасы арқылы жеткен ақынның «Терме», «Өмір туралы» толғауларындағы риторикалық сұрай арнау әдісімен өмірді философиялық тұрғыда пайымдаған шығармаларынан сөзіміздің дәлелі ретінде бірер шумақтар келтіре кетейік.

Жұрт жабылып ішетін  
Айдын-шалқар көл керек.  
Көл жағалай қонуға  
Көкорай шөпті жер керек.  
Ел үстіне жау келсе,  
Көк бөрідей ер керек.  
Ер астына мінетін  
Бәйге бермес сұр керек!

Аттан аттың несі кем,  
Өзі тарлан көк болса?  
Ерден ердің несі кем,  
Айтқан сөзі берік болса!  
Көмексіз болса ер жігіт  
Жалғыз теңдік таба алмас,  
Жалғыздың ісі оңалмас,  
Көптің ісі жоғалмас.

Ай батқан соң, күн ортақ,  
Күн батқан соң, түн ортақ.

Алдыңғы өскен ағаға,  
Жақсы болса, іні ортақ.  
Жаман болса, кім ортақ?  
Сөз тыңдауға мен ортақ.

Асқардан ұшқан су бүркіт  
Еділдің аңын іле алмас.  
Өліп жатқан сұңқардың  
Жүніне қарға қона алмас.  
Кешегі айтқан көп жаман  
Бір жақсыдай бола алмас.  
Басыңнан ұшса дәулетің,  
Айналып қайта оралмас.  
Жақсысынан айрылса,  
Құр жамандар оңбайды.  
Андып жүрген дұшпаны  
Қанатын тігіп қомдайды.

Осы алынған қысқа үзінділердің өзінен-ақ біз  
ерлік пен елдіктің жолында ғұмыры күреспен өткен  
ер жігіттің алыстан бұлдырап көрініп, талып естілер  
дүбірлі дыбысын сезгендей әсерге бөленеміз. Сөйтіп,  
Алыш ақын:

Дәурені Шернияздың солай өткен,  
Қас батыр, қайран жақсы, талай кеткен.  
Фибрат көп бұл өлеңнен шығатұғын,  
Көз салып, ой жүгіртіп тұрсаң шеттен.  
Ақылсыз Баймағамбеттер елді сатып,  
Баласын қазақ сорлы тентіреткен.  
Саналы Исатайдай батырлардың  
Құрбан боп, халық үшін басы кеткен.  
Бұндай іс әр көкейден орын теуіп,

Ел аузынан бұл күнге келіп жеткен.  
Әңгімесін Шернияздың әнге салып,  
Ақындар неше түрлі өлеңдеткен,-  
деп бағалаған «Исатайдың Шерниязы» 1867 жылы  
қазіргі Ақтөбе облысы, Қызылқоға ауданының Шоты  
жайлауында өмірден өтті. Ақын зираты Мұқыр  
ауылынан 28 шақырым жердегі «Шернияздың ағы»  
деген қорымда. Ақын басындағы құлпытаста араб  
әрпімен аты-жөні, Кете руының таңбасы, туған және  
қайтыс болған жылы жазылған. Зиратты Шернияз  
ұрпағы Ахметжан Мәтжанов ғалым Берқайыр  
Аманшинге айтып, ол 1976 жылы зиратты арнайы  
барып көріп, «Шернияз ақынның бейіті» атты мақала  
жазған. Мақала «Қазақ әдебиеті» газетінде 1977 жылы  
21 қарашада жарияланды. Шернияздың осы ақындық  
ғұмырбаянына байыптап көңіл аударып қарағанда,  
ақын өмірінің екі кезеңнен тұратынын айқын  
аңғаруға болады. Оның бірі – көтеріліс, одан соңғы  
ел бостандығы жолындағы арпалыс кезеңді қамтитын  
1840 жылдарға дейінгі мезгіл, екіншісі – Баймағамбет  
сұлтанның қолына түскен кезден өмірінің аяғына  
дейінгі ғұмыры. Сондықтан да, ақын тағдырының қос  
кезеңінің ара жігінде шығарылған Шернияздың басты  
шығармасы «Баймағамбет сұлтанға» айтқан өлеңінде  
тарихи екі адамның бір-біріне қарама-қарсы образдары  
сомдалған. Қайым Мұхамедханов «Әйгілі шешен,  
ақын - Шернияз» мақаласында: «XIX ғасырда жасаған  
қазақ халқы ақындарының ішінде бір шығармасымен-  
ақ қазақтың кең байтақ даласына ерекше аты әйгілі  
болған - Шернияз ақын» - деп бағалап, осы туындыны  
жан-жақты саралап қарастырған.

Сағатгүл ТІЛЕУОВА,  
Қостанай қаласындағы  
Ы.Алтынсарин атындағы  
дарынды балаларға арналған  
мектеп-интернатының тәрбиешісі.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде «әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы – жеке адамның дарындылығын таныту» мәселесіне көңіл бөлініп, заң тармағына енуі – “болашақ кілті – жастардың қолында” дегенді танытатыны сөзсіз [1]. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында көрсетілгендей, білім беруді инновацияландыруға сай икемдеу үшін білім беру жүйесін ақпараттандыру талабы қойылып отыр. Заман талабына сай болу үшін еңбексүйгіштік аздық етеді. Білім берудегі жеке тұлғаны дамытуда дана және дара ойлай алатын дарынды бала қажет. Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі дәрежесіне сәйкес жүргізу, бір жағынан, қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді екеніне талас жоқ. Бүгінгі таңда мемлекет пен қоғамның алдында тұрған басты мақсат – Республиканың интеллектуалды әлеуетін

сақтау және қазақстандық азаматтан зиялы қауымды дайындау. Интеллектуалы жоғары, қоғамға жаны аши білетін азаматтарды дайындау мектеп қабырғасынан басталады. Ендеше, жаңа ғасыр мектебінің алдында тұрған міндет - дарынды балалармен жүйелі жұмыс жүргізу болып табылады. Дарындылықты дамытудың қазіргі кезде нақты бір белгіленген бағыты, жүйеленген әдістемелері немесе тәсілдері жоқ. Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар сілтеу - ата-ана мен мектеп алдында тұрған үлкен де жауапты іс. Соның ішінде әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта дамытуға, баланың болашағына ғана емес, қоғамның келешегіне жол ашатын тұлға, ол - ұстаз. Баланы заманына карай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту - бүгінгі күннің басты талабы. Дарындылық мәселесін зерттеушілердің еңбектері көп болғанымен, дарындылықтың мән-мағынасын, себептерін ашатындай бір ортаға тоғысатын ортақ пікірге келген тұжырымды кездестіре алмай келеміз. Дарындылық деген не? Ол туралы зерттеуші-ғалымдардың пікірлеріне жүгінер болсақ, педагогикалық энциклопедияда дарындылыққа мынадай анықтама берілген: «Дарындылық - белгілі бір әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі» [2]. Ал белгілі математик В.Крутецкий бұл мәселеге төмендегідей көзқарас білдіреді: «Егер қабілеттілік деген ұғымды жеке психикалық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық дегенді адамның ерекше қабілетінің

жиынтығының бірлігі деуге болады».

Педагогика, психология салаларындағы пікірлерді сұрыптай келе, біз баланың дарындылығы деп, оны өз құрдастарымен салыстырғанда бірдей жағдайда білім игеру деңгейінің шоғырлығымен аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілетінің байқалуы деп түсінеміз. Шығармашылық - өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін, өнім алуға мүмкіндік жасайтын, жеке тұлға бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктіліктің болуы десек, ал сонымен қатар бұл ұғымның мән-мағынасын аша түсетін «талант» деген сөздің бары белгілі, бұл ұғым өнерге қатысты көп қолданылады. Талант - қабілеттіліктің ең жоғары деңгейі.

Дарынды балаларды анықтау - баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ процесс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес. Бала бойындағы дарындылық пен шығармашылық оқу процесінде біртіндеп айқындала түседі. Халқымыздың «Бұлақ көрсең - көзін аш» деген ұлағатты сөзіне сүйене отырып, баланың қабілетін, дарынын ашу - ұлағатты ұстаздың міндеті деп санаймын. Сондықтан бала бойындағы ерекшелікті, қабілетті танып, дұрыс бағытқа салу - ел болашағының ертеңі жемісті болуының кепілі деп қарау керек.

Оқушылардың бойындағы дарындылықты анықтау - баланың дамуын таңдаумен байланысты ұзақ процесс. Осы айтылғандарды ескере отырып, бала бойындағы дарындылық пен шығармашылықты анықтаудың мынадай ұстанымдары тұжырымдалды:

1. Баланың қызығушылығы мен бейімділігіне

барынша сәйкес келетін қызмет аясында баланың іс-әрекетіне талдау жүргізу;

2. Дамытушылық ықпал ете отырып, баланың психологиялық кедергілерін жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді пайдалану;

3. Баланың дарындылық белгісін оның психикалық дамуының нақты деңгейінде ғана емес, сондай-ақ оның болашақтағы даму мүмкіндігін де есепке ала отырып бағалау;

4. Жұмыс нәтижесін талдау, бақылау, әңгімелеу, мұғалімдер мен ата-аналардың сипаттамалық бағалары;

5. Түрлі ақпарат алу көздерін пайдаланып, бала қабілеттерін кең көлемде қамтуға мүмкіндік беретін баланың мінез-құлқы мен іс-әрекетін жан-жақты бағалаудың кешенді сипаты. Білім беру жүйесінде жаңаша мазмұн беру арқылы жан-жақты дамыған шығармашыл, рухани ой-өрісі кең жеке тұлғаны тәрбиелеу міндеті тұр.

Ал, енді, дарынды оқушымен жұмыс істеудің мақсатына келер болсақ, заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер жүзеге асуы қажет: біріншіден, қабілетті оқушымен жеке жұмыстар жүргізу арқылы білім дәрежесін, ой-өрісін үнемі дамыту жұмыстарын жүргізу қажет. Осыған орай, оқу бағдарламасын тереңдетіп, оқушының танымдық белсенділігін дамыту жұмыстарына назар аудару керек. Екіншіден, оқушының ойлау қабілетін жетілдіру, шығармашылық жеке дарындылығына көңіл бөлу,



шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыруды мақсат етіп қойған жөн. Бұл мәселеде баланың қызығушылық қабілетіне көңіл бөлінуі тиіс деп ойлаймын. Педагогика ғылымының атасы В.Сухомлинскийдің мына пікірі де осы сөзімізді растай түседі: «Кішкентай адамның рухани әлемін оқуға ғана жетелеуге болмайды. Егер біз баланың бар күшін сабаққа жұмсауға ұмтылсақ, оның өмірі төзгісіз болады. Ол оқушы ғана емес, ең алдымен, сан қырлы қызығушылығы, сұранысы, ынтасы бар адам болуы керек» [3].

Дарындылықтың табиғаты шексіз. Зерттеушілік, ізденушілік - бала табиғатына тән құбылыс. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез.

Педагогикалық үрдісте балалардың дарынын ашуда оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығы қажет деген қағида бар. Зерттеу білігі мен дағдысы тек ғылыммен айналысатын адамға ғана емес, сондай-ақ әр адамның түрлі саладағы қызметіне қажет.

Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзінің ізденуі арқылы жетуге жол ашуы керек.

Қазіргі кезде қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық саласында түбірлі өзгерістердің болуына байланысты білім жүйесінде де, ойын мазмұны мен оқыту әдістемесінде де үлкен жетістіктерге жетіп отыр.

Шығармашылық - зерттеу тәртібінің маңызды

сипаттамасы. Адам шығармашылық нәтижесіне ғана қанағаттанып қалмай, шығармашылықпен зерттеу ізденушілігінің өзінен де ләззат алуға қабілетті.

Психологтар «зерттеу тәртібін» тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуда маңызды деп көрсетеді. Шынында да, ізденушілік белсенділігі төмендеген сайын адам қолынан еш нәрсе келмейтін сияқты үрей туғызатын жағдайға тап болуы мүмкін. Баланың білімге деген ынтасы басылып, нәтижесінде өзінің қабілетін, мүмкіндігін әлдеқайда төмендетіп алуы ғажап емес.

Дарынды оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Солардың ішіндегі ең тиімдісі - оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру. Мектепте оқушының ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет. Бала қойылған проблеманы тұтастай көре біліп, оған байланысты болмыс сырларын көптеп шешуге, белгісіз нәрселерге зер салып, қызығады, түсініксіз нәрсені білуге ынтазарлық, түрлі сұрақтарға жауап іздеп, ой әрекетімен шұғылдануға бейім келеді.

Сондықтан мектеп оқушыларының дарындылығын дамыту жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру басты мақсат, ғылыми мәселе болып табылады. Бұл мәселенің шешілуі үшін дарынды оқушымен жұмыс істейтін мұғалімге қойылатын талаптар да баршылық. Мәселен, дарынды оқушылармен жұмыс істейтін ұстаздар бұл мәселенің әлеуметтік қажеттілігін сезінуі қажет,

оқушыны жақсы көруі аздық етеді, оларды қызықтыра білуімен қатар, өзіне деген сенімді нығайта білуі керек. Сонымен қатар, дарынды оқушымен жұмысқа тұрақты қызығу таныту және нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай іздене білуі де маңызды рөл атқарады. Ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істей отырып, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу қажет. Бұл мәселеде ұстаздың білімділігі мен біліктілігіне үлкен талаптар қойылатыны анық. Өз пәнінің білгір маманы болуымен қатар білім беру саласындағы жаңа үрдістер мен технологияны жетік меңгеруі, жеке тұлға теориясын, оны қалыптастырудың әдіс-тәсілін білу, оқушының ғылыми-ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік ете білуін талап етеді.

Мектеп - еліміздің халыққа білім беру жүйесінің күрделі тармағы. Сондықтан мектебіміздің мақсаты: жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың алғы шарты ретінде оқушыларды сараптап оқыту арқылы шығармашылық қабілетін дамыту.

Баланы, ұрпақты текті ететін - ата-ана, ал тәрбиелі, көреген жасайтын - ұстаз. Еліміздің жарқын болашағы, өзіміз қызмет істеп жүрген мектеп болашағы біздің ұстаздардың ізденісіне, балаларға деген сүйіспеншілігіне, кәсіптік деңгейіне байланысты екенін жақсы түсінеміз. Шындығында, мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр.

Оқушы бойындағы шығармашылық қабілетін дамыту бағытында мына мәселелерге назар аударылуы қажет:

- қоршаған ортаны сезе білу, құбылыс себептерін

іздей білу;

- ақыл парасатты игеріп, ойлау, сезім қабілеттерін арттыру;

- алдына мақсат қоя білу және жетуге ұмтылу;

- өзін-өзі талдауды, өзін-өзі бағалай білуді

меңгерту;

- басқа адамдармен қарым-қатынас жасай

білу, осы заманға сай технологияларды пайдалана

білу (интернет, электронды пошта);

- қоршаған ортада өз орныңды, жеке рөлінді

анықтай білу.

Оқушы бойындағы шығармашылық қабілетін

дамыту барысында жүргізілетін жұмыстарда мұғалімге

қойылатын басты талаптардың бірі деп мына

өлшемдерді атар едім:

- сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды

пайдалану;

- сабақты түрлендіріп өткізу;

- сабақта оқушылардың өздері жасаған суреттер,

схемаларды пайдалану;

- техникалық құралдарды тиімді қолдану;

- сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді

көрсету.

Елбасының Қазақстан халқына арналған

Жолдауында “Біздің болашақтағы жоғары

технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері

үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет»

деген сөздері бар. Демек, оқушылардың ғылыми

зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру,

шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы

тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу - мектептің

басты бағыттарының бірі. Бұл салада атқарылатын жұмыстар жетерлік.

Мектеп жүрегі - ұстаз, баланың болашағына жол ашатын да - ұстаз. Ұлы ойшыл Плутарх кезінде былай депті: "...Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұпарды есекке айналдырып, құртып тынады". Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.

Ой қорытындысын қазақтың белді азаматтарының бірі, ұлт тағдыры терең толғандырған белгілі тарихшы жерлесіміз, академик М.Қ.Қозыбаевтың мына сөзімен аяқтағым келеді: «Ұстаз - заманының соңында, не болмаса, оған ілесіп қана жүрген жан емес, өз заманынан озық жан. Ол үшін тәрбиеші білімді де, білікті болуы абзал. Ұстазына қарап оқушы ой ғана түземейді, бой түзейді, жанындағыны ғана көрмейді, алысқа, қияға қанат сермейді. Ол болашаққа көз тігеді. Көреген ұстаз болашақты болжайды, шәкірт жүрегіне жол табады» [4]. Әрине, артқарылған істер аз емес. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар -білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, оқушы бойындағы дарындылық пен шығармашылық қабілетін арттыруға жағдай жасау, дарынды оқушылардың ғылыми - ізденіс қабілеттерін қалыптастыру шараларын түрлендіре жүргізу.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. ҚР Білім туралы Заңы. Астана. 2004 ж.
2. Ю.Д.Бабаева. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и

одаренности. - М, 1997г.

3. В.А.Сухомлинский. Сердце отдаю детям. - М., 1969 г.

4. М.Қ.Қозыбаев. Жұлдызым менің. -Алматы, «Арыс», 2001ж.

### **Резюме**

В статье рассмотрены педагогические подходы к определению личности одаренных детей. Так же виды работ с одаренными детьми и требования к учителю, работающему с одаренными детьми.

### **Summary**

Pedagogical approaches are considered In article to determination of the personalities gifted. In the same way types of the work with gifted and requirement to teacher, working with gifted.



**Күләш ЖЕТПІСБАЙҚЫЗЫ,**  
Облыстық дарынды балаларға  
мамандандырылған гимназия-интернатының  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

## **ДАРЫНДЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЖЕДЕЛДЕТІП ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РӨЛІ**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңының» 1 тарауында «Жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту қажет» деп

көрсетілген. Неге қабілетті оқушыларға соншама көңіл бөлінеді? Демек, дарындылыққа тән ақыл, ой, білім, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді бойына сіңіріп, дұрыс бағытта тәрбиленген адам, елінің өркендеуіне пайдалы үлес қоса алатыны сөзсіз.

Жеделдетіп оқытудың мақсаты оқушылардың жеке бас ерекшелігіне қарай қабілетін аша отырып, пәнді теориялық әрі практикалық жағынан сараланған түрде тереңдетіп оқыту, ауызша сөйлей білу, жазу мәдениетін жетілдіру, өзіндік ой-пікірін дамыту. Жеделдетіп оқытуың мәселе болғандықтан, көп ізденісті қажет етеді, білім беру жолында шығармашылықпен жұмыс істеуді талап етеді.

Модульдік технологияның ұтымды жері - оқу барысында қандай нәтижені күтіп отырғаныңды алдын ала жоспарлап, бүкіл оқу үрдісін сол бағытқа икемдеу. Модульдік технология арқылы оқыту барысында оқулықтағы тақырыптардың әр компоненті бір жүйенің бөлшектері ретінде қарастырылады. Модульдік технология бойынша оқушыларды бағалаудың өз ерекшеліктері бар. Тапсырма әр сабақта үш деңгейде беріледі:


- Орташа деңгей;
- Мүмкіндік деңгей;
- Шығармашылық деңгей.

Жоғарғы деңгейдегі әрбір тапсырма оқушылардан шығармашылықты талап етеді және оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін арттырып, оларды өз беттерімен жұмыс істеуге дағдыландырады.

Модульдік технологияның тиімділігі:

- оқушыларға қолайлы жағдай туғызу;

- шығармашылық жұмыс істеуге бағыттау;
- нәтижелігі;
- білім сапасының артуы.



Жеделдету бағдарламасы бойынша 10 оқушымен жұмыс жүргіземін де, сабақ барысындағы оқушылардың жауабы мен бақылау жұмыстардың қорытындысын салыстыру арқылы тұлғаның есте сақтау қабілетіне, білім-білігіне, зейініне, жауапкершілігіне назар аударамын.

Жеделдету бағдарламасының жоспарын Республикалық, облыстық және қалалық олимпиада талаптарына сәйкес құрастырамын. Олимпиаданың басты мәселелерінің бірі - шығарма жаза білу. Шығарманың дұрыс жазылуына қойылатын талаптар: сөздік қорының молдығы; синоним, антоним, омоним, тұрақты сөз тіркестерін тәжірибе жүзінде қолдана білуі; сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс пайдалануы; терең ойлы пікір жаза білуі; өз ойын грамматикалық тұрғыдан дұрыс, логикалық бірізділікпен жеткізе білуі.

Осы талаптарды жүзеге асыру тек қана жазылған әрекет арқылы емес, сонымен қатар оқылым, тыңдалым, айтылым әрекеттерінің негізінде іске асады.

Жеделдету бағдарламасының бірден-бір ерекшелігі - оқушының дербес жұмыс істеуі.



Оқушы өзіне ыңғайлы уақытта өздігімен келесі берілген алгоритм бойынша шығарма жазады. Берілген ақын немесе жазушы шығармашылығымен толық танысып, поэманы немесе романды оқып шығады, бейтаныс сөздерді түсіндірме, фразеологиялық, синонимдік, т.б. сөздіктен қарап, сөздіктермен жұмыс істейді, қосымша материалдарды қарастырады, алған білім-білігіне сүйеніп, өз бетінше шығарма жазады да, мұғаліммен бірге талдап, түсіндіреді.

Мәнерлеп оқу жұмысын Абай педагогикасының негізіне сүйеніп жоспарлаймын. Ұлы ақын «Поэзия адамды қанаттандырып, жүрек сезімталдығын оятады, ал оны тек ойлы құлақ естиді» деген.

Осы себепті қазақтың атақты ақын, жазушыларының шығармалары арқылы оқушылардың көркемдік ойлауын, мәдениетін, туған еліне деген сүйіспеншілігін қалыптастырумен қатар, мектепішілік, қалалық сайыстар, концерттер, қойылымдарға дайындау мақсатын көздеп отырамын. Осыны жүзеге асыру жолындағы ұстанымдарым:

1. Репертуар таңдауда тұлғаның жас ерекшелігін, мінез-құлқының болмысын, дикциясын, қабылдау қабілетін ескере отыра, дербес формалық қарым-қатынас негізінде жүргіземін.

2. Орфоэпиялық нормаға сай мәнерлеп оқып беруін қадағалаймын және мәнерлеп оқуда кездескен қиыншылықтарды жою жолдарын көрсетемін.

3. Дайындап келген мәтін бөлігін оқығанда, логикалық кідіріс, мимика, қимыл-әрекеттері, дауыс ырғағы, сөздің фонетикалық тұрғыдан дұрыс айтылуы сияқты іс-әрекеттерді қалыптастыруға назар аударамын.

4. Жаттап келген шығарманы алдында айтылған талаптарға сай кідірместен оқып беруін тексеріп, сахнада өзін еркін ұстай білуін үйретемін.

Осымен қатар, көркем әдебиет бойынша оқырмандар конференциясын өткізіп, тек қана кейіпкерлер бойынша талдау жүргізбей, қазақ тілінің грамматикасына әсіресе, лексикасына әрі әдебиет теориясы бойынша лингвистикалық статистикаға жан-жақты талдау жасатып, оқушылардың кемшілігі болса, бір-біріне сын айтқызып, материалды терең талдап, өзіндік пікірін дәлелдеген оқушыларға жылы лебіз білдіремін.

Еңбектің табыс қуанышын сезінбеген адам ешқашан өмірде үлкен жетістікке жетпейтіні туралы, ғалым Глассер айтқандай, тұлғалардың танымдық белсенділігін арттыруда табыс жағдаятын туғызу әдістемесін кеңінен пайдаланамын.

Жеделдету бағдарламасымен жұмыс істеген уақытта да адамның туыстан берілетін анатомиялық-физиологиялық белгісі де ерекше орын алады, сонда да қабілеттің қандай түрі болсын өлшеусіз ерен еңбектен туындайды. Маңдай тер төгілмейінше, ешқандай қабілет өз мәніне ие болмайды. Қабілеттілік - адамның өз бейімділігі арқылы шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет.

Белгілі психолог Н.С.Лейтес қабілетті болатын негізгі қасиеттері мыналар деп көрсетеді:

- ұқыптылық, жинақтылық, зейіннің тұрақтылығы, еңбек ету қабілетінің жоғарылығы;
- ақыл-ой, логикалық ойлауының тездігі, кез келген жағдайды талдап салыстыра білуі;
- барлық күш-қуатын жұмсап тынымсыз еңбек етуі;

Жеделдету бағдарламасында осы қағидаларды басшылыққа ала отырып, кез келген баланың бойындағы қабілетті үздіксіз еңбек әрі мұғалімнің жалықпай жұмыс істеуінің нәтижесінде ғана жүзеге асыруға болады. Мысалы, З.А.Мальковтың «Современная школа США» кітабында оқушының жеке қабілетін анықтау үшін интеллектуалдық «айкью» деген тестінің мектепке алғашқы қабылдаған күні жүргізілетінін жазған.

Бұл тест көптеген тапсырмалардан тұрады, оны белгілі бір уақыт ішінде орындау керек, тапсырманы дұрыс орындау үшін әр баланың сөздік қорын, дамыған сөйлеу тілі, айналадағы табиғи және қоршаған ортадағы құбылыстарды айыра білуі, т.б. қасиеттері болуы тиіс.



**Жаңагүл ТҮСЖАНОВА,**  
**Қарағанды қаласындағы**  
**Әлихан Бөкейхан атындағы**  
**№76 жалпы білім беретін**  
**орта мектептің қазақ тілі**  
**мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

## **ТІЛ ДАМУ ЖҰМЫСЫНЫҢ** **ТИІМДІЛІГІ**

Қазіргі мектептің оқу-тәрбие ісіндегі басты мақсат - тіл дамыту, тіл мен сөйлеу процесін жіктей оқыту, оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу. Сондықтан мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамытуға, байланыстырып сөйлеуге айырықша көңіл бөледі, тілдік материалдарды дұрыс таңдай білу

(сөздің, сөйлемнің үлгілерін беру), оны дұрыс бере білу, тілдің теориясы мен сөйлеу практикасының бір-бірімен қарым-қатынасы түрлі жаттығулар арқылы іске асырылады. Демек, қазақ тілі пәнін оқыту барысында мұғалім оқушының ойын логикалық жағынан дұрыс, анық, қазақтың әдеби тілінің нормасына сай, дұрыс айта білуге үйретумен бірге, екінші жағынан, ойын орфографиялық және пунктуациялық жағынан дұрыс жаза білуге жаттықтырады.

Оқушының тілін дамыту жұмысы - ол баланың жалпы ойын дамыту деген сөз, өйткені оқушы қай пәнді оқып-үйренсе де, өзінің істеген жұмысы, көрген-білгені туралы күнбе-күн сөйлеп, ойын қалыптастырып отырады. Тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты - дұрыс, сауатты жазып, оқушының ауызша және жазбаша ойын грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету. Тіл дамыту жұмысын мынадай бағыттарда жүргізген тиімді:

1. Мәдени, әдеби сөйлей білу нормаларына үйрету, яғни, орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру.

2. Лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту, тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім беру.

3. Жаңа сөздер үйрету, сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерту арқылы сөз бен сөздердің байланысын, сөйлем құратып үйрету, сөйлемнің құрылысын білдіру арқылы синтаксистік лексикадан білім беру.

4. Оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі

сөйлей білуге үйрету. Тіл дамыту жұмысын мынадай дидактикалық принциптерге негіздеп жүргізуге болады:

1. Сөйлеу мен ойлаудың бірлігі арқылы оқушы тіл мен ойлау бір-бірімен байланыста екенін ұғады. Тілсіз ойлаудың болмайтынын, әрбір ой тіл арқылы ғана көрінетінін, яғни, сөйлеуді ойлаудан бөліп алудың мүмкін еместігін түсінеді. Бұдан оқушының ойлау әрекетін дамыта отырып, түрлі ой қорытындыларын жасай білу дағдылары қалыптастырылады, яғни, бір нәрсені екінші затпен салыстыру, талдау, жинақтау, қорытындылау, жүйелеу, белгілі затты белгісізбен салыстыру.

2. Тіл дамыту жұмысында ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір-бірімен байланыстылық принципі де басты орын алады. Адам бір-бірімен сөйлеу арқылы тікелей қарым-қатынас жасайды. Адам осындай сөйлесу барысында тілдің түрлі көркемдік тілдік құралдарын пайдаланады. Мысалы, мақал-мәтел, теңеу, салыстыру, сөзге екпін түсіріп айту, ерекше үнмен, ырғақпен айту, т.б әрекеттер арқылы сөйлеу процесінде екінші адамға ойын жеткізеді.

Жазбаша сөйлеу тілінде белгілі жүйелі байланыс болады. Ауызекі сөйлеу тілін жақсы меңгерген, оған жаттыққан оқушы ойын жазбаша да дұрыс әрі жүйелі жеткізе алады.

3. Тіл дамыту жұмысын грамматика, орфография, пунктуация және әдебиетпен байланыстыра жүргізу де ерекше орын алады. Оқушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білудің, тыныс белгілерін дұрыс қоюдың, көркем әдебиетті көп оқудың үлкен мәні бар.

4. Тіл дамыту жұмысын стилистикамен байланысты жүргізу де тиімдірек. Стильдің түрлерін жақсы меңгерген оқушы тілдің морфологиялық құрылысын, яғни, сөздердің мағыналық, тұлғалық және синтаксистік қызметтеріндегі өзіндік ерекшеліктерді ажыратып, күрделі сөз тіркесінің құрамын негізгі және көмекші сөздер, олардың өзара байланысын ажырату, жазуының қиын орфографиялық ережелерді меңгертіп, дұрыс, сауатты жазуға дағдыланады.

Оқушының әдеби сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтуға үйрету, тілдің көркемдік құралдарын меңгерту (метонимия, метафора, теңеу, әсірелеу, шендестіру, т.б), өлеңдер мен әндерді жаттату, диалогтарды тыңдату, сөз шеберлері, атақты сахна шеберлерінің орындауында поэтикалық шығармаларды дыбыс арқылы жандандырып тыңдату сияқты жұмыстар жүргізудің үлкен мәні бар.

**Өмірбаян** жаздырып үйрету де тіл дамыту жұмысына үлкен септігін тигізеді. Оқушы өз өмірбаянын жазу арқылы туған жері, ата-анасының кім екенін, қай жерде жұмыс істейтінін, ата-аналарының қандай мамандық иелері, өндіріс, ғылым мен техника, шаруашылыққа пайдасы, ықпалы барлығын, туысқандары, аталары, әжелері, аға-інілері жөнінде білетіндері жайында пікірлерін айтады. Оған материал жинау үшін ізденеді, ата-аналарымен әңгімелеседі.

Тіл дамыту жұмысында **пікір** жазудың да үлкен маңызы бар. Оқушы кітапты өз бетінше оқиды да, сол оқыған кітаптарына сын көзбен қарап, оны қалай түсінетіні жөнінде, кітаптың авторына деген көзқарасы,

сүйіспеншілігі, қызығушылығы деген мәселелерге көңіл бөлінбейді. Сондықтан оқыған кітаптарына пікір жаздырып отыруды дағдыға айналдырған жөн. Пікір жаздыру арқылы оқушыға мынадай бағыт беру тиімдірек:

- оқыған кітабының авторы, аты;
- кейіпкерлері;
- оқиға не туралы, қай кезде болған;
- кітаптың тілі, ондағы мақал-мәтелдерді жинастыру, қолданудағы ерекшелік;
- кітапқа оқушының көзқарасы, т.б. мәселелер.

Пікір жаздыру арқылы оқушының ой-өрісі дамиды, тілі жаттығады, қызығушылығы артады, сөздік қоры молаяды. Мұндай жұмыс түрлері оқушыны мазмұндама, шығарма жазуға дайындайды. Оны шығарма жазудың алғашқы басқышы деп айтуға болады.

Оқушыға әдемі, жүйелі сөйлеуге дағды беруде синоним сөздерді үйретіп отырудың мәні зор.

Шығармадағы оқиғаны өз сөзімен айта білуге дағдыландыру да - тіл дамыту жұмысының тиімді тәсілдерінің бірі. Оқушылар өлеңнің мазмұнын қара сөзбен айтып беруге қиналады. Сондықтан өлеңмен жазылған шығармаларды ауызша жүйелі айтып берудің жолдарын мұғалім өзі көрсетуі тиіс.

Оқушы өзінің үйренген сөзін ауызекі сөйлеу тілінде қолдана білсе, оның ақыл- ойын дамытуға әсер етеді. Бұл жөнінде Л.Н.Толстой: «Балаға үйренген сөзін оның қолдана білуіне жағдай туғызу керек,- дей келіп,- үйренген сөзін өзінің ауызекі сөйлеу тілінде бір рет қолдана білсе, ол өзінің жеке меншігіне айналады»- деп айтқан еді. Демек, сөзді орынды қолданып, оның

мағынасын жетік білетін бала өз бетімен сөйлем құрап,  
оны ауызша сөйлеу тілінде шебер қолдана алатынын  
сөзсіз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. К.Аханов. Тіл біліміне кіріспе. А., 1965.
2. Б.Құлмағамбетова, М.Көккөзова. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», А., «Білім». 2000.



**Рыскелді БАЙМАХАНОВА,  
Қарағанды облысының  
Қарқаралы ауданындағы  
Нүркен Әбдіров атындағы  
№10 орта мектептің  
бастауыш сыныптары бойынша  
директордың оқу-тәрбие ісі  
жөніндегі орынбасары.**

## **12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАРЫСЫНДА ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ІЗДЕНУ ӘРЕКЕТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ**

2004 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бұл бағдарламада еліміздің білім беру саласында күрделі реформа жүргізу, яғни, 11 жылдық орта білімнен 12 жылдық



орта білімге көшу керектігін айтқаны белгілі.

Бағдарламада 12 жылдық мектептің мақсаты өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, өз мүддесі үшін де, қоғамдық мүдде үшін де өзін-өзі жұмылдыра алатын, білімді, шығармашыл, құзыретті және тұлға қалыптастыру оны дамыту деп атап көрсеткен.

Осы мақсатты жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 қыркүйектегі №6345 өкімімен бекітілген «Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы» мектептегі білім берудің ақпараттандыру үрдісіне негіз болып отыр. Ал осы ақпараттандырудың негізгі мақсаты: оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсаттарды орындау барысында оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр.

Білім беруге бағдарланған оқыту жүйесінен дүниежүзілік үрдіске сәйкес білім берумен қатар әлеуметтендіру мен оқушылардың проблемаларын шешу, ақпараттық және коммуникативтік (іс-әрекет) құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған, яғни, нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесіне көшу көзделіп отыр. Бүгінгі XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін мектепте, яғни, күнделікті сабақта төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отырғандығы белгілі. Олар: компьютерлік техника, интернет, электрондық оқулық. Компьютерлік желілерді оқу үрдісінде тиімді пайдалану арқылы нәтижелі білімге қол жеткізуге болатындығы

айқындалып отыр.

Ақпараттық ғасыр болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет және 12 жылдық білім берудің алғы шарттарының бірі - «кіші жастан» информатика пәнін оқыту көзделген 2-4 сыныптарда теориялық біліммен қатар практикалық білімнің алғы шарттарын меңгереді. Ал теориялық білімді практикамен ұштастыру үшін ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін оқу және жазу қабілеті сияқты сапалармен бірге, жеке қажеттілік үшін де керекті шартқа айналды. Алған білім мен дағдылар бұдан әрі көптеген жағдайда қоғамның даму жолында анықталады.

Ақпарат ағымын қалыптастыруға, ақпаратқа көлем және жылдамдық жағынан шектеусіз қол жеткізуді, кез келген қашықтықта ақпарат көзіне, оның ішінде оқу ақпаратына назар аударуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін әлеуметтік қарым-қатынасқа оқытып, тәрбиелеуге және ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Жылда өтетін оқушылардың ғылыми – практикалық конференциясына дайындау барысында көптеген қиындықтар кездесіп жүретін. Ғылыми жұмыспен шұғылдануға оқушыларды бейімдеуде мұғалімдерге де қиындық туғызатыны сөзсіз.




Ұстаздың, ата-аналардың күтетін үміті жоғары екендігі мәлім. Сол себепті де қоғамдық ортада өз ойын еркін де толық жеткізе алатын, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл кез келген әрекетке жан-жақты көзқараспен қарайтын, білімді тұлғаны дамыту

және қалыптастыру - бастауыш сынып мұғалімдерінің мақсаты.

2005-2006 оқу жылынан бастап 1 сыныпқа қабылданған оқушыларыма зерттеу жүргізе бастадым. Әрине, әр түрлі оқушы кездесті (алғыр, ұшқыр, шабан, ұяң, шапшаң, тұйық, баяу мінезді).

Алғашқы жылдарда бастапқы қадамды «Табиғат күнтізбесі» бойынша табиғатты, ауа райын, табиғат құбылыстарын бақылау, оны күнделікті сабақта пайдалану, үйлері мен мектеп арасындағы табиғатты бақылау жұмыстарын жүргізуден бастадым. (Қардың жаууы, ағаш жапырақтарының түсу мерзімі, тау басындағы қардың еруі, т.б.). Оқу жоспарының жылжымалы бөлімінен 2-сыныптан бастап «Информатика» пәні оқытыла бастады. Информатика пәні 12 жылдық білім беруге байланысты стандарт, білім бағдарламасы, оқулықпен жұмыс жасау жүзеге асырылып келді. 2-сыныпта оқушылар бейіміне қарай ғылыми жоба жұмыстарының тақырыптары белгіленді. Информатика сабағынан алған білімдерін ақпараттық технология негіздерінде өздерінің бақылағандарына жұмыс алгоритмдерін құру. Word Pad мәтін, мәтіндік редактормен Paint графикалық редактормен жұмыс істеу, түзету жұмыстарын жүргізіп, одан әрі 3-сыныпта жалғастырып, оқушылардың іздену әрекетінің келесі алгоритмін жасау жолдарын мультимедиялық файлда пайдаланып, ғылыми жұмыс жобаларын презентациялап, қорғауға болатындығын көрсетті. 2007-2008, 2008-2009 оқу жылдарында 12 жылдық мерзімде оқытылатын эксперименттік 3-сынып оқушылары мен бақылау сынып оқушыларының ғылыми жұмыстарға

қатысын салыстырып қарайтын болсақ (Мектепшілік  
 ҒПК), ол төменде көрсетілгендей:



Бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияларды  
 мынадай бағыттарда пайдалануға болатындығын  
 дәлелдеп отыр:

- Оқу құралы ретінде (электрондық оқулық);
- Өзін-өзі және қоршаған ортаны тану құралы ретінде;
- Оқушының жеке тұлғасын дамыту құралы ретінде;
- Өз жұмыстарының нәтижелерін түзету, бақылау үрдісі құралы ретінде;
- Дамытушылық ойындары ретінде;

- Бос уақытын интеллектуалдық тұрғыдан ұйымдастыру құралы ретінде;

Бұған дәлел 3-4 сыныптардағы оқу сабақтарында дамыта оқыту жүйесін, сын тұрғысынан ойлау және жазу технологияларын пайдалануға мүмкіндік туғызады.

Сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастыру барысында да ақпараттық-коммуникациялық технологияның төмендегідей мүмкіндіктері болады:

1. Электрондық энциклопедия;
2. Электрондық анықтамалар;
3. Электрондық сөздіктер;
4. Электрондық карталар, атластар;
5. Электрондық ойындар.

Бұларды пайдалану арқылы оқушылардың жылдар өткен сайын «Ақбота», «Алтын жабағы», «Кенгуру» сияқты интеллектуалдық ойындарға қатысу дәрежелері артып келетіндігіне көз жеткізудемін.

Кез келген білім барысының назарында білімге жетелейтін оқушы тұр. Егер де оқушы «Керек» деген ынтадан «Маған қызық», «Менің білгім келеді» деген ынтаға келсе, онда бұл жол қуанарлықтай және нәтижелі болмақ. Бұл міндеттерді шешуге ақпараттық-коммуникациялы технологияларды пайдалану себеп болар еді.

Білім беруде АКТ-ның барлық мүмкіндіктерін кіріктіру оқушылардың өзіне және өз біліміне қатысты танымдық қызметін, шығармашылық талабын, белсенді бағыттарын ынталандыруға көмектеседі. Сонымен бірге мұғалімдердің әдістемелік өсу деңгейі жоғарылап, білім беру сапасын арттыруға көмектеседі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Интернет материалдары
3. «Ауыл мектебін басқару және білім беру сапасын арттырудың тиімді жолдары» республикалық семинар материалдарының жинағы. Алматы, 2003, 23-26 беттер.
4. «Ұлағат» ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылымы. №5, 2009 жыл. 50-54 беттер.

### **Резюме**

В данной научной работе рассматриваются актуальные вопросы преподавания предмета информатики в начальных классах 12-летнего образования.

Автор исследует возможности компьютерного обучения в развитии творческих способностей и поисковых навыков учащихся.

### **Resume**

In given scientific work are considered actual questions of teaching subject of the informatics in initial class 12-year formation.

The Author researches the possibility of the computer education in development of the creative abilities and search skill of the pupil.

## ДӘСТҮРЛІ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Дәстүрлі оқыту» термині ең алдымен XVII ғасырда Я.А.Коменскийдің дидактикалық принципінде қалыптасқан сыныптық-сабақтық оқытуды ұйымдастыруды қарастырады. Ол осы уақытқа дейін бүкіл әлем мектептерінде қолданылады.

**Дәстүрлі сыныптық-сабақтық технологиясының негізгі нысандары мыналар:**

- Бірдей жастағы және бірдей деңгейдегі оқушылар сыныпты құрайды және ол мектепте оқудың бүкіл кезеңінде тұрақты құрамды сақтайды.

- Сынып кестеге сәйкес біртұтас жылдық жоспармен бағдарлама арқылы жұмыс істейді. Осыған орай оқушылар мектепке алдын-ала белгіленген мезгілде немесе белгілі уақытта келеді.

- Оқытудың негізгі бірлігі сабақ болып табылады. Сабақ әдетте бір пәнге, тақырыпқа арналады. Осы себепті оқушылар сыныпта бір материал бойынша жұмыс жасайды.

- Сабақта оқушылардың жұмысына мұғалім басшылық жасайды. Ол пән бойынша сабақ нәтижесін, әрбір оқушының білім деңгейін бағалап, оқу жылы соңында оның келесі жылға көшірілуі шешіледі.

- Оқу кітаптары негізінен үй жұмыстарына қолданылады.

Оқу жылы, оқу күні, оқу кестесі, оқу демалыстары, сабақаралық үзілістер - сыныптық-сабақтық жүйенің атрибуттары (шарттары).

**Дәстүрлік оқытудың біліктілік параметрлері:**  
**Пайдалану деңгейі бойынша:** жалпы педагогикалық философиялық негізі бойынша: мәжбүрлеу педагогикасы.

**Даму факторы бойынша:** социогендік.

**Меңгеру концепциясы бойынша:** ассоциациялық-рефлекторлық келтіру.

**Жеке тұлғалық ориентация (бағдар) бойынша:** ақпараттық.

**Мазмұндық сипаты бойынша:** жалпы білім беру, технократиялық, дидактоцентрикалық.

**Басқару түрі бойынша:** дәстүрлі сыныптық.

**Ұйымдастыру бойынша:** сыныптық-сабақтық, академиялық.

**Балаға қарым - қатынасы бойынша:** беделділік.

**Әдістемелік жолы:** түсіндіру және көрнекілік.

**Мақсаттық бағдарлары:**

**Оқытудың мақсаты** - бірқатар жағдайларға байланысты қозғалыс категориясы, яғни: білім беру жүйесінің қалыптасуы, ғылыми көзқарасының қалыптасуы әрбір оқушының жан-жақты дамуы және идеялық өсуі қоғамға пайдалы, сапалы және жоғары білімді адамдарды тәрбиелеу. Білімнің концептуалдық негізін педагогикалық принциптер құрайды. Яғни, ғылымилық (білім жалған болмайды, білім толық емес болуы мүмкін) жүйелілік, түсініктілік, қайталау,



саналылық және белсенділік, көрнекілік, теорияны практикамен байланыстыру.

Оқыту дегеніміз - білімді, тәжірибені және жетістіктерді аға ұрпақтан кіші ұрпаққа жеткізу.

Білімнің мазмұны - жеке тұлғаның рухани өсуін дайындайды. Оқытудың мазмұны орталықтандырылып жоспарланған, яғни, мемлекетімізде базалық біртұтас оқу жоспарлары жасалады.

Оқу жоспарлары енгізілген оқу пәндері баланың даму қозғалысына мүмкіндік береді.

Дәстүрлі технология педагогиканың талаптарының беделіне негізделген, баланың ішкі сұраныстары мен талаптары аз ескерілген немесе оқушының жеке қабілеттері мен мүмкіндіктері ескерілмеген. Бұл дегеніміз:

- білім беру қызметінде мәжбүрлеп оқыту әдісін қолдану, яғни, оқытушы - төреші.

Білімді меңгерудің әдістері мыналарға негізделеді:

- дайын білімді хабарлау;
- үлгілер бойынша оқыту;
- жеке ойды ортақ ойға жеткізу;
- механикалық ес.

Оқу қызметі барысында оқытушыға білім мақсаттарын оқытушы қояды, Сол себепті оқу мақсаттары сырттай ықпал етуге негізделген.

Дәстүрлі технология бойынша ең алдымен сыныпқа лекциялық әдіспен жеткізіледі. Одан соң семинар және тәжірибелік сабақтарда бекітіледі. Білімді қорытудың нәтижесі сынақ түрінде тексеріледі.



Майнұр БАЛТАБЕКҚЫЗЫ,  
Құрманғазы атындағы  
Қазақ ұлттық консерваториясының  
аспиранты.

## СЫРНАЙ ОЙНАУҒА ҮЙРЕТУДЕ ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН КЕМШІЛІКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТҮЗЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Көптеген аспаптардың ішінде сырнай аспабы да өзіне тиселі орын алып келеді. Осыдан жүз жыл бұрын дарынды, Петербор гармон шебері П. Г. Стерлитов жасаған баян (Сырнай) музыка сүйетін қауымға аз уақыт ішінде кең тарап кетті.

Музыкалық - техникалық мүмкіншілігінің кеңдігі, оның ықшамдылығы, алып жүруге қолайлы болуы себепті бұл аспап қазақ жеріне де тарады. 1955 - 60 жылдардан бастап Қазақстанның оқу орындарында (мектеп, училище) баян сыныптары ашыла бастады. Бірте - бірте орындаушылық мәдениеті өсіп, арнайы шығармалар қосылып, репетуарлар да (институт, консерватория) ашылды. Елімізге бұл аспаптың кешенуіне байланысты оған үйретудың әдіс-тәсілдері де көп ізденісті талап етуде. Сондықтан оқушыларды сырнайда ойнауға үйретуде туындаған қиындықтарға тоқталып, оларды түзету жолдары туралы нақтылы айтпақпыз.

1) Оқушылардың сырнайда ойнап отырған

## кезіндегі аяқты дұрыс қоймау салдарынан туындайтын қиындықтар:

1. Оқушы сол аяқтың орнына оң аяғын ілгері басып отыр. Бұл жағдайда оң аяқтың тізе бөлігі төмендеп, көрікті жиырғанда аспаптың оң жақ астыңғы бөлігіне тірек болмай, аспап оң жаққа ығысып кете береді. Оны тоқтату үшін оқушы бармағымен немесе алақанымен грифті тірейді, онымен қоймай, аспаптың оң жақ үстінен иекпен тіреу амалына да бой ұрады.

2. Оқушы сол аяғын ілгері қоюдың орнына орындығының астына қарай аяғының ұшымен тіреп басады. Бұл жағдайда оқушының аяғы тез шаршап көріктің ауыспалы қозғалысы қиындай түседі.

3. Екі аяқтың тізелері қатар тұрғанда, оқушының отырысында жайсыздық туып, орындау кезінде дене еркін қимылдай алмай, көрікті қозғалтып отырған сол қолға артық күш береді.

4. Екі аяқ ілгері басылып, бір - бірінен алшақ тұр. Мұндай дұрыс отырмаудан екі аяқ дене самағына тірек қызметін атқармай, орындаушы шалқая отырады. Оның кеудесі мен аспаптың жанасуы (контакт) жойылып, көріктің қозғалысы қиындай түседі.

5. Сол аяқ ілгері қойылмай, оң аяқтың өкшесі көтеріліп тұр. Бұл жағдайда екі тізе бір деңгейде болып, көрікті жиырғанда, аспаптың оң жағының төменгі бұрышына тірек жасау үшін оқушы оң аяғының өкшесін көтереді, бұл аяқтың бұлшық еттерін құрыстырып, тез шаршатып, ойнау қимылдарын тежейді.

6. Оқушының екі өкшесі де көтеріліп тұр. Оның себебі, екі иық белдіктері аса қысқартылып, аспап аяқ үстінде тұрмай, денеге бар салмағымен ілініп қалған.

Сол себепті, көрікті әрі-бері қозғалтқанда, екі тізе көтеріліп, тірек қызметін атқарғысы келеді. Артық күш - қимыл екі аяқты шаршатып, олардың бұлшық етінің құрысуы бүкіл денеге әсер етіп, көрік қозғалысын қиындатады.

7. Оқушының сол тізесі көрікпен бірге қозғалып отыр. Сырт көзге де ұнамсыз мұндай қимыл орындаушының артық күш жұмсауына әкеп соғады.

**2) Орындаушының денесін дұрыс ұстамауы, аспаптың дұрыс тұрмауы және иық белдіктерінің иықшамдықсыздығынан туатын кемшіліктер мен қиындықтар:**

1. Оң иық белдігі кең болғанда, аспап иыққа тұрмай, сол жаққа ығысып, көріктің жазылу қозғалысы шектеледі (әсіресе, орындаушының қолы қысқа болғанда). Көрікті жиырған кезде аспап оңға жылжып, оқушы оң қолымен тіреу әрекетін жасап, оң тізесін көтеруге мәжбүр болады.

2. Екі белдік те қатты тартылып тасталғанда, аспап бар салмағымен иыққа ілініп қалады :

а) кеудені қысып тұрған белдіктер орындаушының тынысын қиындатып тастайды ;

ә) аспапты астымен алдына қоймақшы болып, өте еңкейген орындаушының әрекеті оның омыртқасының қисаюына әкеп соғуы мүмкін.

3. Аспапты алдына шалқайтып қойып, түймелерді көріп отырып ойнағанда:

а) бұл кемшіліктің нәтижесінде қолдың қойылымының өзгерістерге ұшырайды ;

ә) көрік қозғалысы қиындай түседі ;

б) әрдайым түймелерді көріп отырған оқушының

орындаушыға қажетті саусақтарының сезім түйсіктері дамымайды ;

в) аспаптың үстіңгі бөлігі кеудеге салмақ түсіріп, тынысын қиындатады ;

г) көріктің жоғары бөлігі үйкелістен тез тозады ;

з) үнемі еңкейіп, түймелерден көз алмай қарап отырған орындаушының мойын омыртқасына күш түсіп, ол тез шаршайды.

4. Оқушы орындау барысында басын үнемі бір жаққа еңкейе бұрып, қатаң ұстайды. Мұндай тежейтін қимыл көп жағдайда балаға туғаннан бітіп, оның техникалық дамуына әсер етеді. Орындаушының бас пен қол аралығындағы бұлшық еттің ширығуынан босауы оңайға түспейді.

5. Сол жақ кіші белдік өте кең. Бұл жағдайда сол қолдың білезігі бүгіліп, саусақтардың көмекші қатардағы түймелерге жетуі қиындайды да, саусақтар тік жазылып, тез қимылдай алмай қалады.

### **3) Қолдың қойылымында кездесетін кемшіліктер:**

1. Көрікті жиыру қозғалысында аспаптың оң жақ төменгі бөлігі оң аяққа тірелмесе, оң қол бармағымен немесе алақанымен грифті тірейді, оған артық күш түседі. Соның салдарынан оң қолдың қимылы қиындап, қойылымы дұрыс болмайды. Бұл кемшілік оқушының дұрыс отырмауы мен орындықтың биік болуынан туындайды.

Оң қолға күш түскен - түспегендігін тексеру үшін оқушыға жалғыз сол жақ қолмен ойнатқызып көрген жөн. Ол үшін орындықтың биіктігін дұрыс таңдап, сол иық белдігін ықшамдап, оқушының оң қолын төмен түсіріп, жалғыз сол қолымен көрікті әрі-бері қозғалтып

жағтықтырады. Немесе көрікті сол қолымен қозғалтып, оң қолымен дирижерлік қимылдар жасатады. Оң қолдың қойылымын дұрыстайтын амалдың бірі - гаммалар ойнатқызу.

2. Түйме үстіндегі саусақтар бүгілген күйі тұр. Ал оқушы түймені жібергенде саусағын жоғары көтеріп, тік жазып жібереді. Сонымен бірге, сұқ саусақтың төменгі буынын грифке тақап ұстағандықтан, қолдың басы үнемі алғашқы ыңғайлап ұстау қалпында қалып қойып, оқушының орындаушылығына ыңғайсыздық туғызып, техникасының дамуына кедергі келтіреді. Саусақтардың жазылып кетуі клавиатура түйме арақашықтығын мұқият таңдап алған жөн. Ал сұқ саусақтың төменгі буынының грифке тақап ұсталуы - оқушының дұрыс отырмауынан, орындықтың аса биік болуынан туындайтын кемшілік. Оны түзету үшін оқушының отырысын дұрыстап, аккордты құрылымдағы этюдтер мен шығармалар және бір дауысты арпеджионың қысқа түрі мен аккордты арпеджиолар ойнатқан жөн.

3. Оқушы қолының білезік буынымен артық шайқалыс, теңселіс қимылдарын жасайды. Бұл кемшілік оқытушының оқушы қолын бастау мақсатымен гаммаларды қолдың білезік қозғалыстардың зияндылығынан саусақтар тік жазылып, тез, еркін қозғала алмайды. Түймелерді табу сезімі төмендеп, оларды нақтылап басуы қиындайды. Сонымен қатар, оларды көрік қозғалысына әсер етіп, дыбыстың керексіз крешендо, диминуэндо шығуына ықпалын тигізеді. Бұл теңселіс қимылдарын оқушы қолының білезік буынын босату үшін, лига ойнап үйренгенде,

лиганың аяқталуында, портаментто және акценттердің орындалуында пайдалануға болады.

#### **4) Сол қолға қатысты кемшіліктер:**

1. Сол қолдың шынтағы жоғары көтеріліп, бас бармақ клавиатураға қарай ығысып кеткен. Бұл оқушының дұрыс отырмауынан, яғни, оңға қарай қисайып отыруынан туындайды. Осыдан 5-саусақтың қимылын 4-ші саусақ атқаруға мәжбүр болады. Бұл ыңғайсыздықты түзету үшін, оқушыны дұрыс отырғызып, яғни, денесін сәл алдыға, сол аяққа қарай бағыттап, сол қолдың шынтағын төмен түсіріп (5-ші саусақ минорлық секстаккорд түймесін еркін басатындай), әрекет жасатқан жөн.

2. Сол қолдың 3-ші, 2-ші саусақтарды бас пен аккорд түймелерін басқанда, оқушы 4-ші, 5-ші саусақтарын алақанға қарай бүгіп, қысып алады. Көп жағдайда, оқушылардың мұндай ширығу қимылдары туа біткеннен, ал кейде, саусақтардың пішіні ұзын болғандықтан да болады. Бұл әдеттен аулақ болу үшін орындау кезінде оқытушы оқушының 4-ші, 5-ші саусақтарын бүктірмей, жазыңқырап ұстап отыруға әдеттендіруі қажет. Немесе негізгі қатардағы түймелерден до-мажор дыбыс тізбесін ойнатқызған жөн.

3. Оқушы стаккато штрихын қалай болса солай ойнап, түймелерді саусақтарымен ұрып басады. Саусақтардың мұндай ұрып, сермеу қимылдары оқытушының оқушысының сол қол жұмысына көңіл аудармауынан туындайды. Сондықтан оқушының саусақтарын түймеге жақын қойып, түймені ұрмай басып үйренгенін талап еткен жөн.

**5) Оң қолдың аппликатурасына байланысты туатын кемшіліктер:**

1. Саусақтар дұрыс таңдалмағандықтан, позиция ауысқанда, қолдың басы бір қалыптан екінші қалыпқа, икемсіз күрт бұрылады.

2. Әр түрлі саусақпен ойнаудың орнына бір ғана саусақпен ойнағандықтан, керексіз глиссандо (сырғу) пайда болады.

3. **Легатто** белгісімен белгіленген бірнеше нотаны бір саусақпен орындағанда лиганы орындау тәртібі бұзылады.

4. Оқушының үнемі 2,3,4-ші саусақтарды ғана қолдануы 5-ші саусақтың орындаушылық дамуын тежейді.

5. Берілген аппликатурамен бір сөйлемді қайталап ойнағанда басқа саусақ реттілігімен орындау аппликатурамен тұрақсыздықты, немқұрайлылықты, саусақтардың реттілігіне көңіл аудармаушылықты туғызады.

**6) Көрік қозғалысының техникасы мен дыбыс шығаруда кездесетін кемшіліктер:**

1. Көріктің мезгілсіз ауыстырылуы музыкалық сөйлемді бөлшектеп жібереді.

2. Көрікті жиырар алдында сол қолдың қатты итеруінен керексіз акцент пайда болады.

3. Көрік қозғалысы қадағаланбайды. Көрікті аса шегіне дейін жазып - жиырмай, сәл ауа қорын сақтап отырған жөн.

4. Оқушы акцент, портаменто, мартеле штрихтарын орындауға қажетті аспаптың сол жақ бөлігімен орындалатын ұсақ техникалық қимылдарды



менгермеген.

5. Әуезді шығармаларда білезік қимылымен орындалатын лига қолданылмағандықтан, (кистевое) легато дыбыс бояуы жетіспейді.

6. Бір саусақтың түймені жібермей, екінші саусақтың ерте басуы нәтижесінде екі дыбыс арасы бір-бірімен аса бірігіп кетіп, тұтқырлаған (вязкое) легато шығады.

**7) Сырнайшылардың музыкалық тәрбиесінде жиі кездесетін кемшіліктер:**

1. Оқушы өз орындауын тыңдамай, асығып, ырғақтан шығып кетіп, қалай болса солай, еденді аяғымен тарсылдатып отырып ойнайды.

2. Орындау барысында оқушы оң қолымен ойнағанын естіп, сол қолының ойынын естімейді.

3. Музыкалық ойлау қабілетінің төмен болуына байланысты оқушы шығарманы сөйлемдеп ойнап, шығарманың динамикасы мен бүтіндігін толық қамти алмайды.

4. Шығарманы орындауда оқушы өзі ынталанбай, оқытушының айтуымен ғана жұмыс істейді.

5. Оқушы нотаны нашар оқып ойнайды, естіген әуенін аспапқа сала алмай, басқа оқушылармен бірлесіп (ансамбльмен) ойнай алмайды.

Бұл кемшіліктердің көбісі оқушының репетуарындағы шығармалардың музыкалық-техникалық жағының аса қиын болуынан туындайды.



Шолпан САЛАМАТОВА,  
Алматы облысының  
Райымбек ауданындағы  
Қызылшекара ауылының  
«К.Байшығанұлы атындағы  
орта мектептің мектепке  
дейінгі шағын орталығы»  
мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.

## ТІРЕК-ҚИМЫЛ ЖҮЙЕСІ

(8-сынып)

Жаңа педагогикалық технологияның ХХ ғасырдың 60 жылдарында пайда болған – модульдік блокпен оқыту жүйесінің төрт түрлі жолы бар:

1. американдық модуль;
2. неміс модулі;
3. Скобиннің орыс модулі;
4. Алексюк пен Фурманның украин модулі.

Қазақстанда білім берудің осы сипаттағы оқыту технологияларының бірі – Марал Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы.

Модуль дегеніміз не? Модуль белгілі бір жүйенің, құрылымның өз бетінше бөліне алатын бөлшегі. Модульді жүйемен оқытудың тиімділігі:

1. тарау ішіндегі оқу материалының дұрыс және жүйелі бөлінуі;
2. білім беру тәсілдерін жүйелі үйрету;
3. оқу материалының игерілу сапасын, тереңдігін бірнеше рет бақылау мен негіздеу.

Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жасалынған модульді оқыту технологиясы, құрылымы ортақ, мазмұны әр түрлі үш бөліктен (кіріспе, сөйлесу, қорытынды) тұрады. Әр оқу модулінің сағат санына баланысты. Кіріспеге 1-2 сағат, қорытындыға 1-2 сағат, ал қалған сағаттар сөйлесу бөліміне беріледі.

**Кіріспеде** мұғалім оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен және мазмұнымен таныстырады. Тірек сызбалар, көрнекіліктер, т.б. пайдалана отырып сабақты түсіндіреді.

**Сөйлесу бөлімінде** оқыту, үйрету ойындары нәтижесінде оқушының ізденісі, қызығушылығы, жалпы білім деңгейі анықталады.

**Қорытынды бөлімінде** тарауды қорытындылау мақсатында тест алынып, сынақ тапсырылады. Бұл бөліс – тарауды оқытудың тұтас циклін анықтайтын рефлексиялық-бағалау кезеңі. Ол оқушылардың сөйлесу бөліміндегі танымдық қызметі барысында жағдай жасалынған дайындық белгілерін бақылауға, тексеруге, бағалауға арналған.

Модульдік оқыту технологиясын оқыту үрдісінде қолдану оқушының таным үдерісін дамытуға, қажеттіліктерін қанағаттандыруға, оқуға жағымды қызығушылықтарын қалыптастыруға, шығармашылық жұмыстардың жеңімпаздары болған оқушылар санын арттыруға мүмкіндік береді.

Биология пәнінде «Тірек-қимыл жүйесін» оқытуға 6 сағат берілген. Модульдік технология бойынша ол төмендегідей болып орналасты:

Құрылымы	Сабақ саны	Сабақтың мазмұны мен түрі	Минут саны
Кіріспе	1-сабақ	Модуль құрылымымен таныстыру.	5
		Оқушыларға сабақтың мақсаты мен міндетін түсіндіру.	5
		Тірек-сызбамен жұмыс.	30
		Қорытынды. Үй тапсырмасы: §23,24,25.	5
	2-сабақ	Тақырыпты меңгерту, дамыту.	25
		Оқулықпен жұмыс.	5
		Дидактикалық үлестірмелермен жұмыс.	10
		Қорытынды. Үй тапсырмасы: §26,27,28	5
Сөйлесу	3-сабақ	1.Брейн-Ринг ойыны.	15
		2.Миға шабуыл.	5
		3.Мұғалім-оқушы ойыны.	15
		4.Шығармашылық жұмыс.	10
	4-сабақ	Алған білім, іскерлік дағдыларын қорыту.	15
		Деңгейлік тапсырмалар.	25
		Зертханалық жұмыс.	5
		Қорытынды. Үй тапсырмасы: §23,24,25,26,27,28	
	5-сабақ	Топпен жұмыс.	25
		Шығармашылық жұмыс.	15
		Қорытынды.	5
		Үй тапсырмасы: §23,24,25,26,27,28	
Қорытындылау	6-сабақ	Тест жұмысы. Сынақ.	45

**3-сабақ.** Тірек-қимыл мүшелері жүйесі.

**Типі:** білімді тексеру, бағалау.

**Мақсаты:** а) тірек-қимыл мүшелері жүйесін ойын түрлері арқылы оқушының алған білімдері мен түсінігін білу; ә) дүниетанымын кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, білім-білік дағдыларын қалыптастыру; б) гигиеналық тәрбие беру.

### **I. Ұйымдастыру.**

**II. Мақсат қою:** 1. Тараудан алған білімдерін тексеру мақсатында ойын түрлерімен таныстыру; 2. Әр ойынның шартымен, әдіс-тәсілдерімен таныстыру.

### **III. Білімді жан-жақты тексеру.**

**1. Миға шабуыл.** Оқушыларды үш топқа бөліп, А,В,С деңгейлік сұрақтар бойынша миды жұмыс істету арқылы тез арада сұрақтарға жауап даярлау.

**А тобына:** Бұлшық еттің қажуы неге байланысты? «Шыныға білмеген, тыныға да білмейді» деп неліктен айтылған?

**В тобына:** «Тәні саудың - жаны сау» сөзіне сипаттама беріңіз.

**С тобына:** Тірек-қимыл жүйесінің дамуына әсерін тигізетін қазақтың ұлттық ойындары мен түрлі қозғалыстарын атаңыз? Оның бұлшық еттің шынығуына тигізетін пайдасы қандай?

**2. Брейн-Ринг ойыны.** Сынып үш топқа бөлінеді (А,В,С). Әр оқушыға нөмірлер беріледі. Әр топта бір оқушы жүргізуші болады. Онда сұрақ-жауаптары болады. Әр партада 5-ке бөлініп, нөмірленген шеңбер сызылған плакат орналасқан. Жүргізуші нөмірленген кубикті үстіне тастайды. Қай нөмір шықса, сол нөмірдегі оқушы сұраққа жауап береді. Жүргізуші фишка арқылы бағалайды.

## Тапсырма сұрақтары:

1. Сүйектің құрамы қандай?
2. Бұлшық еттің маңызы неде?
3. Бұлшық еттің қандай түрлері бар?
4. Сымбат дегеніміз не?
5. Буын неден тұрады?
6. Бас сүйегінің бөлімдерін ата.
7. Буын ауруларының пайда болуын әңгімеле.
8. Тірек-қимыл жүйесінің маңызын түсіндір.
9. Бұлшық еттің орналасуын айт.
10. Бұлшық еттің қажуы неден?

**3. Мұғалім-оқушы ойыны.** Оқушылардың тірек-қимыл жүйесі бойынша алған білімдерін өздігінен оқып меңгеруіне және одан әрі дамытуға ықпал ету. Оқулықпен топтық жұмыс жүргізу. Сыныптағы оң жақтағы отырған оқушылар мұғалім, сол жақтағылар оқушылар болып ойынға қатысады. Екі қатарға тапсырма беріледі. Он минуттан соң мұғалім оқушыға өз оқығандарын түсіндіреді. Одан соң рөлдерін ауыстырып, бір-біріне түсіндіреді. Мұғалімнің түсіндіргенін оқытушы оқушылардан сұрайды.

**4. Шығармашылық жұмыс.** Оқушылар ұлттық дене шынықтырудың тірек-қимыл жүйесінің дамуындағы өз орнын нақты дәлелдермен түсіндіруі керек. Мысалы: алтыбақан, қыз қуу, көкпар, ат шабысы, бәйге, күрес, арқан тарту, т.б. Малдас құрып, жамбастап отыру, шынтақтап жату, аяқты көсіліп отыру туралы айтылады. Әр топ өзінің ортасынан жіберген оқушыға көмектесуіне болады. Оқушылардың баяндамасының ауқымдылығы, ғылымилығы ескеріліп баяндалады.

**IV. Үйге тапсырма:** §23-28; Сөзжұмбақ құрастыру.

## ЖЕЛІЛІ ЖАНУАРЛАР

(биология, 7-сынып)

### Сабақтың мақсаты:

1. Қандауыршалар, шеміршекті, сүйекті балықтар класына жататын жануарлардың негізгі ерекшеліктері, тіршілік әрекеті, түрлері жөнінде оқушыларға білім беру;

2. Оқушылардың салыстыра ойлау қабілетін дамыту, биологиялық ойын арқылы белсенділіктерін арттыру. Балықтардың құрылысы, көбеюі, түрлері туралы білімін дамыту;

3. Бір-бірінің жауаптарын мұқият тыңдау арқылы сыйластық сезімдерін қалыптастыру. Жануарлар әлемін қорғауға тәрбиелеу.

**Типі:** қорытындылау сабағы.

**Түрі:** дәстүрлі емес, экспедиция сабақ.

**Әдісі:** сұрақ-жауап.

**Көрнекілігі:** балықтар, қандауырша суреттері, кеспеқағаздар, оқулық кітаптар, диаграмма, кестелер.

### Сабақтың барысы:

#### I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) оқушылармен амандасу, түгелдеу.

ә) сабаққа даярлығын тексеру.

#### II. Мақсат қою кезеңі:

- Оқушылар, қандауырша, балықтар класы бойынша

өткенімізді қорытындылау мақсатында бүгінгі сабағымыз экспедиция сабақ түрінде өтеді. Экспедиция арқылы «білім шыңына» жету көзделеді. Ойын 3 сатыдан тұрады:

1. Экспедицияға дайындық;
2. «Білім шыңына» шығу;
3. «Білім шыңына» жету.

Оқушылар 4 топқа бөлінеді. Топтың атын былайша тандап алады:

- 1-ші топ: Қандауырша тобы;
- 2-ші топ: Акула тобы;
- 3-ші топ: Сазан тобы;
- 4-ші топ: Латимерия тобы.

### **I. Экспедицияға дайындық:**

а) «Жолға не алу керек?».

Жол сөмкелерінде биологиялық терминдер жазылған қағаздар бар. Оқушылар терминдерге түсінік беруі керек.

- 1-топқа: Эпидермис, өрістегіш балықтар, торсылдақ.
- 2-топқа: Ихтиология, патша балығы, желілілер.
- 3-топқа: Плокоидты, жылықанды жануарлар, қандауырша.
- 4-топқа: Шоғал, латимерия, сірқабық.

ә) «Метеоболжам»

Суреттерде бұлттар жапсырылған. Бұлт қағаздың артында сұрақтар мен тапсырмалар бар.

1. Суретте не бейнеленген? Осы жануардың ас қорыту жүйесін айтып беріңіз. (қандауырша)
2. Суретте не бейнеленген? Сыртқы құрылысы жөнінде айтып беріңіз. (акула)
3. Суретте не бейнеленген? Осы балықтардың



көбеюін түсіндір.

(сазан)

4. Суретте қандай балықтың түрі бейнеленген? Осы балық жөнінде не білесіз? (латимерия)

## II. «Білім шыңына» шығу.

«Білім шыңына» шығу жолы қиын, сондықтан да оған тәртіп, сергектік, ақыл-ой керек.

а) «Тәртіп орнату». Жануарларды жіктей білуіміз керек. Ретімен орналастыр:

1. Туыс;
2. Тұқымдас;
3. Тип;
4. Класс;
5. Жануарлар дүниесі (6-1-2-7-4-3-5);
6. Түр;
7. Отряд.

ә) «Ұйықтамай, тыңда!». Топқа сұрақ жазылған кеспеқағаздар беріледі.

1-топ. Желілілерге тән белгілер қандай?

2-топ. Омыртқалы жануарлардың топтарға бөлінуін айт.

3-топ. Шеміршекті балықтардың ми құрылысын түсіндіріңіз.

4-топ. Сүйекті балықтардың түрлері жөнінде әңгімелеңіз.

б) «Ойлан, тап». Топқа сұрақ қойылады. Оқушылар «иә», жоқ» деп жауап береді.

1. Қандауыршада жүрек бар ма? (жоқ)

2. Салқынқанды жануарлардың дене температурасы қоршаған орта температурасына тәуелді ме? (иә)

3. Шеміршекті балықтардың терісі екі қабаттан тұрады ма? (иә)

4. Шеміршекті балықтарда торсылдақ бар ма? (жоқ)  
 5. Сүйекті балықтар іштей ұрықтанады ма? (жоқ)  
 6. Шеміршекті балықтардың терісі плокоидты қабыршақпен қапталған ба? (иә)

7. Қандауыршаның ас қорыту жүйесі клоакамен аяқталады ма? (жоқ)

8. Балықтар дара жынысты ма? (иә)

### III. «Білім шыңына» жету.

а) «Бірінші асудан асу»

Оқулықтағы кестені толтырамыз. (178-бет)

Қандауыршаға тән белгілер	Акулаға тән белгілер
1,3,6,7,10,11	2,4,5,8,9,12,13

Бағалауы: 12-13/ «5»  
 10-11/ «4»  
 8-9/ «3»

ә) «Екінші асудан асу». (183-бет)

Кестені толтыр.

Шеміршекті балықтар	Сүйекті балықтар
2,3,5,7,9,11,12,14,17	1,4,6,8,10,13,15,16

Бағалауы: 16-17/ «5»  
 14-15/ «4»  
 12-13/ «3»

б) «Тасты жартас».

Әр топқа бір-бір парақ қағаз беріледі. Сол параққа әр оқушы білгенін жазып, келесі оқушыға ұсынып отырады. Ең соңғы жазған оқушы қағазды толық оқып шығады.

а) Желілі жануарлар жөнінде

ә) Балықтар туралы

**V. Үйге тапсырма.** Зертханалық жұмысқа дайындық.

## **VI. Бағалау:**

а) топты бағалау;

ә) жеке оқушыларды бағалау (жетон арқылы).

## **VII. Көп жетон жинаған топ өз туын «Білім шыңына»**

апарып қадайды.

- Осыдан 60 жыл бұрын, яғни, 1945 жылы 30 сәуірде совет жауынгерлері рейхстагқа өз туларын апарып тікті. Бұл рейхстаг үшін шайқасқа 674-ші атқыштар батальоны көп еңбек сіңірді. Оның ішінде біздің қазақстандықтар да көп болды. Алғашқы болып рейхстагқа ту тіккен - Рахымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов. Олардың қатарында қостанайлық Илья Сьянов та болды. 30 сәуірде кешкілік жауынгерлер Берлин қаласында Жеңіс туын желбіретті. Жеңіс туын желбіреткен батырларымызды орнымыздан тұрып еске алайық!

---

---

*Сөз тапқанға қолқа жоқ*

### **Ахмет пен Ғазиза**

Профессор Ахмет Жұбанов пианинода бір шығарманы ойнап отырса, қызы Ғазиза келіп:

—Осы бір тұста нотаны ылғи қате аласыз, - депті.

Сонда Ахаң пианино ойнауын тоқтатып, қызына ошарыла бұрылып:

— Қызым-ау, мен сен сияқты академиктің баласы емеспін ғой, - деген екен.

(Сөз тақанға қолқа жоқ. А., «Жазушы»; 1988. 268-бет)

Назигүл НҰРЛАНОВА,  
Күләш СЕЙСЕБАЕВА,  
Қарағанды облысының  
Бұқар жырау ауданындағы  
Елтай орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімдері.

## СЫН ЕСІМ ШЫРАЙЛАРЫН ҚАЙТАЛАУ

### Сабақтың мақсаты:

**Білімділік** - оқушылардың сын есім мен сын есім шырайлары туралы білімін бекіту.

**Тәрбиелік** - ұйыммен жұмыс істеуге баулу, қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру.

**Дамытушылық** – нақты мысалдар келтіру арқылы оқушының сөйлеу дағдысын дамыту, танымдық деңгейін көтеру.

**Көрнекілігі:** таблицалар, грамматикалық кестелер, оқушыларды бағалау парағы, қоржын, сөзжұмбақ.

**Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, грамматикалық тапсырмалар, ойын түрлері.

**Түрі:** сайыс ойын сабағы.

### Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!
- Сыныпта кім кезекші?
- Сыныпта кім жоқ?

Оқушыларды түгелдегеннен кейін оларға келесі

сұрақтар қойылады:

- Балалар, қандай жабайы аңдарды білесіңдер?
- Аңдардың мінездері қандай болады?
- Олар қайда тіршілік етеді?
- Жабайы аңдар немен қоректенеді?

**Мұғалім:** - Балалар, біз бүгін ерекше сабақ өтеміз.

Алдында өткен сын есім шырайларын қайталау болғандықтан сабағымыз сайыс түрінде өтеді. Ол үшін сыныпты екі бөліп отырмыз. Сондықтан алғашқы сөзді осы екі топқа берейік.

Екі топ өздерінің аты мен ұрандарын айтады.

**1-топ - «Тапқырлар»:**

Гүлденген мына даламыз,

Білім қуған баламыз.

«Ойшылдарға» «Тапқырлар»

Сәлем берді, қараңыз!

**2-топ - «Ойшылдар»:**

Қабыл алдық сәлемін,

Гүлденген барша әлемім.

«Тапқырлар», табыс тілейміз,

Арта берсін мерейің!

- Ал, енді, өздеріңнің қандай тапқыр, ойшыл екендіктеріңді осы сабақта көрсете біледі деп ойлаймыз.

Топ басшыларының алдында топ мүшелерінің тізімі жатыр. Топ басшысының міндеті - оқушылардың тұсына жауап берген сайын белгі соғып отыру. Сабақтың аяғына қарай осы тізім бойынша қорытынды шығарылады. Сонымен, іске сәт!

**1-сайыс. Үй тапсырмасы.**

3 сөйлем құрастырып келу. Бір сөйлемде - сын есімнің жай түрі, екінші сөйлемде - асырмалы шырай

түрі, үшінші сөйлемде - салыстырмалы шырай түрі болуы керек (Оқушылар дайындап келген сөйлемдерін оқиды). Мысалы: Мынау-жақсы кітап. Мынау-жақсылау кітап. Мынау-өте жақсы кітап.

- Өте жақсы. Бірінші сайыстан сүрінбей өттіңдер. Енді екінші сайысқа көшейік.

### **2-сайыс. «Сұрақ-жауап».**

Екі топқа жалпы сұрақ қойылады. Сұрақ:

- Қандай сөзді сын есім деп атайды?
- Сын есімдер тұлғасына қарай қалай бөлінеді?
- Құрамына қарай қалай бөлінеді?
- Лау/леу, дау/деу, тау/теу қай шырайдың жұрнақтары?

- Асырмалы шырай қалай жасалады?
- Өте жылы. Қай шырай түріне жатады?
- Туынды сын есімді табыңдар. Көркем, ақылды.
- Салыстырмалы шырайды көрсетіңдер. Үлкендеу, ең арзан, көркем. Өте тамаша.

- Ендігі кезекті грамматикаға берейік.

**3-сайыс.** Қазір сендерге қағаз таратамын. Қағазға жай сын есімдер жазылған. Сендердің міндеттерің - жай сын есімдерден салыстырмалы және асырмалы шырай түрлерін жасайсыңдар.

1 топ - салыстырмалы түрін, ал, 2-топ - асырмалы түрін жасайды.

Мысалы: аласа - аласалау - өте аласа.

**Берілетін сөздер ( аласа, қара, толық, кіші, үлкен, терең, қатты, жақын, жұмсақ, жаңа).**

Оқушыларға 1 минут уақыт беріледі. Содан кейін әр топтан бір- бір оқушыдан шығып, тақтаға жазып оқиды, аударады.

#### **4-сайыс.**

- Сөйтіп кезек «Сиқырлы қоржынға» да келді. Қоржында әр түрлі ойыншықтар болады. Әр топтан бір-бірден оқушы шығып, заттың атын атауы керек. Ойыншықты сипаттап, салыстырмалы, асырмалы түрде айтуы керек.

#### **5-сайыс. Мәтінмен жұмыс.**

Топқа мәтін беріледі. Оқушылар мәтіннен шырай түрлерін тауып айтуы керек. Мәтін оқылып, аударылады.

#### **6-сайыс.**

- Келесі сайысымыз- «Әрі оқу, әрі ойын» деп аталады. Мен сөздерді орысша айтамын, сендер қазақша атауын айтасыңдар.

Язык - тіл.

Твердый - қатты.

Знай –біл.

Нашел - тапты.

Магазин - дүкен.

Народ - халық.

Большой - үлкен.

Рыба - балық.

Новый - жаңа.

Солнце - Күн.

Город - қала.

Ночь - түн.


Лопата - күрек.

Мясо - ет.

Сердце - жүрек.

Лицо - бет.

## 7-сайыс. Сөзжұмбақ.



1. Плохой.
2. Твердый.
3. Худой.
4. Черный.
5. Задумчивый.

**Бекіту.** Ағаш отырғызу. Оқушыларға сұрақ қоя отырып, ағаш отырғызамыз.

**Қорытынды.** Оқушыларды бағалау. Үй жұмысы.





## БЕСІК ЖЫРЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Еліміздің егемендік алып, ұлттық тіл өз мәртебесіне ие болып, мемлекеттік тіл аталып отырғанына да көп уақыт болған жоқ. Осы ретте мемлекетіміздің тарих көшінен қалып қоймай, өркениетті елдер қатарына қосылып, тұрақтануы үшін, әлемдік деңгейде қазақ ұлтын таныту үшін оның ұлттық болмысын көрсететін рухани дүниелерін, бай мұраларын таныту қажет. Халықтың мұраларын жеткізуші - ана тілінің мерейін асқақтатып, қызмет ету аясын кеңейтіп арттыруда, оның даму процесін танып-білуде жан-жақты зерттеу жұмысын жүргізу - бүгінгі күн талаптарының бірі.

Бала өміріне бастау болатын арна - ана поэзиясы. Ананың арман-тілектерге бай бесік жырлары сәби жүрегіне аналық махаббаттың, сүйіспеншіліктің, адамгершіліктің негіздерін ұялатады. Баланың жан-дүниесінде әлди жырлар арқылы тәрбие мен ұлттық сана қалыптасып, этномәдени нәр себеді. «Тәрбие тал бесіктен басталады» демекші, тәрбие өзегін адамның сәбилік кезеңінен қолға алып, бесіктегі күнінен ұлттық, рухани тәрбиемен сусындату қажет. Бесік жырларының әуені әр балалы отбасында айтылуы - ұлтымызды сақтаудың бірден-бір тура жолы.

Н.Ә.Назарбаевтың «Еңсесін енді көтеріп келе

жатқан біздің еліміз үшін дарынды ұрпақтың орны мүлде бөлек» деп айтқан сөздерін құптай отырып, «көңілдің гүлі, көздің нұры» болған ұрпақ тәрбиесіне деген ынтамызды күшейте түсу - әр азаматтың парызы. «Баланды бес жасқа дейін хандай көтер, он бес жасқа дейін құлдай жұмса, он бестен әрі досындай ақылдас» деген қағиданы ұстай отырып, ата- ана балаларын тәрбиелі, өнегелі, өнерлі, саналы, білімді етіп өсіруді міндет тұтады.

Бесік жырлары ерте заманнан келе жатқан тәрбие бастауы болып табылады. Ана мен сәби арасындағы алтын көпір байланысы болып табылатын бесік жырларының бала психологиясына тигізер әсері орасан зор.

Бесік жырларының бір қасиеті - оның адам жадында өмірлік есте қалуы. Мысалы, Нана Джанелидзенің «Бесік» атты фильмінің басты мазмұны - туған үйінен ұрланып кеткен қыздың шет елде өткен өмірі бейнеленеді. Отанына оралған қыздың есіне балалық шағында анасы жырлаған бесік жырлары ғана таныс болып, туған тілін бесік жырлары арқылы қайтадан жандандырады.

### **Бесік жырлары жайлы дәйектемелер:**

- «Бесік жырлары ертеден келе жатыр. Оны әуел баста ақындар шығарған, соңынан жұрт жаттап алып айтып жүретін болған. Бесік жырларында айтылатын тілек, ақыл- өсиеттерінен халықтың нені аңсап, нені көкsegені көрінеді. Бесік жырлары «әлди» деп басталады да, халық жас баланың болашақта кім болып өсуін, қандай қызмет атқаруын қалайтындығын ана сөзімен баяндайды» (М.Ғабдуллин).

- «Өз баласы халыққа әр жақты өнерімен, білімімен, игілікті ісімен қызмет етіп танылса дегенді арман еткен. Ата-аналардың бала тәрбиелеудегі басты борышы мен ізгі ниеті де, міндеті де осы болған. Ол бесіктегі жас баланың болашағын ойлайды» (С.Сейфуллин).

- «Баланың есту сезімін ілгерілету үшін балаға түрлі музыка құралдарының үнін естірте беру керек. Домбыраға түрлі күй тартып отырсаң, алдында отырған бала тырп етпей, шын ынтасымен тыңдап отырмай ма? Баланың есту сезіміне аса көп әсер беретін- бесік жыры. Баланы қолына алған, баланың бесігі жанына ана аузына тас салғандай үндемей отырмасын. Жырлай берсін. Бала сөзін ұқпаса да, күйінен әсерленеді. Жас балаға қазақтың «әлди, әлди, ақ бөпем» деп басталатын бесік жырын жырлау керек. Бұл жырдың күйі де, сөзі де тәтті» (М.Жұмабаев).

- «Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Бұл жырларда халықтың төл тарихының, дәстүрлі мәдениетінің, ежелгі наным-сенімнің, дүниетанымның көріністері бар. Бесік жырларының басты қызметі - бесік тербелісіне ыңғайлас сазды әуен, ырғақты сөзбен баланы тынышталдыра отырып, оның жан дүниесі мен санасына ұлттық тәрбиенің нәрін сіңіру. Сырлы сөзбен сазды әуен астасып келетін бесік жырлары қазақ әйелінің жан- дүниесін танытатын, әр кезеңдік ел тұрмысынан мол мағлұмат беретін ауқымы кең жанр. Оның осы мүмкіншілігін кейінгі жазба әдебиет өкілдері мен сазгерлер кеңінен пайдаланып жүр. Бесік жырларын кәсіби қазақ музыкасында ән жанры және аспаптық музыка түрінде танытады»

(Энциклопедиялық анықтама).

**Бесік бұйымы жайында:** Бесік жабдықтарына жазғы және қысқы жабуы, қолбау, тартпа бау, баулар байланатын бел ағаш, бас жастық, екі бел жастық, аяқ жастық, бел көрпеше, аяқ көрпеше, арқалық ағаш, бесіктің басы, бесіктің аяғы, арқалыққа ілінетін жез қоңырау жатады.

Бесік жасауда ұсталар өте мұқият болған, себебі оны шебер жасаудың өз әдіс- тәсілдері бар, мысалы, «Бесік иіп кептірілген талдан жасалады. Екі басын қайың ағаштан да шауып жасауы мүмкін. Астына тақтай салып, дәрет жүретін жерді ойып қояды. Оған киізден түбек жасап кигізеді. Баланы орайтын кеудеше, аяқ жақты қымтайтын көрпешемен (оны жөргек деп атайды) орап, таңып қояды, басына кішкене жастық салады. Баланың бесікке кіші дәретке отыруына қолайлы етіп қойдың асық жілігінен тесіп шүмек, үлкен дәретке арнап киізден түбек жасайды. Оған орта беліне дейін күл салады.

Бала бөленгенде бесіктің үстіне жеті нәрсе жабады. Әр жабылған нәрсенің өзіндік мәні бар. Бесіктің бала тәрбиесіне ыңғайлылығы: біріншіден, көшіп-қонғанда түйеге артып жүруге қолайлы, екіншіден, баланы емізуге өте ыңғайлы. Баланы жөргектен шешіп жатпай- ақ ана бесікке асылып отырып та емізе береді. Тіпті, анасы емізе отырып, мызғып та алады. Үшіншіден, бесік баланың денесінің тазалығына, ұйықтауына қолайлы. Денесі құрғақ болса, бала жайлы жатып, тыныш ұйықтайды. Ал бала денесінің өсуі үшін ұйқы аса қажет. Қазақ бесікті өте қадірлеген.»

Халық ұғымында, сәби туғаннан соң, бірнеше ритуалдық ғұрыптардың орындалуы қажет, егер

бұл ғұрыптар орындалмаса, сәби әлсіз болып, олар ержеткенде ұлттық және рухани байлықтан құр болады деген түсініктер бар. Жаңа туған нәресте ерекше бағып-қағуды қажет етеді. Сәбиге тіл-көз тимеу үшін оны бөгде-бөтендерге көрсетпей ұстайды, қасына пышақ немесе сіріңке, қайшы сияқты қорғаныш құралдарын қояды. Әр түрлі кішкене тас бұйымдарын, түйреуіш тағып, бетіне күйе жағады. Мысалы, «жылқы жалының қылы жын-шайтаннан, қауіп-қатерден сақтайды» деген сенім бойынша, оны бесіктің арқалығына байлап қойған және баланың мойнына аттың жалынан, кекілінен қыл жұлып алып, шүберекке тігіп, тұмар етіп тағып қойған немесе үкінің тұяғын, қасқырдың азу тісін, кірпі терісін, жыланның бас сүйегін, аюдың тісін, т.б. сәбидің бесігіне іліп қойған. Осындай ұлттық рәсімдердің арасында тәрбиеленген сәби есейген шағында ақ-қараны айырып, ұлттық бейнесінен сусындап, этно-мәдени әдеттерді бойына сіңірген азамат болады.

### **Бесікке қатысты этнолингвомәдени айшықтық мәдени ырымдар мен тыйымдар:**

- бос бесікке жын-шайтан ұя салмасын деп отпен аластап, оны ақ матамен орап қояды;
- бесіктің бетін ашық қалдыруға болмайды;
- бос бесікті тербетуге болмайды;
- бос бесікті тербеткен адам ұрпақсыз қалуы мүмкін;
- бесік - ұрпақ жалғастыратын бұйым. Оны аяқ астына тастауға, сатуға болмайды. Көп балалы үйдің бесігін төрге іліп, қастерлеген, кейін жас отауға ырымдап сыйлаған;
- баланы түнде бесігімен түзге шығармайды.

Бесікке сәбиді бөлеу жайлы түрлі дау-дамайлар

бар. Кейбір зерттеушілер оның сәби денсаулығына, оның өсіп-өнуіне пайдасын айтса, кей ғалымдар оны сәби денсаулығына зиян деп есептейді. Ә.Өмешұлы халқымызда тәлім-тәрбиесіз балаларды «бесік көрмеген» деп, керісінше, ұстамды да ұқыпты балаларды «бесік көрген» деп айтуында үлкен мән бар және атадан балаға мұра болып келген бұйым- бесікті бала мінез- құлқын қалыптастыруында және тұла бойының таза болуында атқаратын қызметін халық арасында насихаттау керектігін айтады.

Ұлттық бұйым - бесік, онымен тікелей байланысты бесік жырлары - халық рухының, тұрмысының, әдет-салтының, мінез-құлқының, өмір-сипатының этнолингвомәдени бейнесі. Қазақ бесік жырларының түп-төркіні - қазақтың этномәдени «Бесік» сөзі Төле бидің «Баланың бесігі - кең дүниенің есігі», - деген дуалы сөзі қазақтың аса шеберлікпен жасалған ұлттық бұйымының қадірлі екендігін дәлелдейді.

«Тәрбие тал бесіктен басталады», сондықтан тәрбие өзегін сәбилік кезеңнен бастау шарт. Ұрпақтың келешекте үлкен азамат болуы үшін оны балалық шағынан ұлттық, рухани тәрбиемен сусындату қажет. Сәби өмірге келген күннен-ақ отбасында сәбиді бағып-қағу барысында әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер өріс алады. Бесік жырлары-балаға деген мейірбандықтың белгісі болуымен қатар, халықтың гуманистік рухын қалыптастырудың бірден-бір жолы саналады.

Қорыта келгенде, бесік жырлары - келешек қоғам мүрагерлерін тәрбиелеуіне әлі де болса өз ықпалын тигізері хақ. Ұрпақ тәрбиесі- мемлекеттік маңызы зор, аса жауапты іс.

Алтын ҰСТАҒАЛИЕВА,  
Ұлбосын МЕЛДЕБЕКОВА,  
Жамбыл облысының  
Талас ауданындағы  
Ш.Уәлиханов атындағы  
орта мектептің қазақ тілі мен  
әдебиеті пәнінің мұғалімдері.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Жоғары оқу орындарында қазіргі заман талабына орай оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану білім сапасын жоғарылатып, білімгерлердің танымдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Педагогикалық тәжірибе көрсетіп отырғандай, білім беру процесіндегі кез келген жаңашылдық оқу үрдісін жоспарлауда елеулі өзгерістер енгізеді. Сапалы білім беру жүйесін қалыптастыру үшін оқытудың белгілі бір жекелеген әдісі немесе тәсілі емес, алға қойылған дидактикалық мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдердің жиынтығы болып табылатын тұтастай педагогикалық технология қажет.

Компьютерлік технологиялар адам қызметінің барлық салаларына - ғылымға, өндіріске, тұрмыспен білім беру салаларына енген қазіргі кезеңде қоғам дамуының жаңа, компьютерлік дәуірі туғаны туралы айтуға болады. Қазіргі кезде электрондық

құралдарды пайдалана білу екінші сауаттылық деп қабылдана бастағаны да белгілі. Білім беру саласын компьютерлендіру тек компьютерлік сауаттылық немесе информатика негіздерін үйреніп қою ғана емес. Бұл - ең алдымен, оқытушылардың, оқушылар мен білімгерлердің еңбек өнімділігін жоғарылату құралы, оқыту мен өз бетінше білім алудың қарқындылығы мен тиімділігін арттыратын тәсілдер.

Компьютерлік технологияларды пайдаланбай, дәстүрлі әдістермен сабақ өткізу барысында оқытушы үйреншікті кестелер мен сызбалар жиынтығын ғана пайдаланумен шектеледі, өз бетінше түрлі-түсті плакат, суреттерді, сызбаларды дайындау көп еңбек пен уақытты қажет етеді. Сабақты қызықты ұйымдастырып өткізу, іс жүзінде эксперимент жүргізу бірқатар себептерге байланысты мүмкін бола бермейді.

Қазіргі заманғы компьютерлік технологиялар қажетті мәтінді экраннан көрсетуге ғана емес, кез келген графикалық сызбаларды, жоғары сапалы фотосуреттерді, слайдтарды көрсетіп, анимацияларды, дыбысты және бейнефильмдерді пайдалануға мол мүмкіндіктер береді.

Лекциялық сабақтарды өткізуде, практикалық және лабораториялық сабақтарда көрнекілік ретінде электрондық құралдарды пайдаланудың көптеген артықшылықтары қазіргі кезде тәжірибе жүзінде байқалып жүр.

**Біріншіден,** терминдер мен кестелерді, басқа да қажетті мәліметтерді тақтаға жазу, графикалық элементтердің сызбасын салу сабақ өткізу кезінде оқытушының біршама уақытын алады. Кейде белгілі бір



мәселе бойынша сұрақтар туындап, тақтаға салынған кестеге қайта оралған жағдайда, оны қайтадан сызу қажет болады. Ал электрондық құралдарды пайдалану кезінде ақпараттық мәліметтердің кез келгенін қажет болған кезде пайдалануға болады.

**Екіншіден**, егер дәріс оқу кезінде білімгер экраннан қажетті мәліметті жазып алуға немесе көшіріп сызып алуға үлгермесе, сабақ аяқталғаннан кейін электрондық құралдың өзіне керек бетін ашып, қажетті мәліметті алуына мүмкіндік бар.

**Үшіншіден**, дәріс алушылардың сабақтың алдында дәрісте баяндалатын тақырыпқа қатысты ақпаратпен алдын ала танысуларына мүмкіндіктері бар.

**Төртіншіден**, басты мәселені немесе тақырыпты белгілі бір түске бояу, астын сызу, анимацияның көмегімен беру арқылы оған тыңдаушылардың назарын аудартуға болады.

**Бесіншіден**, дәріс оқуда қолданылатын компьютерлік технологиялардың жаңашылдығы білім алушылардың қызығушылығын арттырып, тақырыпты жан-жақты меңгеруге ынталандырады.

Қоғамдық дамудың бағыттарынан туатын педагогикалық теория мен тәжірибенің міндеті білім беруді қазіргі заман талабына сай жүргізе білуде болып табылады. Білім берудің ойдағыдай жүргізілуінің тиісті нәтижесі білімгерлердің меңгерген білімі мен дағдыларының, танымдық түсініктерінің жоғары деңгейде болуымен айқындалады.

Жоғары оқу орындарында оқу материалының әдістемелік жағына жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбеуі танымдық қызмет тәсілдерін үйретуде кері әсерін тигізеді.

Оқу бағдарламаларында білімгерлер меңгеретін білім мен дағдылар ғана емес, сонымен қатар оқу пәнінің әдістемелік міндеттері де, яғни, меңгерілген білімді дағдыға, іс-әрекет тәсілдеріне айналдыратын әдістер де қамтылғаны дұрыс. Оқытудың принциптері мен ережелері деген ұғым әрекет ету тәсілдерін, белгілі бір құбылысты зерттеу әдістерін нақты сипаттайтындай дәрежеде қолданылуы тиіс.

Оқу материалының әдістемелік міндеттерін арттыру білімгерлерді оқу курсының әр тақырыбы бойынша алған білімдерін қолдануға қатысты ережелердің барлығын жаттап алуға міндеттеу болып табылмайды. Мұндай ережелерді, білім берудің әдіс-тәсілдерін тиімді қолдануды компьютерлік технологияларды оқу үрдісінде пайдалану арқылы қалыптастыру қажет.

Компьютерлік технологияларды теориялық, практикалық және лабораториялық сабақ түрлерінде қолданудың мүмкіндіктері мен қажеттілігінің шарттары төмендегідей:

- білім беру барысында қолданылып жүрген дидактикалық принциптерге сәйкес нақты мақсаттарды белгілеу;

- тыңдаушылар контингентін, олардың жас ерекшеліктерін, дайындық деңгейін және оқу топтарының құрамын ескеру қажет;

- оқу сабақтарында көру арқылы элементтерді, есте сақтауға арналған терминдер, мен формулаларды, ережелерді ұсынудың қажеттілігі;

- сабақ барысында динамикалық жүйелілік пен бейнеүзінділерді қолданудың қажеттілігі;

- оқытушының компьютерлік бағдарламаларды пайдалана білу сауаттылығы;

- оқу аудиториялары мен дәрісханаларының қажетті құрал-жабдықтармен және бағдарламалық тұрғыдан қамтамасыз етілуі;

- бұрын дайындалған немесе оқытушының өзі дайындаған электрондық құралдарды қолдану;

- дайындық деңгейі әр түрлі топтарда мазмұны жағынан біртектес, қарастыру және талдау деңгейі әр түрлі ақпараттық материалдарды пайдалану.

Қазіргі кезде оқытушылардың өз тәжірибелері мен шығармашылық шеберлігін пайдаланып, кез келген оқу пәні бойынша авторлық курс дайындауға мол мүмкіндіктер бар. Бұл сабақ барысында теориялық материалды көбірек мөлшерде беруге және уақытты ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабақтарында интербелсенді әдістерді, компьютерлік технологияларды пайдалану қазіргі кездегі заман талабына сай кең өріс алуда. Болашақта тіл мамандары болатын білімгерлердің тілдік материалды теориялық жағынан жете меңгеріп, танымдық және машықтық дағдыларын қалыптастыруда тілдік талдау жүргізудің маңызы зор. Тілдік талдау - теориялық материалды жете меңгеріп, оны саралауға, білімді тиянақтауға, білімгерлердің танымдық ынтасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін қолайлы тәсіл. Тілдік талдауларды орындау тәсілдерін үйретудің нәтижелі болуы оқу материалында оқытудың әдістемелік негіздерінің тиімді берілуімен айқындалады. Қазақ тілінің әр саласы бойынша талдау жұмыстарын жүргізу білімгердің теориялық білімін іс жүзінде - жаттығу жұмыстарын орындауда қолдануға дағдыландырады, оның тілді зерттеуде өз қабілетін жан-жақты дамытуына жағдай жасайды.

Сонымен қатар, талдау жұмыстарын жүргізе отырып, пән оқытушысы әр білімгердің белгілі бір тақырыпты қалай меңгергенін, қандай кемшіліктері бар екенін анықтап, сол бойынша жұмыс бағыттарын белгілей алады.

Теория мен әдістемелік принциптердің тығыз байланысы білімгердің практикалық дағдылары қалыптасуының нәтижесінде оның алған білімінің тереңірек және мазмұндырақ, яғни, теориялық жағынан тиянақты және терең болуынан байқалады.

Заман талабы жоғары оқу орындарында мамандар даярлау ісі мен мектеп оқушыларына сапалы білім беру ісіне үлкен жауапкершілік жүктеп, маңызды міндеттер қоюда. Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау үшін жоғары оқу орындары мен орта мектептердегі оқу үрдісінің тиімділігін арттыру және өмір талабына сай жаңа технологиялар мен тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындайды.

Осы тұрғыдан алғанда, соңғы жылдары мектептер мен жоғары оқу орындарының бағдарламаларына кеңінен енгізіле бастаған оқитудың жаңа технологиясы бойынша тілдік материалдарды сатылай комплексті талдаудың маңызы ерекше.

Тілдің әр саласы оқулықта болсын, ғылыми еңбекте болсын белгілі бір жүйемен беріледі. Тілдік талдау осы жүйені негізге ала отырып, сатылы түрде жүргізіледі. Сатылай комплексті талдау - тілдік материалды білімгерлерге ғылыми негізде меңгертудің бір жолы. Сатылай комплексті талдау жүргізуде тілдік материалды белгілі бір жүйемен орналастырған сызба басшылыққа алынады. Тілдік материалды белгілі бір жүйе бойынша талдау білімгерлердің теориялық материалды жан-

жақты жете меңгеріп, әр сала бойынша тиянақты талдау дағдыларын қалыптастыруына зор ықпалын тигізеді.

Білімгерлердің қазақ тілі пәні бойынша меңгерген теориялық білімдерін тиянақты бекітуде қазіргі кезде оқытудың жаңа технологиясы бойынша жүргізілетін сатылай комплексті талдауды меңгертудің маңызы зор. Тілдің әр саласы бойынша сатылай талдау жүргізуде компьютерлік технологияларды пайдалану талдау дағдыларын қалыптастырудың тиімділігін одан әрі арттыра түсетін маңызды фактор болып табылады.

Тіл сабақтарында қолдануға арналған электрондық құралдарды дайындау және пайдалану үшін бірқатар дайындық жұмыстары жүргізілуі тиіс:

- Оқытушының қолданылып жүрген компьютерлік технологияларды терең зерттеп, оларды тиімді пайдалануды үйренуі немесе бағдарламашы маманның қатысуымен өзінің электрондық құралын дайындау;

- Электрондық құралға енгізілетін теориялық материалдарды мұқият іріктеп, оның компьютер арқылы берілу мүмкіндіктерін ескере отырып үлгілеу, сұрақтар мен тапсырмаларды, талдау жүргізу үлгілерін дайындау, олардың қолданыстағы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес болуын қадағалау, электрондық құралға енгізілетін материалдарда стандартты терминология мен талдаудың шартты белгілерін пайдалану;

- Қажетті теориялық материалдардың, сұрақтар мен тапсырмалардың базалық дайындыққа қажетті көлемін оқу түрін есепке ала отырып белгілеу;

- Білімгерлердің бұған дейін тіл білімі саласының теориялық курсы бойынша меңгерген білімі мен

дағдыларының деңгейін, пәнаралық байланыстар туралы алған мағлұматтарын қамтитын дайындық деңгейін ескеру;

- Электрондық құралдың сыртқы көрнекілік түрінің эстетикалық тұрғыдан жағымды қабылдануына міндетті түрде мән беру қажет.

Қазақ тілі сабақтарында электрондық құралды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету шарттары:

- Берілетін теориялық материалдар мен талдау үлгілері білімгердің қабылдауына қиындық туғызбайтындай мөлшерде және оқу бағдарламасының аясында берілуі тиіс;

- Ақпараттық мағлұматтарда жекелеген тараулар, тақырып атаулары ерекшелеп бейнеленуі тиіс;

- Электрондық құралды көрсететін жабдықтың ерекшеліктеріне байланысты (компьютер монитормы, теледидар, проектор қондырғысы) жазу шрифттерінің көлемі мен бояуын дұрыс таңдау қажет;

- Суреттер мен жазулардың, талдау үлгілерінің бейнеленуі жеткілікті деңгейде түрлі-түсті болуына, түстердің көзге кері әсер етпейтіндей үйлесімді болуына назар аудару қажет;

- Электрондық құралда әр түрлі кестелерді, тақырып мазмұнына сәйкес анимациялық және бейнекөріністерді қолдануға болады.

- Ұсынылатын материалдың күрделілігіне және оқу тобының дайындық деңгейіне қарай құралдың әр тарауға немесе тақырыпқа байланысты теориялық бөлімдер бойынша білімді тексеруге арналған тест сұрақтары немесе талдау тапсырмалары берілуі тиіс.

Электрондық оқу құралдары берілетін мағлұматты

көрнекі, бейнелі және әсерлі жеткізуге, сабақ барысында тыңдаушылардың ынтасын арттырып, тақырыптың басты мәселесін үнемі назарда ұстауға мүмкіндік береді. Оқу топтарының дайындық деңгейіне қарай бір тақырыптағы лекциялық немесе практикалық сабақты электрондық құралдың көмегімен әр түрлі нұсқада түрлендіріп өткізуге де болады. Бұл оқытушылардан инновациялық технологияларды пайдалана отырып, өзінің тәжірибесін жетілдіруде және шеберлігін арттыра түсуде шығармашылықпен жұмыс істеуді талап етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Т.Мейірманқұлова. Білім берудегі инновациялық технологиялар. А.,2005.
2. Н.Оразақынова. Сатылай комплексті талдау. А., 2002.
3. О.Б.Тыщенко. Дидактическое условие применения компьютерных технологий в обучении. М.,2003.

---

**Бақытханым ТАТАХАНОВА,**  
**Орал қаласындағы**  
**№34 мектеп-гимназиясының**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**

## **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Жаңа қоғамның тізгінін берік ұстайтын еркін елдің ертеңгі кемеңгерін оқыту, тәрбиелеу бесіктен, баланың нәрестелік шағынан басталып, ұдайы үздіксіз даму

барысында ғана қалыптасатыны белгілі. Бұл білім беру жүйесінің барлық буындарына үлкен міндеттер жүктейді. Ол міндеттер Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» мен басқа да мемлекеттік құжаттарда нақты көрсетілген.

Білім беру жүйесінде сабақтастық мәселесі жаңалық емес. Қазақстан Республикасы Үкіметінің соңғы кездердегі тәрбие және білім беруге байланысты барлық негізгі құжаттарында сабақтастық үздіксіз білім берудің негізгі құралы ретінде қарастырылады.

Сабақтастық дегеніміз - оқытудың әр түрлі кезеңдерінің немесе формаларының шектесетін жеріндегі үздіксіз жалғастық./3/

Оқыту мен білім беру тәжірибесі педогогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Сол себепті қазақ әдебиетін оқытуда ақпараттық талдау технологиясын қолданудың маңыздылығы зор. Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютер де оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, қазақ әдебиеті сабағын компьютердің қуаттануымен жүргізу - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Соңғы жылдары қазақ әдебиеті пәнінде компьютерлік техниканы пайдалану, слайдты тиімді қолдана білу белсенді түрде жүзеге асырылуда. Ақпараттық талдау технологиясы дегеніміз - оқу және оқу-әдістемелік материалдар жинағы, ғылыми білімнің жүйесін оқытушылар мен оқушылар еңбектерін жүзеге асыру үшін қолдану формалары мен әдістері болып табылады.

Жаңа ақпараттық технология қазақ әдебиеті пәнін



оқытудың мазмұнын, әдісін және ұйымдастыру түрлерін сапалы өзгертуіне мүмкіндік береді. Оқу үрдісін ізгілендіру, жекелеу, қарқындату оқытудың сапасын арттырады. Оны тиімді қолданудың негіздері қарастырылады:

1. Оқыту үрдісі сапасы мен тиімділігін, танымдық іс-әрекет белсенділігін көтеру, пәнаралық байланыстарды тереңдету, қажет ақпаратты іздеу тиімділігі мен көлемін кеңейту.

2. Қоғам жағдайында жабдықталған өмірге өзіндік дайындықтар жүргізу, яғни, әр түрлі ойлау қабілетінің түрлерін, байланыс жолдары қабілеттілігін қалыптастыру, компьютерлік графика, электрондық кестелер, мәтіндік ақпараттық технологияны пайдалану арқылы эстетикалық тәрбиелеу, ақпаратты өндіруді жүзеге асыра білу.

Қазақ әдебиетін оқытуда «Электрондық оқулықтарды» пайдалану оқушылардың танымдық-белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық еңбек етуіне жағдай туғызады.

Қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Осы ұстанымды басшылыққа алған мектепте оқу бағдарламамыз оқулық негізінде құралған. Әр сабаққа арналған бейнекөрініс сол электрондық оқулықта бар. Бұл электрондық оқулық әр тақырыпқа байланысты тиімді, мұғалім көп ізденбей дайын мәтіндік тапсырмаларды пайдалануға мүмкіндігі толық жеткілікті. Сондықтан да электрондық оқулық құрылысы сапалы деңгейде болуы тиіс. Электрондық оқулық материалының мазмұнынан үйренуші дәрістің

кез келген үзіндісін қайталауға мүмкіншілігі бар. Соныман қатар оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, оқылған материалды еске түсіруге де ықпал етеді.

Қазақ әдебиетін оқытуда электрондық оқулықтарды қолдану барысында сабаққа деген қызығушылығы күрт артқандығы байқалады. Әр тақырыптағы теориялық білімді, мәліметті тауып алып, оқып үйренуге болады. Шығармашылық тапсырмалармен білімді меңгеруге арналған тест сұрақтарымен қамтамасыз етілген./4/

Электронды оқулықпен жұмыс жасай отырып, кез келген тапсырманы аяғына дейін орындау мүмкіндігіне ие болады. Себебі мынау: оған қажетті көмек көрсетіліп отырады. Егер тиімді оқытатын жүйелер пайдаланылса, оған тапсырманың шешімі де түсіндіріледі. Оқушылар белсенді түрде оқу үрдісіне тартылады. Дәстүрлі оқыту жүйесінің жетіспейтін жағы - оқу іс-әрекетін бақылаудың сапасы өзгереді. Дәстүрлі оқытудың негізгі кемшілігі - оқу іс-әрекетінің маңызды кездерін бақылаудың мұғалім үшін мүмкін еместігі. Сынып оқушыларымен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушылардың әрқайсысының орындаған барлық тапсырмаларын тексере алмайды, ал дер кезінде түзетілмеген қателер игерілген білім туралы кері пікір тудырады, ал бұл қателерді түзету кейіннен өте қиын. Компьютер барлық жауаптарды тексеруге мүмкіндік береді, ал көпшілік жағдайда ол қателерді көрсетіп қана қоймай, оның типін анықтап, дер кезінде оның пайда болу себебін көрсетеді. Оқу үрдісін компьютер көмегімен басқару диапазоны өте кең; оқушының сұрақ қоя алу мүмкіндігінен оқыту стратегиясын, тапсырмалардың

қиындық деңгейін, көмек мөлшерін, кейбір жағдайда оқу материалын түсіндіру ретін таңдауға дейін. Оқушы тапсырманы орындау барысында өзі қажет ететін көмекті дер кезінде алу өте маңызды. Бұған дейін ешбір оқыту құралы мұндай мүмкіндікке ие болған емес. Білім мазмұнының негізгі ерекшелігі ақпарат көлемінің көп есе артуы. Бүгінгі күні электрондық оқулық құрамына: мәліметтер қоры, гипермәтіндік және имитация оқыту, экспертті жүйелер енеді.

Мәліметтер қоры дегеніміз - электрондық оқулықты пайдаланып ақпаратты енгізу, жүйелеу, сақтау және мәліметті беру болып табылады.

Мәліметтер қоры құрамына әр түрлі статистикалық, мәтіндік, графикалық ақпарат енеді./1/

Компьютер мұғалімді алмастыра алмайды, себебі, ол оқу үрдісінің орталық тұлғасы бола тұра, оқушыға тек бағыттаушы ретінде әсер етеді, оқу материалын дайындайды, көмек беру деңгейін анықтайды. Мектепті ақпараттандыруға мемлекет қашанда үлкен экономикалық қолдау көрсетіп, оны оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз өндірістің жоғарғы психологиясын меңгерген, дүниежүзілік бәсекеге төтеп беретін, өндіріс өнімдерін өндіре алатын алдыңғы қатарлы мемлекетке айналары даусыз. Өйткені, «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасы атап көрсеткендей, қазақ әдебиеті сабағына ақпараттық технологияны оқу үрдісіне оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Қазақ әдебиетін мәтіндік ақпараттық талдау

технологиясы мынадай негізгі қағидаларға сүйенеді:

1. Оқытудың ғылыми қағидасы: бұл қағида бойынша қазақ әдебиеті пәнінің электрондық оқулығы осы қағиданы басшылыққа алып жасалады. Ғылымға сүйенген пән ғана жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуге көмектеседі. Сондықтан, мұғалім оқытудың ғылыми қағидасын терең білумен бірге, оны оқу-тәрбие ісінде дұрыс пайдалануы да қажет.

2. Оқытудың жүйелік қағидасы - оқу материалдарының логикалық жағынан бір ізбен сатылай құрылу, берілу тәртібін оқытудың жүйелілік пен бірізділік - ғылыми білім берудің негізі. Бұл қағида бойынша, бұрын өтілген материалды оқушы әбден меңгергеннен кейін ғана жаңа материал таныстырылады. Демек, оқу материалдарының логикалық ішкі заңдылықтарын жүйелі оқып үйренген жағдайда ғана оның ғылыми негіздерін шын мағынасында меңгеруге болады. Қазақ әдебиетінде мәтіндік тапсырмалар жүйелілік принципі негізінде қарастырылады. Тақырыптары сабақтас болуын байланыстырып отыру көзделген.

3. Оқытудың материалды дұрыс орналастыру қағидасы - оқу материалдарының бір-бірімен сабақтаса дұрыс орналасуы, берілуі, үйретілген материалды оқушының тиянақты, жүйелі, бірізділікпен қабылдануына мүмкіндіктер жасайды. Оқулықтың сапалық қағидасы - үйретілген материалды оқушылардың құрғақ жаттамай, толық түсініп, сапалы меңгеруі. Оқу материалдарын саналы түсіну үшін оқушылардың оқуға деген белсенділігі, ынтасы арттырылады, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана білуге үйретіледі, материалды өз бетінше түсініп, өз

сөздерімен айтуға дағдыландырады. Түрлі мәтіндік тапсырмаларды өздігінен орындауға бейімделеді. Сонымен бірге, ережелер мен анықтамаларды сапалы түсіну үшін оқушылар сөз фактілерін дұрыс ажырата білуі тиіс. Бұл қағида теориялық-материалдардың мазмұны мен көлемі оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, әр оқушының жеке-дара қабілетіне, ақыл-ой өрісінің дамуына және білім көлеміне бейімделіп құрылуын талап етеді. Оқу материалдарын қарапайымнан күрделіге қарай баяндау әдісімен түсіндіріледі, яғни, оқушылардың бұрын білетін материалдарының негізінде жаңа материалды байланыстыра түсіндіру, меңгерту мақсат етіледі. Демек, оқытудың бұл қағидасы бойынша оқушылардың өз бетімен білім алуына мүмкіндік туады.

4. Оқытудың берік, тиянақты болу қағидасы - оқушылардың өрелі ой-санасын ғылыми негізде дамыту үшін олардың меңгерген білім дағдылары тиянақты болу қажет. Оқушылардың дүниетану жөніндегі көзқарасын қалыптастыруда білімді тиянақты, берік меңгерудің маңызы зор. Оқылған материалды жан-жақты меңгерту, есінде берік сақтау, құрғақ жаттауға жол бермеу, білгенді ұмытпау үшін қайталау, білімін бағалап отыру сияқты жұмыстарды жүргізу қажет.

Білімнің беріктік, тиянақтылық қағидасын жүзеге асыруда мәтіндік талдау тапсырмаларын жүйелі ұйымдастыру да шешуші рөл атқарады. Түрлі мәтіндік тапсырмалар оқушының іскерлігі мен дағдысын жетілдіре түседі.

5. Оқытудың теория мен практика, өмірмен байланыстыру қағидасы арқылы оқушылардың

мектептегі оқу-тәрбие процесінде алған теориялық білімдерін өндірісте, іс жүзінде қолдана білуге дағдыланады. Теория мен практиканы ұштастырғанда ғана сапалы білім алуларына жол ашады. Мәтіндік талдауды сабақтың негізгі, бекіту кезінде жиі қолдануға болады, тек белгілі тақырып мақсатында ғана тиімді болмақ. Күтілген нәтижелері: біріншіден, әрбір азамат қазақ әдебиетін қазіргі заманның ең озық үлгілері арқылы үйренеді; екіншіден, оқу барысында туатын кейбір психологиялық кедергілерді жоюға мүмкіндік болады; үшіншіден, әдебиетті үйренудің сапалық деңгейін жасартуға мол мүмкіндік ашылады; Қазақ әдебиетін оқытуда ақпараттық технология мүмкіндіктерін пайдаланудың педогогикалық сәйкестігін ескеріп, оқыту үрдісіне енгізу сабақты ұйымдастырудың және оқыту әдістерінің өзгеруіне әкеледі. Сондықтан жаңа технологиялар келесі үш нұсқа түрінде жүзеге асырылуы мүмкін:

- «тереңдетілген» технология ретінде (компьютерлік оқытуды жекелеген тақырып немесе тарау бойынша қолдану);
- негізгі технология ретінде (белгілі бір бөлімді оқытқанда қолданатын технологиялардың ең маңыздысы ретінде қолдану);
- монотехнология ретінде (барлық оқыту, оқытуды басқару үрдісі, яғни, диагностика, мониторинг компьютерлік қолдануға негізделсе).

**Мәтіндік ақпарат технологияларды пайдалануда негізгі мақсаттарға мыналар кіреді:**

- ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру, коммуникативті қабілетін дамыту;

- «ақпаратты қоғамның» жеке тұлғасын дайындау;
- берілген оқу материалының көлемін оқушы меңгере алатын деңгейге дейін өсіру;
- зерттеу іскерлігін, тиімді шешім қабылдай білу іскерлігін қалыптастыру;

### **Концептуалды ұстанымдар төмендегідей:**

- Оқыту - бұл баланың компьютермен қарым-қатынасы;
- компьютердің баланың жеке ерекшелігіне икемделе алуы;
- оқытудың диалог түрінде болуы;
- басқарылуы; мұғалімнің кез келген уақытта оқу үрдісіне өзгерістер енгізе алуы;
- оқушы мен компьютердің өзара байланысы барлық түрде болуы: субъект-объект, субъект-субъект, объект-субъект;
- жеке және топпен жұмыстардың үйлесуі;
- оқушының компьютермен жұмыс кезіндегі психологиялық ахуалын демеу.

Қазақ әдебиетін мәтіндік ақпараттық талдау технологиясымен оқыту білім сапасын жетістіктерге жеткізуі сөзсіз, өйткені, дамыған елдер тәжірибелерінен байқағанымыздай, олардың білім сапасының әлемдік кеңістіктен орын алулары бұған дәлел.

Білім берудің реформаларын жүзеге асырудың бір маңызды сипаты қазіргі уақыттағы оқыту процесін технологияландырудың қажеттігінен туындап отыр. Соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп практикасына енгізілуде: академик В.М.Монаховтың оқу технологиясы, Дьяченконың жұмыстарында

айтылатын оқытудың ұжымдық тәсілі, профессор Ж.Қараевтың жұмыстарында тыңнан көтеріліп, еліміздің көптеген мектептерінде қолданылып жүрген оқытуды дербестендіру мен деңгейлік дифференциалдау және білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру принциптеріне негізделген жаңа педагогикалық технология.

Жаңа технологияның жаңа мақсаты бойынша оқытуды ізгілендіру қажет. Ол - оқыту құралдарына деген көзқарасты да өзгертуді талап етеді. Бұл өзгерістер бойынша оқу құралдары оқушының өздігінен танымдық іс-әрекетін жүзеге асыра алатындай құралдар болуы керек./4/

Әдебиетші мұғалім, ең алдымен, көркем сөз табиғатын ашатын заңдылықтарды білуі керек, сондай-ақ көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелері мен технологиясын жетік меңгеруі қажет. Әдебиет шығармаларды талдау кезінде мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық кеңінен дамып, жалғасын тапса - нұр үстіне нұр.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қ.Бітібаева. Әдебиеті оқыту әдістемесі мен технологиясы. А., «Мектеп», 2003, 309-бет.
  2. “Ұлағат”, №4, 2003. 3-7 беттер.
  3. “Ұлағат”, №4, 2008. 59-65 беттер.
  4. “Ұлағат”, №5, 2007. 20-35 беттер.
- 
-



Раушан ТУРАБАЕВА,  
А.Жұбанов атындағы  
Республикалық Қазақ  
мамандандырылған музыка  
мектеп-интернатының  
теория бөлімінің мұғалімі.

## ШЕТЕЛ МУЗЫКА ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ТЕСТ САУАЛДАРЫ (10-сынып)

1.	Шопеннің шығармашылығы қандай ағымға жатады?	а) классицизм; б) романтизм; в) импрессионизм.
2.	Шопеннің туған жерін ата.	а) Варшава; б) Мазовия; в) Желязова Воля.
3.	Шопеннің ұстаздары кімдер?	а) Войцех Живный; б) Кароль Курпиньский; в) Юзеф Эльснер.
4.	Шопен оқыған консерватория қалай аталады?	а) Жоғары музыка мектебі; б) Басты музыка мектебі; в) Мейірбан пансионы.
5.	XIX ғ. 20 жылдарында Варшаваның концерттік өмірінде көрнекті орын алған пианистканың аты кім?	а) Констанция Гладковская; б) Мария Водзиньская; в) Мария Шимановская.
6.	Парижде Шопенге алғашқы концерт ұйымдастыруға көмек берген кім?	а) Паэр; б) Мошелес; в) Калькбреннер.
7.	Жорж Сандпен Шопен танысқан жер атауын тап.	а) Париж; б) Лондон; в) Вена.

8.	Жорж Сандтың шын аты қалай аталады?	а) Мари Дюплесси; б) Маргарита Готье; в) Аврора Дюдеван.
9.	Шопеннің досы болған француз суретшісін ата.	а) Эдуард Мане; б) Эжен Делакруа; в) Пабло Пикассо.
10.	Поляк жазушысы, әдеби балладалардың авторы, Шопенге инструменталдық балладаларды жазуға дем беруші кім?	а) Адам Мицкевич; б) Ян Матушиньский; в) Кароль Липиньский.
11.	Польшада көтерілістің күл-талқан болғаны туралы хабар алып, жазған ор.10 №12 этюдтың атауын ата.	а) «Патетический»; б) «Трагический»; в) «Революционный».
12.	Дүние жүзіне жаңа данышпан келді деп кім мына сөздерді айтты: «Шляпы долой, господа, перед вами гений!»	а) Лист; б) Мендельсон; в) Шуман.
13.	Шопенге Польшаның рәмізі ретінде қай жанр керек болды?	а) ноктюрн; б) мазурка; в) вальс.
14.	Шопеннің балладаларының саны қанша?	а) 4; б) 7; в) 5.
15.	Шопен өзінің ақырғы өмір жылдарында қайда саяхат жасады?	а) Вена қаласына; б) Лондон қаласына; в) Варшава қаласына.
16.	Берлиоз жасаған бағдарламаның түрі	а) сюжеттік-әңгімелеу; б) жалпыламалы; в) жалпыламалы-сюжеттік.
17.	Оның ерекшелігі неде?	а) музыка жалпы көңілді білдіреді; б) композитор негізгі кейіпкердің бейнесіне назар аударады; в) музыка бағдарламаның мазмұнын жеткізеді.

18.	Берлиоздың симфонияларының саны қанша?	а) 3; б) 4; в) 5.
19.	Әкесінің мүддесіне қарай Берлиоз қандай білім алуы керек еді?	а) медициналық; б) заң; в) тарихи.
20.	Шілде революциясының құрбандарына Берлиоз қандай шығарма арнады?	а) «Троянцы» операсы; б) «Реквием»; в) «Граурно-триумфальная симфония».
21.	«Гарольд Италияда» симфониясының алғашқы ниеті	а) скрипкаға арналған концерт; б) альтке арналған концерт; в) камералық оркестрге арналған Фантазия.
22.	«Сарданапал» кантата үшін Берлиоз қалай марапатталды?	а) алтын медальмен; б) академик дәрежесімен; в) Рим жүлдесімен.
23.	Берлиоздың мақала жинақтарының атауы қандай?	а) «Музыкальные гротески»; б) «Театр и симфония»; в) «Вечера в оркестре».
24.	Монотематизм техникасы қай композитордың стилінде өзінің жарық белгісін тапты?	а) Вагнер; б) Шуман; в) Лист.
25.	Лист қай жанрдың жасаушысы?	а) 1-бөлімді симфониялық поэма; б) оперетта; в) концерттік увертюра.
26.	Лист жасаған бағдарламаның түрін айт.	а) сюжеттік; б) жалпыламалы; в) сюжеттік-әңгімелеу.
27.	Листтің симфониялық поэмалары қанша?	а) 12; б) 13; в) 15;
28.	Листтің фортепиано пәнінен алғашқы ұстазы кім?	а) Шуман; б) Мендельсон; в) Черни.

29.	Венада 9 жастағы Листтің қай неміс композиторымен кездесуі болды?	а) Бетховен; б) Гайдн; в) Моцарт.
30.	Листті Париж консерваториясына қабылдамаған себебі неде?	а) тек қана француздар оқыған; б) келбеті үшін; в) дайындығы жеткіліксіз.
31.	Листтің рапсодияларының саны қанша?	а)12; б)19; в)21.
32.	«Годы странствий» атты Листтің фортепианолық циклі алғашқы басылымда қалай аталған?	а)«От колыбели до могилы»; б) «Альбом путешественника»; в) «Времена года».
33.	Опера театрына Лист қай қалада басшылық етті?	а) Венада; б) Лондонда; в) Веймарда.
34.	Листтің симфонияларын ата.	а) «Данте», «Фауст»; б) «Венгрия», «Тассо»; в) «Гамлет», «Идеалы».
35.	Листтің шәкірттері кімдер?	а) А.Серов, С.Рахманинов; б) А.Лядов, Дж.Фильд; в) А.Зилоти, В.Тиманова, Г.Бюлов.
36.	Қай қалада Лист молда мәртебесін алды?	а) Веймарда; б) Римде; в) Венада.
37.	Берлиоздың қай симфонияларын Лист фортепианоға арнап шығарды?	а) «Ромео и Джульетта»; б) «Гарольд в Италии»; в) «Фантастическая симфония»; г) «Траурно-триумфальная симфония».
38.	Вердидың операларының саны қанша?	а) 26; б) 28; в) 31.
39.	Вердидың алғашқы ұстазы кім?	а) Черни; б) Эльснер; в) Байстрокки.
40.	Буссетодағы Вердиге малайшылық еткен саудагердің аты кім?	а) Эстергази; б) Барецци; в) Лавинья.

41.	Вердиды Милан консерваториясына қабылдамаған себебі неде?	а) дайындығы жеткіліксіз; б) келбеті үшін; в) композиция бөліміне қабылдау болған жоқ.
42.	Вердидың алғашқы операсы қалай аталады?	а) «Оберто, граф Бонифачо»; б) «Набукко»; в) «Ломбардцы».
43.	Верди қай елдегі революциялық қайраткерлікті қолдаған?	а) Франция өкіметін қолдады; б) Австрия өкіметін қолдады; в) Мадзини және Гарибальдиді қолдады.
44.	Вердидың 1848 ж. оқиғаға арналған операсын тап.	а) «Битва при Леньяно»; б) «Эрнани»; в) «Макбет».
45.	«Риголетто» операсы кімнің драмасы бойынша жазылған?	а) Шиллер; б) Гюго; в) Дюма.
46.	«Риголетто» және «Травиата» операларының либреттоларын жазған кім?	а) Солер; б) Бойто; в) Пиаве.
47.	Вердидың «Реквиемі» кімге арналған?	а) Россиниге; б) Мандзониге; в) Гарибальдиге.
48.	Қай операны Верди Петербург қаласының императорлық театрының тапсырмасы бойынша жазған?	а) «Сила судьбы»; б) «Дон Карлос»; в) «Бал-маскарад».
49.	«Травиата» операсының басты кейпкері кім?	а) Джильда; б) Эльза; в) Виолетта.
50.	Шекспирдің сюжеті бойынша Вердидің ең соңғы операсын тап.	а) «Отелло»; б) «Фальстаф»; в) «Макбет».
51.	XIX ғасырдың өнерінің кейінгі ірі көркем ағымының атауын ата.	а) модернизм; б) экспрессионизм; в) импрессионизм.

52.	Импрессионист-суретшілердің алғашқы көрмесі қай жылы ашылды?	а) 1865; б) 1874; в) 1882.
53.	Импрессионизм ағымына атауын берген К.Моненің суреті қалай аталады?	а) «Пруд, заросший кувшинками»; б) «Сирень на солнце»; в) «Впечатление. Восход солнца».
54.	Импрессионистердің суреттерінің сүйікті сюжеттерін тап.	а) Франция, тұрмыс-салт, табиғат көріністері; б) мифологиялық сюжеттер; в) тарихи сюжеттер.
55.	Импрессионистердің шығармашылық әдістерінің басты мақсаты не?	а) шындықты бейнелеу; б) қарапайым адамның ішкі дүниесі, уайымы; в) әлемнің әр түрлі бояулары, шындық болмыстың алғашқы әсері.
56.	Стефан Малларме, Поль Верлен, Морис Метерлинк ақындарының шығармашылығы әдістерінің басты мақсаты не?	а) акмеизм; б) символизм; в) романтизм.
57.	Музыкадағы импрессионистердің өкілдері кімдер?	а) Сибелиус, Онеггер; б) Дебюсси, Равель; в) Мессиан, Мийо.
58.	Орыс композиторларының шығармаларымен Дебюсси қай меценат арқылы танысты?	а) Л.Шестакова; б) Н.Пургольд; в) Н.Ф.фон Мекк.
59.	Дебюссидің фортепианолық циклін ата.	а) «Ноктюрны»; б) «Прелюдии»; в) «Море».
60.	Дебюссидің аяқтаған жалғыз операсы қалай аталады?	а) «Пеллеас и Мелизанда»; б) «Тристан и Изольда»; в) «Альфонс и Эстрелла».

Динара АЙМАҒАМБЕТОВА,  
Қарағанды қаласындағы  
№ 27 орта мектебінің  
ҒӘЖ меңгерушісі,  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТИІМДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Қазіргі педагогикалық практикада мұғалімнің негізгі қызметі өзгеріске ұшырады. Егер жақында мұғалімнің негізгі қызметі жалпыланған әлеуметтік іс-тәжірибені әрбір орта деңгейдегі оқушыға жеткізу болса, қазір мұғалім әр оқушының траекторияларын құрастыру және жеке-дара тұрғыдан дамытуды жүзеге асыру міндетін атқаруы керек.

Білім беру іс-әрекетімен қатар оқытуды қадағалау аясында диагностикалық іс-әрекетін басқару қажеттілігі туындады. Сондықтан мұғалімнің ғылыми дәйектелген іс-әрекеті оның кәсіби құзыреттілігін нақтылауды және кеңейтуді талап етеді.

«Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі» ұғымын анықтауда бірыңғай көзқарас жоқ.

А.П. Акимова: «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін оқыту барысында субъектінің меңгерген білім, дағды, машықтарының қосындысы, ал кеңейтілген мағынада – қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінің сәттілік деңгейі», - деп түсіндіреді.

В.Р.Веснин кәсіби құзыреттілікті төмендегідей

түсіндіреді: «Қызметкердің күнделікті және төтенше жағдайда өз қызметін сапалы және мінсіз орындау қабілеті, жаңашылдықты табысты меңгеру және өзгеріп отыратын жағдайларға жылдам бейімделу».

В.Ю. Кричевский құзыреттілік ұғымының негізгі сипаттарын келтіреді:

- ✓ табысты іс-әрекетке арналған білім, практика үшін бұл білімнің мағынасын түсіну;
- ✓ операциялық дағдылар жиынтығы;
- ✓ еңбек міндеттерін шешу алгоритмін меңгеру;
- ✓ кәсіби іс-әрекетке шығармашылық тұрғыдан қарау қабілеті.

Қазіргі білім беру үрдісінде оқушының негізгі орны біртіндеп болса да өзгеруде. Оқушының қызметі оқу іс-әрекеті арқылы әлеуметтік іс-тәжірибені енжар меңгеру ғана болып шектелді. Қазіргі уақытта оқушы өз траекториясын жобалап және өздігінен білімін жетілдіруді асыра отырып, дербес танымдық іс-әрекетке қабілеттілігін дамыта отырып, білім беру үрдісінде мұғалімнің серіктесі болып табылады. Мұның дәлелі – кеңінен өріс алып келе жатқан модульдік, интерграцияланған және жобалау сияқты оқыту технологиялары.

Қазіргі заманғы жалпы білім беретін мектептің түлегі сын тұрғысынан ойлау дағдысын меңгерген, дербес танымдық іс-әрекетке қабілетті болуы керек.

Оқушының білім алу іс-әрекетінің өнімі тек үрдісте меңгерген білім, дағды, машықтары ғана емес, жеке тұлғаның интеллектуалды дамуына ықпал ететін танымдық іс-әрекеттің тәсілдері болып табылады. Бұл әр оқушының қабілеттерін ескертетін және оның потенциалды мүмкіндіктерінің танылып, дамуына жағдай



жасайтын педагогикалық үрдіс технологияларын қайта қарауды талап етеді.

Жеке тұлғаға бағытталған оқытуға негізделген технологияларды аса қолайлы деп мойындауға болады. Жеке тұлғаға бағытталған оқытуда мұғалім оқушылардың дербес белсенді танымдық іс-әрекетінің ұйымдастырушысы, құзыретті кеңесші болып табылады.

Әр түрлі жаңа педагогикалық технологиялардың арасында қойылған мақсатқа сәйкес келетін технологиялар:

1. Модульдік оқыту технологиясы.
2. Жобалау технологиясы
3. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы

### **Деңгейлеп саралап оқыту**

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы педагогикада гуманистік бағыттағы технологияларға жатады.

Саралап оқыту үрдісі – бұл оқушының жеке-дара айырмашылықтарын ескеретін оқу-тәрбиелік үрдіс. Тапсырмалардың жеке даралығы оқушының өз бетімен және топпен жұмыс жасауын қарастырады.

Мұғалімнің сынып ішінде саралауды ұйымдастыруы бірнеше кезеңдерден тұрады:

1. Сараланған жұмыс үшін оқушылардың топтарын белгілеуге мүмкіндік беретін шарттарды анықтау;
2. Таңдалған өлшем бойынша диагностика жүргізу;
3. Диагностика қорытындысын ескеру есебімен балаларды топқа бөлу;
4. Саралау тәсілдерін таңдау, оқушылардың құрылған топтарына арналған әр деңгейлік тапсырмаларды өзірлеу;

5. Сабақтың түрлі кезеңінде саралап оқытуды жүзеге асыру.

Саралап оқыту мұғалімге оқыту үрдісі барысында әр оқушыға жеке-дара қарауға мүмкіндік береді. Ол оқушылардың ой-өрісінің дамуына және өз бетімен жұмыс істеу дағдысының қалыптасуына септігін тигізеді, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін меңгеруге үйретеді, ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

### **Жобалау технологиясы**

Танымдық іс-әрекеттің тәсілі ретінде жобалау әдісі оқушыларға іс-әрекетті жүзеге асыру ептілігін меңгеруге, құрбыларымен және мұғаліммен тіл табысуда құнды қарым-қатынас орнатуға, дербестілікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жобалау әдісінің міндетті құрылымы – мәселені зерттеу. Ол оқушының жеке және топтық, шығармашылық іс-әрекетіне себеп болады. Ол белгілі бір нәтижеге қол жеткізуді ғана емес, сондай-ақ бұл нәтижеге қол жеткізуді ұйымдастыру үрдісін де қарастырады.

Жеке-дара және топтық жобалау іс-әрекетінің мақсаты – оқушыларға тек мазмұнды меңгерту емес, сондай-ақ бұл мазмұнның негізінде өзекті мәселелерді шешу жолдарын белгілеу, яғни, алған білімді жаңа білім ашуға белсенді қолдану немесе алған білімді қолдану негізінде практикалық нәтижеге қол жеткізу үшін пайдалану.

Оқытуда проблемалық ұстанымды қолдана отырып және оқушының жеке-дара оқу қабілеттерін ескере отырып, жобалау әдісімен қатар проблемалық оқытудың проблемалық мазмұндау, жартылай іздену

Әдісі сияқты әдістерін қолдану қажет. Мысалы: мектепшілік ғылыми-практикалық конференцияларда ұсынылған жұмыстарды сараптау және өткізу барысында оқушылардың мәселені зерттеу, шешу жолдарын анықтау қабілеттері байқалады. Ең жан-жақты қарастырылған жұмыс жобалау әдісінің талаптарына сай келеді. Солардың ішінен қалалық ғылыми-практикалық конференцияға жолдама алғандар төменгі кестеде берілген.

Оқушылардың мектепшілік жобалау-зерттеу жұмыстары:

2007-2008 оқу жылы - 15 оқушы қатысты.

2008-2009 оқу жылы – 23 оқушы қатысты.

2009-2010 оқу жылы – 27 оқушы қатысты.

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Ғылыми-жобаның тақырыбы
1	Добрынин Никита Фагамиев Роман	2Б	Мороженое-вред или польза?
2	Исабаева Людмила	3Б	Для чего собаке хвост?
3	Улановская Анастасия	3Б	Детское творчество
4	Бақытқызы Аружан	4А	Аққулар
5	Вдовкин Никита	4Б	Рациональное использование водных ресурсов
6	Кривая Ангелина	4Б	Сколько у меня волос на голове?
7	Кучерова Мария	5Б	Лист Мебиуса
8	Қасенов Думан	7А	Плутон планетасын зерттеу
9	Глушко Владимир	8Б	Наушники-польза или вред?

10	Камышанов Дмитрий	8В	Караганда-чистый город
11	Әкімбай Раби	9А	Күн жүйесі

## Модульдік оқыту технологиясы

Модульдік оқытудың мазмұны төмендегідей: оқушының іс-әрекет құрылымымен байланысқан және «модуль» немесе «модульдік блок» деп аталатын жеке элементтерден тұратын оқытудың модульдік бағдарламасы жасалады.

Модуль – жұмыстың аяқталған бөлігі, яғни, оқушылар іс-әрекетінің нақты белгіленген бастауы мен аяқталуын көрсететін бөлік. Сондай-ақ модуль оқыту бағдарламаларының құрылымдық бөлшегі болып табылады.

Модульдік оқыту дербес танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруға, оқытудың мотивациялық басқаруын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталып өткен технологиялар өз негізінде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде жеке-дара және саралап оқыту әдісін қарастырады және қолайлы болып табылады.

Бұл технологиялар мұғалімге әр оқу пәні бойынша кез келген бағдарлама, білім беру стандартымен белгіленген мақсаттарға балама немесе дәстүрлі әдістерді қолданып, педагогикалық психология және жеке әдістемелер жетістіктерін сақтай отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бұл технологияларды қолдану сабақ барысында дайын білімді меңгеруді әр оқушының мүмкіндіктері

мен қабілеттерін ескере отырып, дербес, белсенді іс-әрекет ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Құзыреттілікке бағдарланған білімді дамыту жағдайындағы педагог әрекеті (оқу-әдістемелік құрал) 2007.
2. М.Жанпейісова. Модульдік технологияны қолдану оқушыны дамыту ретінде 2003.
3. 12 жылдық білім. №7, 2006.
4. В.Ю.Кричевский. Профессиограмма директора школы: Проблемы повышения квалификации руководителей школ.
5. В.Р.Веснин. Практический менеджмент персонала М., Юрист, 1998.
6. Метод проектов как технология формирования ключевых компетентностей учащихся. Методические рекомендации Самара: ДОН, 2003.

---

---

*Күлгіңіз келсе – күліңіз!*

### **Қожанасырдың жауабы**

Бір күні Қожанасырды патша шақырып алып:  
– Осы сен Алдаркөсе деген туысың екеуің түлкілікті қашан қоясыңдар? - дейді.

Сонда Қожанасыр:  
– Тақсыр, сіздер қай күні қасқырлықты қойсаңыздар біз де сол күні түлкілікті қоямыз, - депті.

(Күлдіргі әңгімелер. А., «Жазушы», 1987. 97-бет)

Лиза БЕКБАЕВА,  
Алматы облысының  
Қарасай ауданындағы  
«Үшқоңыр» ауылының  
«Бота» балабақшасының  
тәрбиешісі.

## ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰҒЫРЫҢ!

**Мақсаты:** білімділік - балаларға Отан, туған ел, туған жер, Қазақстан Республикасының рәміздері жайлы кеңінен түсінік беру; **дамытушылық** - балаларды халқын, ұлтын сүйе білуге, елі мен жерін қорғай білуге, ұлттар арасында достықты сақтай білуге үйрете отырып, түсініктерін дамыту; **тәрбиелік** - өзі елінің тілін, салт-дәстүрін білу міндет екенін ұғындыра отырып, патриоттық рухта тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс:** Тәуелсіздік. **Заттық дамыту ортасы:** рәміздер, ұнтаспа, нақыл сөздер, қабырға газеттері, буклеттер.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Дәлелді түрткі болатын «Атамекен» әнімен балалар залға кіреді.	Тәуелсіздік күні құтты болсын! Егеменді еліміздің болашағы - осы балаларымыз аман болып, елін, жерін қорғайтын үлкен азамат болып өссін! Заман тыныш болсын! Тәуелсіздік жалғаса берсін!	Балалар зейін қойып тындайды.

	Әнұран орындалады.	Балалар қолдарын жүрек тұсына қойып тыңдайды.
Ұйымдас-тырушы, ізденуші	Осыдан 19 жыл бұрын осы тәуелсіздік табалдырығында тұрған жан тебірентер сәтте қазақ халқының еркіндігі мен бостандығы жолында бас тіккен желтоқсан құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды парыз деп санаймыз. Бәріміз бір кісідей желтоқсан құрбандарын үнсіздікпен еске алайық!	
	1 минут үнсіздік.	Балалар орындарынан тұрып үнсіздікпен еске алады.
	- Балалар, біз 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігімізді жарияладық. Ұлттық сана-сезіміміз оянып, тәуелсіздік туын көтердік, егеменді ел болдық. Біздің елбасымыз Н.Ә.Назарбаев осы Үшқоңыр ауылында дүниеге келген. Осы тәуелсіздіктің арқасында осындай тыныш, бақытты өмірде тұрып жатырмыз. Әркімнің өз жері жұмақтың төріндей ыстық, жақын болады дегендей, тәуелсіздіктің арқасында осындай Үшқоңыр ауылын мақтанышпен айтамыз.	

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, енді айтыңдаршы:</li> <li>- Ауылымыз қалай аталады?</li> <li>- Балалар, біз қай мемлекетте тұрамыз?</li> <li>- Ұлтымыз қандай?</li> <li>- Тіліміз ше?</li> <li>- Республикамыз басқа елдерден несімен ерекше?</li> </ul>	<p>Үшқоңыр Қазақстан</p> <p>Ұлтымыз - қазақ. Тіліміз - қазақша. Рәміздерімізбен, тілімізбен, ата заңымызбен.</p>
	<p>- Иә, балалар, әр халықтың, әр ұлттың өз Отаны, туған жері бар. Сол сияқты біздің туған еліміз, жеріміз қазақтың жанымен, қанымен қорғалған. Сонымен қатар көгілдір түсті туы, елге танымал елтаңбасы, әнұраны бар.</p>	
Рәміздерді үнтаспадан көрсету.		Балалар үнтаспадан қызығушылықпен көрді.
Хор	«Біз бақытты баламыз»	Балалар ән айтты.
	<p>Бізді осындай күнге жеткізген апа-ағаларымыздың рухына бас ие отырып, балаларымыздың тәуелсіздік күніне арналған тақпақтарын тыңдайық.</p>	<p>1.Отанды біз атамекен деп аялап атаймыз, Өйткені оны мекен еткен - Бабамыз бен атамыз. (Е.Өтетілеуов. «Отан»).</p>



		<p>2.Тәуелсіздік жолында,Талай-талай тер тамған. Білегім өз қолымда, Еркіндігім-ел таңбам! (С.Қалиев. «Елтаңбасы елімнің»).</p> <p>Балалар тақпақты мәнерлеп айта алады.</p>
	<p>Тәуелсіздік - ел мерейі, Мерейлі күн көбейді. Көтеріліп шаңырақ, Керегеміз кеңейді.</p>	
Би	«Шаңырақ»	Жазира, Алуа, Арай, Аминалар биді әдемі биледі.
Күй ойнап тұрады.	<p>Мен қазақпын, биікпін, байтақ елмін, Қайта тудым, өмірге қайта келдім. Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске, Айта бергім келеді, айта бергім. (Ж.Молдағалиев) - Балалар, біз осыдан 19 жыл бұрын тәуелсіздік туын көтердік, мәңгі өлмеске тірілдік.</p>	

	<p>Тәуелсіздігімізді жырлай береміз, сонымен қатар еліміздің егеменді ел болуына үлкен үлес қосқан, желтоқсан оқиғасының куәсі болған апаларымыздың бірі - М.Р.Мұқашқызы.</p> <p>- Р.Мұқашқызы, сізге зор денсаулық, шығармашылық табыс тілейміз, «Ботақан» тобының атынан гүл шоқтарын қабыл алыңыз. Біздің елімізді, мына кең байтақ жерімізді қазақтың ержүрек батырлары да қорғаған. Осы күнге жеткізіп, біз сияқты ұрпақтарына қалдырған. Осы батыр аға-апаларымызға ұқсайық.</p>	<p>Арай мен Мәлік гүл шоқтарын ұсынды.</p>
<p>Би</p>	<p>«Батырлар» биі</p>	<p>Саят, Дәркен, Ерсұлтан, Мұса. Балалар батырларға ұқсап биледі.</p>
	<p>Халқымыздың тарихында елі үшін еңіреп, ұрпағының болашағы үшін алысып өткен кемеңгерлері, ойшылдары, қайраткерлері аз болмаған. Солардың ең бастылары - от ауызды, орақ тілді, ақылы асып туған Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би. Осы билердің шешендік сөз үлгілеріне құлақ салайық.</p>	

		<p>Төле би (Абылай) - Уа, халқым! Көсіле шабар жерің бар, Ту көтерген елің бар, Атадан қалған сара жолың бар, Сөз қадірін біліңдер! Әйтеке би (Әлихан) Тамыры суда тұрса да, уақыты жеткенде құрғамайтын құдық жоқ. Тек жақсыдан сөз қалады. Қазыбек би (Мәлік) Өркенің өссін десең, кекшіл болма! Елім өссін десең, жершіл болма!</p>
Хор	«Ел қорғауға әзірміз»	Балалар ән айтты.
	- Балалар, біз «Үшқоңыр» ауылы туралы, рәміздер және тәуелсіздік туралы айттық, олай болса «Үшқоңыр» ауылымыздың, көрікті де әсем Үшқоңыр тауының көрінісін бейнелеп берейікші.	

		Балалар жап-сыру арқылы Үшқоңыр тауын ұжымдық жұмыспен көрсетті.
	1991 ж. 16 желтоқсан - тәуелсіздікті жариялаған ұлы күн. Еліміз егеменді мемлекет болды. Қазір қазақ мемлекетін жер жүзі біледі. Біз ана тілімізді ардақтаймыз. Отанымызды шексіз сүйеміз. Тәуелсіздігіміз баянды болсын!	

**Күтілетін нәтиже:** балалар сабақты меңгерді.

**Білу:** тәуелсіздік мерекесі туралы білді.

**Болу:** ұйымшыл, көпшіл.

**Істей алу:** ұжымдық жұмыспен Үшқоңыр тауын бейнелей алды.



*Күлгіңіз келсе – күліңіз!*

### **Ақыл мен ақша**

Еркін бір патша әпендіні шақырып алып:

– алдыңда ақыл мен ақша тұрса, қайсысын алар едің? - дейді.

– Ақшаны аламын.

Патша бұған мәз болып күледі:

– Ақымақ-ау, ақыл болса, ақша қайда қашады? Мен ақылды

алар едім, - дейді. Әпенді:

– Тақсыр, әркім керегін алады ғой, - дейді. – Ақыл менің өзімде

де бар. Ал, ақшам жоқ...

(Күлдіргі әңгімелер. А., «Жазушы», 1987. 100-бет)

Каниза ДАУЛЕТОВА,  
учительница школы-интерната №8  
г.Алматы.

# НАРУШЕНИЯ ЧТЕНИЯ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ И МЕТОДЫ КОРРЕКЦИИ

*(начало в №2 и №4 номерах)*

Расстройства биоэлектрической активности у детей дислексией проявляются преимущественно при увеличении функциональной нагрузки и подтверждают ранее приведенные данные о функциональной неполноценности мозговых структур, о замедленном их созревании. Большинство авторов, изучающих нарушение чтение у детей, рассматривают дислексию как нарушение обусловленное внешним воздействием патологических факторов. Такое воздействие вызывает задержку или нарушение развития психических функций, осуществляющих процесс чтение в норме. Поздно воздействующие патологические факторы оказывают влияние на формирование поздно созревающих структур нормы головного мозга, в частности, третишных зон, обеспечивающих функционирование сложных символических функций (устная речь, чтение, письмо).

На аналитическом этапе овладение чтением нарушение чтение чаще всего проявляются в

заменах звуков, нарушении слияние звуков в слоги, искажении звучно-слоговой структуры слова, нарушении понимания прочитанного. На этом этапе наиболее распространённой является фонематическая дислексия, обусловленная недоразвитием функций фонематической системы.

На этапе перехода к синтетическим приемам чтения симптоматика дислексии чаще всего выражается в искажениях структуры трудных слов, заменах слов, аграмматизмах, нарушении понимания прочитанного предложения, текста.

На этапе синтетического чтения у детей с дислексиями типичные, стойкие. Овладение чтением проходило очень замедленно, большими трудностями в процессе письма также наблюдались разнообразные ошибки. По всем другим предметам, особенно по математике, знания были удовлетворительными. В анализе отмечалось формальное моторное развитие. Однако речь появилась поздно, наблюдалось отставание в ее развитии. Фразовая речь появилась лишь к трем годам. Оба мальчика были правые; у одного – легкая амбидекстрия, он пользовался одинаково обеими руками.

Исследование и беседы с родителями выявили следующее. У матери были некоторые трудности при обучении чтению и письму. При обследовании простые фразы она читала и писала без ошибок. Но более тонкие пробы выявили ошибки почти столь же многочисленные, что и у детей. Отец – левша. В процессе обучения письму его учили писать левой рукой. В детстве отец слегка заикался. В школьные годы у него была дислексия. У двоюродных братьев

исследуемых детей по материнской линии также отличалась дислексия; у бабушки по материнской линии — нарушения чтения; а у прабабушки по отцовской линии — левшества и дислексия.

Таким образом, генетическое исследование позволило авторам сделать вывод о наследственном характере некоторых факторов, обуславливающих возникновение дислексий.

По данным других авторов (А.Н.Корнев, К.Д.Ефремов), у 70-80% детей с дислексиями отличаются нарушение биоэлектрической активности стволовой локализации наблюдаются замены слов, аграмматизмы, нарушение понимания прочитанного текста. Чаще всего наблюдается аграмматическая дислексия, обусловленная недоразвитием лексико-грамматической стороны речи.

Динамика дислексии носит регрессирующий характер с постепенным уменьшением видов и количества ошибки при чтении, степени выраженности дислексии. Одним из наиболее сложных вопросов дислексии являются ее патогенез, т.е. вопрос о механизмах данного нарушения. Современные исследования нарушений чтения являются многосторонними, углубленными и систематическими. Они показывают, что патогенетические механизмы нарушений чтения сложны и разнообразны. Пытаясь выявить механизмы дислексий, ученые проводят неврологические, электроэнцефалотические, аудиометрические, психологические, лингвистические исследования. Большое количество исследований посвящено изучению пространственных представлений, развитию и состоянию функциональной асимметрии, т.е.

литерализации детей с дислексиями.

Несформированность пространственных представлений у дислексиков проявляется не только при овладении чтением, но и в рисовании, в трудностях составления целого из частей при конструировании, в неспособности воспроизвести заданную форму. У детей с дислексиями очень часто встречаются нарушения устной речи. В литературе отмечается разнообразный характер нарушений устной речи при дислексии:

1. Нарушения темпа и ритма речи;
2. Задержка появления речи;
3. Недостаточность вербальной функции;
4. Нарушение грамматического строя устной речи;
5. Нарушение звукопроизношения;
6. Нарушения фонематического развития.

Р.Е.Левина считает, что в основе нарушений чтения и устной речи лежит сформированность фонематической системы.

На начальных этапах овладения чтением при недоразвитии фонетико-фонематической стороны речи у детей наблюдается неточность и нестойкость речевых представлений и обобщений. Это затрудняет овладение звуковым анализом слова.

Если у детей затруднено образование фонематических представлений, то у них медленно формируются и представления о графеме.

Нарушение чтения могут быть связаны и недостаточностью лексико-грамматического развития речи. Так замена слов при чтении может обуславливаться не только фонетическим их сходством, не правильным произношением, но и трудностями установление синтаксических связей предложения.



В качестве фактора, определяющего возникновение дислексии, некоторыми авторами рассматриваются конфликт при двуязычии.

Первый вариант двуязычия – ребенок дома говорит на одном языке, а в школе, на улице общается на другом. Второй вариант – родители при общении с ребенком пользуются различными языками.

Считают, что основным фактором, вызывающим дислексию при двуязычии, чаще является психологический конфликт между тенденцией ребенка к родному языку и необходимостью говорить на другом языке. Таким образом, не психологический конфликт, а нарушение формирования устной речи, трудности усвоения языковых обобщений при двуязычии могут прежде всего обуславливать возникновение дислексии. Вместе с тем психологический конфликт и аффективные нарушения могут усугублять проявление нарушений чтения.

У детей с задержкой психического развития разного патогенеза, как правило, при обучении чтению наблюдаются дислексии.

Так, Ингрэм устанавливает корреляции между нарушениями чтения и задержкой развития. Автор отличает у детей с дислексиями отставание речевого развития не менее чем на два года, по сравнению с нормальными детьми. У дислексиков в процессе речевого развития наблюдается позднее появления звуков речи, замедленный темп развития экспрессивной речи. В процессе чтения дети с большим трудом соотносят звуки речи (замедленный) с письменными символами (буквами), смешивают графически сходные буквы, переставляют звуки при чтении слогов и слов.

В.А.Ковников и Ю.Г.Демьянов, исследуя детей с задержкой психического развития, отмечают также у них комплекс речевых нарушений, в том числе и нарушений чтения, а также трудности соотношения звука с буквой, трудности восприятия и воспроизведения букв, затруднения в формировании функции фонематического анализа и синтеза. В процессе чтения дети ошибочно прочитывали сложные по структуре слоги и слова, путали сходные по начертанию буквы.

Разнообразные нарушения чтения у таких детей, по мнению авторов, обусловлены не столько расстройствами устной речи, сколько недостаточностью ряда психических функций: внимания, памяти, зрительного гнозиса, существенных и симультанных процессов.

При дислексии часто отмечаются различные аффективные нарушения. Выделения аффективных нарушений в качестве этнопатогенетических факторов является недостаточно обоснованным, так как чаще всего аффективные нарушения – следствие, а не причина дислексии. В тех случаях, когда неуспеваемость чтения происходит по причине негативных реакций ребенка, педагогической запущенности, трудности поведения, ошибки чтения не будут специфическими, повторяющимися, стойкими, характерными для дислексии. Таким образом настоящее время существуют различные точки зрения на происхождение дислексии. Это говорит прежде всего о том, насколько сложна проблема механизмов дислексии.

Нарушение речи многообразны. Они имеют различное выражение и зависят от причины и структуры дефекта. Существуют несколько подходов к анализу

речевых нарушений и соответственно, несколько классификаций их проявления. Речевые нарушения, проявляющиеся в несформированности языковых средств (фонетики, лексики и грамматики), можно условно разделить на три большие группы.

Первая группа – фонетические нарушения речи. Они выражаются как в дефектах произношения отдельных звуков, так и их групп без других сопутствующих проявлений. Сущность фонетических нарушений заключается в том, что у ребенка под влиянием различных причин складывается и закрепляется искаженное артикулирование отдельных звуков, которое влияет лишь на чистоту речи и не мешает нормальному развитию других ее компонентов.

Вторая группа – фонематические нарушения. Они выражаются в том, что ребенок не только дефектно произносит те или иные звуки, но и недостаточно их различает, не улавливает акустической и артикуляционной разницы между оппозиционными звуками. Это приводит к тому, что дети недостаточно четко овладевают звуковым составом слова и делают специфические ошибки при чтении и письме.

Наряду с недостатками произношения звуков у некоторых детей встречаются и нарушения произношения слоговой структуры слова: пропуски слогов, добавления, перестановки.

Для правильного протекания звукового анализа необходимо умения представить звуковой состав слова в целом, а затем, анализируя его выделить звуки, сохраняя их последовательность и количество в слове. Звуковой анализ, как подчеркивает Д.Б.Эльконин, есть не что иное как овладение определенной учебной

операцией, умственным действием «по установлению последовательности звуков в слове».

Между нарушениями устной речи, письма и чтения существует тесная связь и взаимообусловленность. Несформированность представлений о звуковом составе слова приводит не только к специфическим нарушениям письма, но и к своеобразным нарушениям чтения. К числу наиболее специфических ошибок чтения можно отнести замену одних букв другими. В основном заменяются буквы, соответствующие звуки которых либо совсем не произносятся, либо произносятся неправильно. Иногда заменяются и буквы, которые обозначают и правильно произносимые звуки. Наряду с буквами заменяются целые слоги. Чтение детей с фонематическими недоразвитием характеризуется также замедленным темпом, так как они часто застревают на чтении отдельных букв, отдельных частей слова или целого слова, чтобы правильно соотнести букву с соответствующим звуком или осмыслить читаемы.

Третья группа – общее недоразвитие речи. Оно выражается в том, что нарушение распространяется как на звуковую, так и смысловую сторону речи. Общее недоразвитие речи у детей имеет разное выражение – от полного отсутствия речи до легких форм речи с элементами фонетического и лексико-грамматического недоразвития.

Несмотря на то, что большинства учащихся 2-3 классов наблюдаются лишь отдельные недочеты в произношении звуков, общая внятность речи у них низкая. Нередко они недоговаривают окончания, предлоги, нечетко произносят некоторые

согласные звуки. Характеризуя словарный запас учащихся 2-3 классов, следует отметить не только его ограниченность, но и недостаточную сформированность понимания значений слов. Причем именно эта особенность, являющаяся одной из самых типичных для рассматриваемой группы детей, лежит в основе многочисленных ошибок употребления слов. Ограниченность и неполноценность лексических средств наглядно проявляется при выполнении заданий связанных со словоизменением и словообразованием. Дети допускают большое количество ошибок в употреблении суффиксов, приставок, окончаний. Р.Е.Левина, изучавшая недостатки письма у детей с общим недоразвитием речи, указывает, что грамотное написание, очевидно, определяется не только знанием правила. Оно готовится еще задолго до его прохождения опытом устного общения и обобщениями возникающими в этом опыте. У детей с недоразвитой речью опыт речевого общения слишком беден, а нечеткое различие многих фонем еще более затрудняет образование тех обобщений, которые подготовливают ребенка к грамотному письму. Чтение у детей данного уровня речевого недоразвития в основном является неверным, побуквенным, угадывающим, с частей заменой одного слова другим. У них наблюдаются те же затруднения в технике чтения, которые отмечаются и у учащихся с фонематическим недоразвитием. Имеются ошибки, обусловленные недостаточным развитием лексико-грамматических средств языка.

Для того чтобы во время чтения возникла правильная смысловая догадка, правильное узнавание образа

слова, необходимо знать не только звуковой, но и морфологический его состав. Если морфологический образ недостаточно точен, то в процессе чтения наблюдается обилие специфических ошибок, связанных с тем, что при смыслами возникшей у ребенка догадки с графическими начертанием слова не происходит опоры на морфологическое восприятие слова. Такие ошибки весьма устройчивы и встречаются нередко и после того, как первоначальные затруднения в овладении техникой чтения дети уже преодолели. Наблюдается у детей с общим недоразвитием речи и недостаточно полное понимание прочитанного.

Фонетико-фонематические, лексические и грамматические трудности, отмеченные у детей, наслаиваясь и дополняя дру друга, приводят к значительным нарушениям чтения.

Своевременное выявление речевых недостатков детей поможет ему определить, в какой помощи они нуждаются, где и как оказать им эту помощь наиболее эффективно.

Дети с фонематическим недоразвитием должны стать объектом коррекционной работы учителя в первую очередь, поскольку они нередко испытывают трудности в обучении письму и чтению.

При характеристики нарушений речи у младших школьников было показано, что дефекты звукопроизношения и нарушения процессов фонемообразования могут в ряде случаев выступать на фоне других нарушений.

При обследовании словарного запаса следует специально проверить как активный словарь ребенка, так и пассивный. Словарь детей, имеющих общее

недоразвитие речи, состоит в основном из слов, имеющих конкретное значение, и в гораздо меньшей степени из слов, обозначающих общие и отвлеченные понятия, действия, качества. Затруднения и ошибки в чтении обязательно сравнивают и сопоставляют с затруднениями и ошибками в письменной и устной речи. Это помогает выяснить, чем обусловлены нарушения чтения: различной ли степенью общего недоразвития речи или затруднениями в развитии фонетической стороны речи и несформированностью фонематических процессов или лишь фонематическим недоразвитием, и на этой основе правильно выбрать пути соответствующего коррекционного воздействия.

Недостатки устной и письменной речи наблюдается не только у детей с первично нормальным интеллектом, слухом и зрением, но и у умственно отсталых детей, а также у детей с задержкой психического развития.

Методика устранения каждого вида дислексии представляет собой систему методов, направленных на преодоление основного дефекта, на создание определенной функциональной системы. Использование каждого метода определяется основной целью и его местом в общей системе работы.

**(продолжение в следующем номере)**



**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Ұлағат” - екі айда бір рет шығатын республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым.**

**Құрылтайшы және шығарушы: “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.**

**Жауапты редакторы – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың тамыз айының 25-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №6552-Ж Куәлігі берілген.**

Басуға 24.02.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 594.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75821.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы, Гайдар көшесі, 123-үй.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және бөлімдер: 256-06-46. Факс: 256-13-41.

Электрондық пошта: [KazUlagat@mail.ru](mailto:KazUlagat@mail.ru)

**Басылатын жері – «Алматы – Болашақ» акционерлік қоғамы**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ  
И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА  
С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ  
“ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” ЖӘНЕ “ҰЛАҒАТ”**